Marchant T.R., Smyth N.F. (1996). Soliton interaction for the extended Korteweg-de Vries equation. IMA Journal of Applied Mathematics. – Vol. 56 (2). – P. 157-176. https://doi.org/10.1093/imamat/56.2.157 (in Eng.).

Rozmej P., Karczewska A. (2023). Soliton, periodic and superposition solutions to nonlocal (2+1)-dimensional, extended KdV equation derived from the ideal fluid model. Nonlinear Dynamics. – Vol. 111. – P. 18373-18389. https://doi.org/10.1007/s11071-023-08819-7 (in Eng.).

Sidorovas N., Tseluiko D., Choi W., Khusnutdinova K. (2025). Internal solitary and cnoidal waves of moderate amplitude in a two-layer fluid: the extended KdV equation approximation. Physica D: Nonlinear Phenomena. – Vol. 481. – P. 134723. https://doi.org/10.1016/j.physd.2025.134723 (in Eng.).

Wadati M. (1972). The exact solution of the modified Korteweg-de Vries equation. Journal of the Physical Society of Japan. – Vol. 32 (6). – P. 1681. https://doi.org/10.1143/JPSJ.32.1681 (in Eng.).

CC BY NC

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 101–122

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.465

UDC: 524.834
IRSTI: 29.05.45

©Ualikhanova U.A.*, Ussipkyzy T., Altayeva G.S., Razina O.V., 2026.
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
*E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com

CALCULATION OF THE SCREENED $f(T)$ GRAVITY MODEL

Ualikhanova Ulbossyn — PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2351-0658;
Ussipkyzy Torgyn — Master's student,.L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: torgyn.usypqyzy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-2076-3060;
Altayeva Gulsinay — Master, Senior Lecturer, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan,
E-mail: gulsinay.altayeva@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2611-7413;
Razina Olga — PhD, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: olvikraz@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4400-4789.

Abstract. This paper investigates a screened model of modified teleparallel gravity described by the function

$$\mathcal{F}(T) = T - 2\Lambda_{\star}\left[1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\right]$$

where T is the torsion scalar, T_s defines the characteristic transition scale, and $\Lambda_{\star}$ determines the amplitude of the late-time cosmological acceleration. The main feature of the model is the automatic suppression of the modifying term at large $|T|$. In the high-torsion regime, the correction decreases as T^{-2}, and the theory asymptotically approaches the teleparallel equivalent of General Relativity. At small $|T|$, the modifying term tends to the constant $-2\Lambda_{\star}$, reproducing the effect of a positive cosmological constant.

For a spatially flat FLRW (Friedmann–Lemaître–Robertson–Walker) geometry, the modified Friedmann equation was derived, an expression for the effective energy density of the geometric sector was obtained, and the normalization condition $E(0) = 1$, where $E(z) = H(z)/H_0$, was imposed. Analytical expressions were also obtained for $E'(z)$, the effective equation-of-state parameter $w(z)$, the derivatives of

the function $f(T)$, and the effective gravitational constant G_{eff}. It was shown that the crossing of the phantom divide $w_X = -1$ on the monotonic cosmological branch is determined by the condition $u = 5/4$.

A numerical analysis was performed for $\tau = 0.30,\ 0.70$, and 1.20. The expansion function, the relative deviation of $H(z)$ from the ΛCDM model, the evolution of $w_X(z)$, the ratio G_{eff}/G, and the combination $f\sigma_8(z)$ were investigated. It was found that the model preserves a background dynamics close to that of the ΛCDM model and satisfies the condition $\mathscr{F}_T > 0$ over the interval $0 \le z \le 5$. However, the present-day value $G_{eff}/G \simeq 1.29 - 1.38$ indicates a significant enhancement of the gravitational interaction. Therefore, the minimal version of the model successfully realizes high-torsion screening but is likely to face strong constraints from observations of the growth of large-scale structure.

Keywords: torsion, teleparallel gravity, dark energy, dark matter, accelerated expansion

Funding: *This work was supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP26101851).*

For citations: *Ualikhanova U.A., Ussipkyzy T., Altayeva G.S., Razina O.V. Calculation of the Screened f(T) Gravity Model. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 101–122. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.465*

©Уалиханова У.А.*, Үсіпқызы Т., Алтаева Г.С., Разина О.В., 2026.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
*E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com

ЭКРАНДАЛҒАН $f(T)$– ГРАВИТАЦИЯ МОДЕЛІНІҢ ЕСЕБІ

Уалиханова Улбосын — PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2351-0658;
Үсіпқызы Торғын — магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: torgyn.usypqyzy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-2076-3060;
Алтаева Гульсинай — магистр, аға оқытушы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан,
E-mail: gulsinay.altayeva@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2611-7413;
Разина Ольга — PhD, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: olvikraz@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4400-4789.

Аннотация. Бұл жұмыста функция арқылы сипатталатын модификацияланған телепараллельді гравитацияның экрандалған моделі зерттеледі.

$$\mathcal{F}(\mathrm{T}) = \mathrm{T} - 2\Lambda_{\star}\left[1 - \exp\left(-\frac{\mathrm{T}_s^2}{\mathrm{T}^2}\right)\right]$$

мұндағы T— бұралу скаляры, T_s өтудің сипаттамалық масштабын анықтайды, ал $\Lambda_{\star}$ кеш ғаламдық (космологиялық) үдеудің амплитудасын сипаттайды. Модельдің негізгі ерекшелігі — $|T|$үлкен мәндерінде модификациялаушы бөліктің автоматты түрде басылуы. Жоғары бұралу режимінде түзету мүшесі T^{-2} заңы бойынша кемиді, нәтижесінде теория асимптоталық түрде жалпы салыстырмалылық теориясының телепараллельді эквивалентіне жақындайды. Ал $|T|$кіші мәндерінде модификациялаушы бөлік тұрақты $-2\Lambda_{\star}$ мәніне ұмтылып, оң космологиялық тұрақтының әсерін қайта жаңғыртады.

Кеңістіктік жазық FLRW (Фридман–Леметр–Робертсон–Уокер) геометриясы үшін модификацияланған Фридман теңдеуі қорытылып шығарылды, геометриялық сектордың тиімді энергия тығыздығының өрнегі алынды және $E(0) = 1$ шарты бойынша нормалау жүргізілді, мұндағы $E(z) = H(z)/H_0$ онымен қатар, $E'(z)$, тиімді күй теңдеуінің параметрі $w(z)$, $f(T)$функциясының туындылары және тиімді гравитациялық тұрақты G_{eff} үшін аналитикалық өрнектер анықталды. Монотонды космологиялық тармақта $w_X = -1$ фантомдық шекарасының қиылысуы $u = 5/4$ шартымен нықталатыны көрсетілді.

Сандық талдау $\tau = 0.30,\ 0.70$ және 1.20 мәндері үшін жүргізілді. Кеңею функциясы, $H(z)$ шамасының ΛCDM моделінен салыстырмалы ауытқуы, $w_X(z)$параметрінің эволюциясы, G_{eff}/G қатынасы және $f\sigma_8(z)$ комбинациясы зерттелді. Зерттеу нәтижелері модельдің фондық динамикасының ΛCDM моделіне жақын екенін және $0 \le z \le 5$ аралығында $\mathcal{F}_T > 0$ шартын қанағаттандыратынын көрсетті. Алайда қазіргі кездегі $G_{eff}/G \simeq 1.29 - 1.38$ мәні гравитациялық өзара әрекеттесудің едәуір күшейетінін көрсетеді. Демек, модельдің минималды нұсқасы жоғары бұралу режиміндегі экрандалуды сәтті жүзеге асырғанымен, ірі ауқымды құрылымдардың өсуін бақылау деректері тарапынан қатаң шектеулерге ұшырауы ықтимал.

Түйін сөздер: бұралу, телепараллель гравитация, күңгірт энергия, күңгірт материя, үдемелі кеңею

©Уалиханова У.А.*, Усипкызы Т., Алтаева Г.С., Разина О.В., 2026.
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан.
*E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com

РАСЧЁТ ЭКРАНИРОВАННОЙ МОДЕЛИ $f(T)$– ГРАВИТАЦИИ

Уалиханова Улбосын — PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: ulbossyn.ualikhanova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2351-0658;

Усипкызы Торгын— магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: torgyn.usypqyzy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-2076-3060;
Алтаева Гульсинай — магистр, старший преподаватель, Кокшетауский университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан,
E-mail: gulsinay.altayeva@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2611-7413;
Разина Ольга — PhD, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: olvikraz@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4400-4789.

Аннотация. В данной работе исследуется экранированная модель модифицированной телепараллельной гравитации, задаваемая функцией

$$\mathcal{F}(\mathrm{T}) = \mathrm{T} - 2\Lambda_{\star}\left[1 - \exp\left(-\frac{\mathrm{T}_s^2}{\mathrm{T}^2}\right)\right]$$

где T — скаляр кручения, T_s определяет характерный масштаб перехода, а $\Lambda_{\star}$ задаёт амплитуду позднего космологического ускорения. Основная особенность модели состоит в автоматическом подавлении модифицирующей части при больших $|T|$. В высокоторсионном режиме поправка убывает как T^{-2}, и теория асимптотически приближается к телепараллельному эквиваленту общей теории относительности. При малых $|T|$модифицирующая часть стремится к постоянной $2\Lambda_{\star}$, воспроизводя эффект положительной космологической постоянной.

Для пространственно плоской FLRW (Фридман–Леметр–Робертсон–Уокер) геометрии выведено модифицированное уравнение Фридмана, получено выражение для эффективной плотности геометрического сектора и выполнена нормировка по условию $E(0) = 1$, где $E(z) = H(z)/H_0$. Также получены аналитические выражения для $E'(z)$, эффективного параметра состояния $w(z)$, производных функции $f(T)$ и эффективной гравитационной постоянной G_{eff}. Показано, что пересечение фантомной границы $w_X = -1$ на монотонной космологической ветви определяется условием $u = 5/4$.

Численный анализ проведён для $\tau = 0.30,\ 0.70$ и 1.20. Исследованы функция расширения, относительное отклонение $H(z)$ от ΛCDM, эволюция $w_X(z)$, отношение $G_{eff}\ /\ G$ и комбинация $f\sigma_8(z)$. Показано, что модель сохраняет близкую к ΛCDM фоновую динамику и удовлетворяет условию $\mathcal{F}_T > 0$ на интервале $0 \le z \le 5$. Однако современное значение $G_{eff}\ /\ G \simeq 1.29 - 1.38$ указывает на существенное усиление гравитационного взаимодействия. Следовательно, минимальная версия модели успешно реализует высокоторсионное экранирование, но, вероятно, испытывает сильные ограничения со стороны наблюдений роста крупномасштабной структуры.

Ключевые слова: кручение, телепараллельная гравитация, темная энергия, темная материя, ускоренное расширение

Кіріспе. Қазіргі космологияда Әлемнің ірі ауқымды эволюциясы стандартты ΛCDM моделі аясында жоғары дәлдікпен сипатталады. Бұл модельде Әлемнің

кейінгі кезеңдегі үдемелі кеңеюі оң таңбалы космологиялық тұрақты Λ арқылы түсіндіріледі, ал галактикалар мен ірі ауқымды құрылымдардың түзілуі негізінен суық күңгірт материямен анықталады (Møller, 1961). Бақылау деректерінің кең ауқымымен сәтті үйлескеніне қарамастан, ΛCDM моделі бірнеше іргелі мәселелерді әлі де ашық қалдырады (Aldrovandi and Pereira, 2012; Maluf, 2013). Күңгірт энергия мен күңгірт материяның физикалық табиғаты әлі күнге дейін анықталған жоқ, ал бақыланатын космологиялық тұрақтының шамасының кванттық өріс теориясына тән сипаттамалық масштабтармен салыстырғанда аса кіші болуы дәл күйге келтіру мәселесіне алып келеді (Cho, 1976; Hayashi, 1977).

Бұдан бөлек, балама космологиялық сценарийлерді зерттеуге әртүрлі космологиялық өлшеулер арасындағы сәйкессіздіктер де түрткі болады. Атап айтқанда, мұндай айырмашылықтар Әлемнің қазіргі кеңею жылдамдығын және ірі ауқымды құрылымдардың өсу амплитудасын бағалау нәтижелерінде байқалады (Li et al., 2011).

Ғаламның үдемелі кеңеюін түсіндірудің ықтимал тәсілдерінің бірі — космологиялық масштабтардағы гравитациялық өзара әрекеттесуді модификациялау болып табылады (Sotiriou et al., 2010). Бұл жағдайда бақыланатын үдемелі кеңею жеке күңгірт энергия компонентінің салдары ретінде емес, жалпы салыстырмалылық теориясындағы гравитациялық динамиканың ауытқуының көрінісі ретінде қарастырылады (Li et al., 2011). Осындай бағыттардың ішінде телепараллель гравитация теориялары ерекше қызығушылық тудырады. Жалпы салыстырмалылық теориясының телепараллель эквивалентінде гравитация кеңістік-уақыттың қисықтығымен емес, тетрадалық өрістен туындайтын бұралу арқылы сипатталады (Sotiriou et al., 2010; Ong et al., 2013). Негізгі геометриялық шама ретінде бұралу скаляры T алынады, ал T-ге сызықты тәуелді Лагранжиан Эйнштейн теңдеулеріне эквивалентті динамикаға алып келеді (Faraoni and Capozziello, 2011).

Телепараллель эквиваленттің табиғи жалпылауы болып бұралу скалярының сызықты функциясы жалпырақ сызықтық емес тәуелділікпен алмастырылатын $f(T)$-гравитация табылады (Chen et al., 2015; Krššák and Saridakis, 2016). Мұндай тәсілдің маңызды артықшылықтарының бірі – өріс теңдеулерінің туындылар бойынша әдетте екінші ретті болып сақталуы, ал қисықтыққа негізделген көптеген модификацияларда жоғары ретті теңдеулердің пайда болуы (Krssak, 2017). Бұл космологиялық шешімдерді аналитикалық және сандық зерттеуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, $f(T)$функциясын еркін таңдау физикалық тұрғыдан жарамды теорияны қамтамасыз етпейді (Myrzakulov, 2011). Нақты модель ғалам эволюциясының кеш кезеңдерінде үдемелі кеңеюді қамтамасыз етуі, ерте Ғаламда жалпы салыстырмалылық теориясына жуықтауы, тиімді гравитациялық байланыстың оң мәнін сақтауы және заттық тығыздықтың ауытқуларының бақыланатын өсуіне қайшы келмеуі тиіс (Wu and Yu, 2010).

Алдыңғы зерттеулерде кеш Әлемнің прогрессивті кеңеюін сипаттауға бағытталған экспоненциалды және ΛCDM модельдеріне жақын космологиялық эволюцияны қайталайтын әртүрлі $f(T)$ модельдер қарастырылды. Сондықтан,

бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы тек экспоненциалды функционалдық тәуелділікті пайдалануда ғана емес. Негізгі назар қарастырылып отырған минималды модельдегі жоғары спинді режимде модификациялаушы бөлікті автоматты түрде басу механизмін аналитикалық зерттеуге және оның тиімді гравитациялық байланысқа және ірі масштабты құрылымдардың сызықтық өсуіне әсерін фондық космологиямен бірге бір мезгілде талдауға бағытталған.

Осы жұмыста «космологиялық экрандау» терминінақты жоғары бұралу шегімен байланысты қолданылады. Атап айтқанда, T артқан кезде модификациялаушы $F(T)$ бөлігі және оның бұралу скаляры бойынша туындылары нөлге ұмтылып, толық $f(T)$ функциясы асимптоталық түрде жалпы салыстырмалылық теориясының телепараллельді эквивалентіне жақындайды. Демек, ерте Ғаламға тән жоғары энергетикалық немесе жоғары бұралу режимінде модификацияланған гравитация әсері басылып, стандартты гравитациялық динамика қалпына келеді. Төмен бұралу режимінде, керісінше, модификациялаушы бөлік тұрақты шамаға ұмтылып, оң космологиялық тұрақтыға ұқсас әсер тудырады.

Осыған байланысты жұмыстың мақсаты қарастырылатын экрандалған $f(T)$ -модельдің тек фондық кеңею тарихын анықтау емес, оның әртүрлі космологиялық деңгейлердегі мінез-құлқын өзара байланысты түрде бағалау болып табылады. Атап айтқанда, модификацияланған Фридман динамикасы, тиімді күй теңдеуінің параметрі, тиімді гравитациялық тұрақты G_{eff} және материя тығыздығы ауытқуларының сызықтық өсуі бір модель шеңберінде зерттеледі. Зерттеудің маңызды мәселелерінің бірі — жоғары бұралу режиміндегі сәтті экрандау мен Λ CDM-ге сапалық тұрғыдан ұқсас фондық эволюцияның қазіргі дәуірдегі тиімді гравитациялық байланыстың қолайлы мәнін автоматты түрде қамтамасыз ете ме, жоқ па деген сұрақты тексеру.

Мақалада келтірілген есептеулер мен физикалық тұжырымдарды қадағалауды жеңілдету үшін, төмендегі 1-кестеде негізгі шартты белгілер мен олардың сипаттамалары жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 1. Негізгі шартты белгілер мен олардың сипаттамалары.

Шартты белгі	Атауы	Сипаттамасы
$\mathcal{F}(T)$	Толық гравитациялық функция	Телепараллельдік гравитацияның толық лагранждық функциясы; $\mathcal{F}(T) = T + f(T)$.
$f(T)$	Модификациялаушы бөлік	Жалпысалыстырмалылықтың телепараллельдік эквивалентіне енгізілетін сызықтық емес түзету.
T	Бұралу скаляры	Телепараллельдік геометриядағы негізгі скалярлық шама. Жазық FLRW кеңістігінде $T = -6H^2$.
T_s	Өтудің сипаттамалық масштабы	Модификацияланған және стандарты гравитациялық режимдер арасындағы өтудің бұралу масштабы.
Λ_*	Кеш дәуірлік үдеудің амплитудасы	Космологиялық тұрақтыға ұқсас әсер туғызатын және Ғаламның кеш үдемелі кеңеюін анықтайтын параметр.
H	Хаббл параметрі	Ғаламның кеңею жылдамдығын сипаттайды.
H_0	Қазіргі Хаббл параметрі	Қызыл ығысу $z = 0$ кезіндегі Хаббл параметрініңмәні.

CC BY NC

Шартты белгі	Атауы	Сипаттамасы
$E(z)$	Өлшемсіз кеңею функциясы	$E(z) = H(z)/H_0$; космологиялық кеңею тарихын өлшемсіз түрде сипаттайды.
z	Қызылығысу	Космологиялық уақытты және бақылау дәуірін сипаттайтын айнымалы.
a	Масштабтық фактор	Ғаламның салыстырмалы өлшемін сипаттайды; әдетте қазіргі дәуірде $a = 1$.
N	e -қатпарлар саны	$N = \ln a$; өсу теңдеуін жазуға қолданылатын уақыттық айнымалы.
τ	Өлшемсіз өтпелі параметр	$\tau = T_s/6H_0^2$ модификацияның космологиялық масштабын сипаттайды.
u	Көмекші өлшемсіз айнымалы	$u = \frac{T_s^2}{T^2} = \tau^2/E^4$; модель өрнектерін ықшамдауға қолданылады.
$S(u)$	Көмекші функция	$S(u) = 1 + (4u - 1)e^{-u}$; Тиімді геометриялық сектордың тығыздығын және Фридман теңдеуін ықшам түрде өрнектейді.
k^2	Гравитациялық байланыс тұрақтысы	$k^2 = 8\pi G$ түрінде анықталатын гравитациялық байланыс коэффициенті.
G	Ньютонның гравитациялық тұрақтысы	Стандартты гравитациялық өзара әрекеттесудің негізгі тұрақтысы.
G_{eff}	Тиімді гравитациялық тұрақты	Материя тығыздығының сызықтық ауытқуларының өсуіне әсер ететін модификацияланған гравитациялық байланыс.
$\mu(z)$	Тиімді гравитация қатынасы	$\mu(z) = G_{\text{eff}}/G \approx 1/F_T$; гравитациялық әрекеттесудің стандартты мәннен ауытқуын сипаттайды.
$\mathcal{F}_T$	$\mathcal{F}(T)$ функциясының бірінші туындысы	$\mathcal{F}_T = d\mathcal{F}/dT$; тиімді гравитациялық байланыстың таңбасы мен шамасын анықтайды. Тиімді гравитациялық байланыстың оң таңбасын қамтамасыз ететін қажетті шарт: $\mathcal{F}_T > 0$.
$\mathcal{F}_{TT}$	$\mathcal{F}(T)$функциясының екінші туындысы	$\mathcal{F}_{TT} = d^2F/dT^2$; модельдің динамикалық қасиеттері мен тұрақтылығын талдауда қолданылады.
f_T	$f(T)$ функциясының бірінші туындысы	$f_T = df/dT$; модификациялаушы бөліктің бұралу скаляры бойынша өзгерісін сипаттайды.
f_{TT}	$f(T)$ функциясының екінші туындысы	$f_{TT} = d^2f/dT^2$; модификацияның қисықтығын және жоғары ретті өзгерісін сипаттайды.
ρ	Материяның толықтығыздығы	Фридман теңдеуіне кіретін материалдық компоненттердің энергия тығыздығы.
ρ_X	Тиімдігеометриялық сектор тығыздығы	$f(T)$ модификациясын антуындайтын тиімді энергия тығыздығы.
Ω_{m0}	Материяның қазіргі салыстырмалы тығыздығы	Қазіргі дәуірдегі материя тығыздығының критикалық тығыздық қақатынасы.
Ω_{r0}	Сәулеленудің қазіргі салыстырмалы тығыздығы	Қазіргід әуірдегі сәулелену тығыздығының критикалық тығыздық қақатынасы.
Ω_{X0}	Тиімді сектордың қазіргі үлесі	$\Omega_{X0} = 1 - \Omega_{m0} - \Omega_{r0}$; қазіргі геометриялық немесе қараңғы энергия тәрізді сектордың үлесі.

Шартты белгі	Атауы	Сипаттамасы
$w_X(z)$	Тиімді күй теңдеуінің параметрі	Тиімді модификацияланған сектор қысымының оның тығыздығына қатынасын сипаттайды; $w_X = -1$ — фантомдық шекара.
$D(z)$	Сызықтық өсуфункциясы	Материя тығыздығы ауытқуларының уақыт бойынша сызықтық өсуін сипаттайды.
$f(z)$	Өсу қарқыны	$f = d\ln D/d\ln a$; құрылымдардың қалыптасу жылдамдығын сипаттайды.
$\sigma_8(0)$	Қазіргі флуктуациялар амплитудасы	$8h^{-1}$ Мпк масштабындағы материя тығыздығы флуктуацияларының қазіргі орташа квадраттық амплитудасы.
$f\sigma_8(z)$	Өсу бойынша бақылаулық комбинация	$f\sigma_8(z) = f(z)\sigma_8(0)D(z)/D(0)$; қызыл ығысудағы кеңістік бұрмаланулары арқылы өлшенетін шама.
q_0	Қазіргі баяулау параметрі	Ғалам кеңеюінің қазіргі үдеуі немесе баяулауын сипаттайды; $q_0 < 0$ үдемелі кеңеюге сәйкес келеді.
z_{tr}	Өтпелі қызыл ығысу	Ғаламның баяулаған кеңеюден үдемелі кеңеюге өткен кезеңін сипаттайтын қызыл ығысу.
ΔH	Хаббл функциясының салыстырмалы ауытқуы	Модельдегі $H(z)$ мәнінің ΛCDM моделіндегі Хаббл функциясынан салыстырмалы айырмасы.
ΛCDM	Стандартты космологиялық модель	Космологиялық тұрақты Λ мен суық қараңғы материяға негізделген эталондық модель.
FLRW	Фридман–Леметр–Робертсон–Уокер геометриясы	Біртекті және изотропты Ғаламды сипаттайтын космологиялық кеңістік-уақыт геометриясы.

Материалдар мен әдістер. Осы жұмыста толық гравитациялық функциямен анықталатын экрандалған модель қарастырылады (Setare and Mohammadipour, 2013; Jamil et al., 2012a; Mirza and Oboudiat, 2017; Jamil et al., 2012b; Feng et al., 2014):

$$\mathcal{F}(\mathrm{T}) = \mathrm{T} + f(T) \qquad (1)$$

мұндағы

$$f(T) = -2\Lambda_{\star}\left[1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\right] \qquad (2)$$

$\mathrm{T}_s > 0$ параметрі модификацияланған режим мен стандартты режим арасындағы өтудің сипаттамалық масштабын анықтайды, ал $\Lambda_{\star} > 0$параметрі Ғаламның кеш кезеңдеріндегі космологиялық үдеудің амплитудасын сипаттайды. Ұсынылған функцияның негізгі ерекшелігі оның $|T|$ кіші және үлкен мәндеріндегі мінез-құлқының әртүрлі болуында. Ғалам эволюциясының кеш кезеңдеріне сәйкес келетін төмен бұралу режимінде модификациялаушы бөлік тұрақты шамаға ұмтылады:

$$f(T) \to -2\Lambda_{\star}. \qquad (3)$$

CC BY NC

Сондықтан ол оң космологиялық тұрақтының әсерін қайта жаңғыртады. Ерте Ғаламға тән жоғары бұралу режимінде түзету мүшесі T^{-2} заңымен кемиді, ал оның туындылары нөлге ұмтылады. Осылайша, модификацияның әсері автоматты түрде басылып, теория асимптоталық түрде жалпы салыстырмалылық теориясының телепараллель эквивалентіне жақындайды.

Осы жұмыста бұл қасиет космологиялық экрандау механизмі ретінде қарастырылады. Экрандау критерийі жоғары бұралу режимінде $|T| \to \infty$ кезінде модификациялаушы $f(T)$ бөлігінің және оның бірінші және екінші туындыларының нөлге ұмтылуымен анықталады. Нәтижесінде толық гравитациялық функция телепараллельді жалпы салыстырмалылық шегіне асимптоталық түрде жақындайды және модификацияның фондық динамикаға әсері басылады. Бұл анықтама қарастырылып отырған модельдің жоғары бұралу режиміндегі фондық экрандалуын сипаттайды және өздігінен космологиялық ауытқулардың толық тұрақтылығын дәлелдемейді.

Жалпы салыстырмалылық теориясынан ауытқулар барлық энергетикалық масштабтарда сақталатын модельдерден айырмашылығы, қарастырылып отырған құрылым бұл ауытқуларды негізінен Ғалам эволюциясының кеш кезеңімен шектейді. Бұл әсіресе маңызды, өйткені стандартты космология алғашқы нуклеосинтезді, рекомбинацияны және бастапқы біртексіздіктердің қалыптасуын сәтті сипаттайды. Сондықтан өміршең модификацияланған теория ерте Ғаламдағы динамиканы іс жүзінде өзгертпеуі, сонымен қатар кіші қызыл ығысулар аймағында елеулі әсер тудыруы тиіс.

Жұмыстың негізгі мақсаты - қарастырылып отырған экрандалған $f(T)$ моделінің фондық эволюциясын, тиімді геометриялық сектор динамикасын және зат тығыздығының ауытқуларының сызықтық өсуін аналитикалық және сандық зерттеу, сондай-ақ қазіргі дәуірдегі тиімді гравитациялық байланыс және құрылымның өсуі деңгейінде жоғары бұралу тербелістері режимінде экрандаудың сақталу дәрежесін бағалау. Осы мақсатта $f(T)$ функциясының бірінші және екінші туындылары есептеледі, модификацияланған Фридман теңдеуі шығарылады және геометриялық сектордың тиімді энергия тығыздығы анықталады. Бұдан кейін өлшемсіз кеңею функциясы енгізілген соң

$$E(z) = \frac{H(z)}{H_0} \qquad (4)$$

және параметрдің

$$\tau = \frac{T_s}{6H_0^2} \qquad (5)$$

нәтижесінде сандық шешуге жарамды нормаланған теңдеу алынады. Сонымен қатар, баяулау параметрі мен тиімді күй теңдеуінің параметрін есептеу үшін қажетті $E'(z)$ функциясының аналитикалық өрнегі шығарылады.

Ерекше назар тиімді одификацияланған секторды сипаттайтын $w_X(z)$ шамасына аударылады. Оның эволюциясын талдау $w_X = -1$фантомдық шекарасы арқылы өтудің мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан кем емес маңызды шама – тиімді гравитациялық тұрақты.

$$G_{eff} = \frac{G}{\mathcal{F}_T} \qquad (6)$$

ол тығыздық ауытқуларының өсуіне тікелей әсер етеді. Хабблдың фондық функциясы ΛCDM моделіне жақын болып қалғанның өзінде, G_{eff} шамасының -ден едәуір ауытқуы бақыланатын $f\sigma_8(z)$ шамасында елеулі өзгерістерге алып келуі мүмкін. Сондықтан модельдің космологиялық қасиеттерін бағалау үшін тек фондық кеңеюді талдау жеткіліксіз; тиімді гравитациялық байланысты және материя тығыздығы ауытқуларының өсуін де қарастыру қажет.

Сандық зерттеу зат пен сәулеленудің қазіргі үлестері тұрақты деп алынып, τ параметрінің бірнеше мәні үшін жүргізіледі. Кеңею функциясы $E(z)$, Хаббл параметрінің ΛCDM моделінен салыстырмалы ауытқуы, тиімді күй теңдеуінің параметрі $w_X(z)$, G_{eff}/G қатынасы және $f\sigma_8(z)$комбинациясы өзара салыстырылады. Сонымен қатар, келесі шарттың орындалуы тексеріледі:

$$\mathcal{F}_T > 0 \qquad (7)$$

тиімді гравитациялық байланыстың оң мәнін сақтау үшін қажетті. Мұндай тәсіл модельді бір мезгілде фондық космология, тиімді күңгірт энергияның динамикасы және ауқымды құрылымның сызықтық өсуі деңгейінде бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, төменде қарастырылатын $f_T > 0$ шарты мен G_{eff}-тің сипаты модельдің фондық және квазистатикалық сызықтық режимдегі қажетті диагностикалық шарттарын сипаттайтынын атап өткен жөн. Бұл шарттардың орындалуы теорияның барлық космологиялық ауытқулар деңгейіндегі толық тұрақтылығының жеткілікті шарты болып табылмайды. Скалярлық, векторлық және тензорлық ауытқулардың тұрақтылығы, сондай-ақ модификацияланған телепараллель гравитацияға тән қосымша еркіндік дәрежелерінің мінез-құлқы жеке зерттеуді қажет етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар. *Экрандалған f(T) модель*. Толық гравитациялық функция келесі түрде ұсынылады:

$$\mathcal{F}(T) = T - 2\Lambda_\star\left[1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\right] \qquad (8)$$

мұндағы $T_s > 0$ — бұралудың сипаттамалық масштабы, ал $\Lambda_\star > 0$ Ғаламның кеш кезеңдеріндегі космологиялық үдеудің амплитудасын анықтайды.

Ыңғайлы болу үшін келесі белгілеуді енгіземіз:

$$f(T) = -2\Lambda_\star\left[1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\right],$$

$$\mathcal{F}(T) = T + f(T). \qquad (9)$$

$|T| \ll T_s$ болғанда экспоненциалдық көбейткіш нөлге ұмтылады, сондықтан

$$f(T) \to -2\Lambda_\star. \qquad (10)$$

Осылайша, инфрақызыл режимде теория асимптоталық түрде оң космологиялық тұрақтының әсерін қайта жаңғыртады.

$|T| \gg T_s$ болған жағдайда келесі жіктеуді қолданамыз:

$$1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right) = \frac{T_s^2}{T^2} - \frac{T_s^4}{2T^4} + \mathcal{O}\left(\frac{T_s^6}{T^6}\right). \qquad (11)$$

осыдан

$$f(T) = -2\Lambda_\star\frac{T_s^2}{T^2} + \Lambda_\star\frac{T_s^4}{T^4} + \mathcal{O}\left(\Lambda_\star\frac{T_s^6}{T^6}\right) \qquad (12)$$

және

$$\frac{f(T)}{T} = \mathcal{O}\left(\Lambda_\star\frac{T_s^2}{T^3}\right). \qquad (13)$$

Функцияның бірінші туындысы.

Келесі белгілеуді енгізейік:

$$u(T) = \frac{T_s^2}{T^2}. \qquad (14)$$

сонда

$$f(T) = -2\Lambda_\star(1 - e^{-u}),$$

$$\frac{du}{dT} = -\frac{2T_s^2}{T^3}. \qquad (15)$$

олай болса

$$f_T = \frac{4\Lambda_\star T_s^2}{T^3}\exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right) \qquad (16)$$

және

$$\mathcal{F}_T = 1 + \frac{4\Lambda_* T_s^2}{T^3}\exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right). \qquad (17)$$

Функцияның екінші туындысы.
(3.3) өрнегін дифференциалдау арқылы келесі нәтижені аламыз:

$$f_{TT} = \frac{4\Lambda_* T_s^2}{T^4}\exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\left(-3 + \frac{2T_s^2}{T^2}\right). \qquad (18)$$

$T \to 0$кезінде де, $|T| \to \infty$ кезінде де модификациялаушы бөліктің туындылары нөлге ұмтылады:

$$f_T \to 0, \qquad f_{TT} \to 0. \qquad (19)$$

Демек, толық функция үшін

$$\mathcal{F}_T = 1 + f_T \to 1, \qquad \mathcal{F}_{TT} = f_{TT} \to 0. \qquad (20)$$

Модификацияланған Фридман теңдеуі.
Кеңістіктік жазық FLRW-геометриясында

$$T = -6H^2. \qquad (21)$$

Бірінші Фридман теңдеуі келесі түрде жазылады:

$$12H^2\mathcal{F}_T + \mathcal{F} = 2\kappa^2\rho, \qquad (22)$$

немесе

$$3H^2 = \kappa^2\rho + \frac{1}{2}(2Tf_T - f). \qquad (23)$$

Модификацияланған сектордың тиімді энергия тығыздығы:

$$\rho_X = \frac{1}{2\kappa^2}(2Tf_T - f). \qquad (24)$$

Орнына қойып есептегеннен кейін келесі өрнек алынады:

$$\rho_X(T) = \frac{\Lambda_*}{\kappa^2}[1 + (4u - 1)e^{-u}],$$

$$u = \frac{T_s^2}{T^2}. \qquad (25)$$

Келесі белгілеуді енгізейік:

$$S(u) = 1 + (4u - 1)e^{-u}. \quad (26)$$

сонда

$$\rho_X = \frac{\Lambda_*}{\kappa^2} S(u). \quad (27)$$

Өлшемсіз айнымалылар және нормаландыру.
Келесі белгілеулерді енгізейік:

$$E(z) = \frac{H(z)}{H_0}, \qquad \tau = \frac{T_s}{6H_0^2}. \quad (28)$$

сонда

$$u(z) = \frac{\tau^2}{E^4(z)}. \quad (29)$$

Тиімді сектордың қазіргі үлесі мынаған тең:

$$\Omega_{X0} = 1 - \Omega_{m0} - \Omega_{r0}. \quad (30)$$

$E(0) = 1$ шартынан келесі өрнек шығады:

$$\frac{\Lambda_*}{3H_0^2} = \frac{\Omega_{X0}}{S(\tau^2)}. \quad (31)$$

осылайша,

$$E^2(z) = \Omega_{m0}(1+z)^3 + \Omega_{r0}$$

$$(1+z)^4 + \Omega_{X0}\frac{S(\tau^2/E^4)}{S(\tau^2)}. \quad (32)$$

S_u функциясының туындысы:

$$S_u = (5 - 4u)e^{-u}, \quad (33)$$

Ал

$$\frac{du}{dE} = -\frac{4u}{E}. \quad (34)$$

(6.5) теңдеуін дифференциалдағаннан кейін келесі өрнек алынады:

$$E'(z) = \frac{3\Omega_{m0}(1+z)^2 + 4\Omega_{r0}(1+z)^3}{2E + \frac{4\Omega_{X0}u(5-4u)e^{-u}}{S(\tau^2)E}}. \qquad (35)$$

Тиімді күй теңдеуі.
Тиімді сектордың сақталу заңы:

$$\dot{\rho}_X + 3H(1+w_X)\rho_X = 0. \qquad (36)$$

Олай болса,

$$w_X(z) = -1 + \frac{1+z}{3\rho_X}\frac{d\rho_X}{dz}. \qquad (37)$$

Себебі

$$\frac{du}{dz} = -\frac{4u}{E}E', \qquad (38)$$

келесі өрнекті аламыз:

$$w_X(z) = -1 - \frac{4(1+z)u(5-4u)e^{-u}}{3S(u)}\frac{E'}{E}. \qquad (39)$$

Қарастырылып отырған кеңею тармағында, мұнда $u > 0$, $S(u) \neq 0$ және $E'(z) \neq 0$, фантомдық шекараның $w_X = -1$ арқылы өтуі

$$5 - 4u = 0, \qquad (40)$$

шартымен анықталады, яғни

$$u_{cross} = \frac{5}{4}, \qquad E^4_{cross} = \frac{4}{5}\tau^2. \qquad (41)$$

$u(z) = \tau^2/E^4(z)$ шамасы қызыл ығысу артқан сайын кемитіндіктен, бақыланатын өткен дәуірде фантомдық шекарадан өту тек $u(0) = \tau^2 > 5/4$ болған жағдайда ғана мүмкін. Сондықтан таңдалған параметр мәндерінің ішінде бұл тек $\tau = 1.20$ кезінде ғана байқалады; ал $\tau = 0.30$ және 0.70 үшін тиімді сектор $z \geq 0$ аймағында фантомдық жақта, яғни $w_X < -1$ күйінде қалады.

Тиімді гравитациялық тұрақты.
Квазистатикалық жуықтауда

$$\mu(z) = \frac{G_{eff}}{G} \simeq \frac{1}{\mathcal{F}_T}. \qquad (42)$$

CC BY NC

Нормаландыруды ескерсек,

$$\mathcal{F}_T(E) = 1 - \frac{2\Omega_{X0}\tau^2}{S(\tau^2)E^6}\exp\left(-\frac{\tau^2}{E^4}\right). \quad (43)$$

Сондықтан

$$\frac{G_{eff}}{G} = \left[1 - \frac{2\Omega_{X0}\tau^2}{S(\tau^2)E^6}\exp\left(-\frac{\tau^2}{E^4}\right)\right]^{-1}. \quad (44)$$

Қажетті шарт:

$$\mathcal{F}_T > 0. \quad (45)$$

Материя тығыздығының ауытқуларының өсуі.
$N = ln\, a$ үшін сызықтық өсу функциясы келесі теңдеуді қанағаттандырады:

$$\frac{d^2D}{dN^2} + \left(2 + \frac{dlnH}{dN}\right)\frac{dD}{dN} -$$
$$-\frac{3}{2}\mu(a)\Omega_m(a)D = 0. \quad (46)$$

Осы жерде

$$\Omega_m(a) = \frac{\Omega_{m0}a^{-3}}{E^2(a)}, \quad (47)$$

$$f(a) = \frac{dlnD}{dlna}, \quad (48)$$

және

$$f\sigma_8(z) = f(z)\sigma_{8,0}\frac{D(z)}{D(0)}. \quad (49)$$

Сандық эксперимент.

Фондық космологиялық динамика мен материя тығыздығы ауытқуларының сызықтық өсуін сандық зерттеу Python бағдарламалау ортасында жүргізілді. Дифференциалдық теңдеулер жүйесін интегралдау үшін *scipy.integrate.solve_ivp* функциясы және адаптивті Runge-Kutta RK45 әдісі қолданылды. Есептеулер $0 \leq z \leq 5$ қызыл ығысу аралығында орындалды. Фондық динамика үшін әрбір τ мәнінде нормаланған Фридман теңдеуі сандық түрде шешілді. Қазіргі дәуірдегі нормалау *E(0)=1* шарты арқылы жүзеге асырылды. Сандық есептеулерде пайдаланылған қазіргі космологиялық параметрлердің мәндері төмендегі өрнекте берілген:

$$\Omega_{m0} = 0.30, \qquad \Omega_{r0} = 9 \times 10^{-5},$$

$$\Omega_{X0} = 0.69991, \qquad \sigma_{8,0} = 0.811. \qquad (50)$$


Бұл параметрлер кеңістіктік жазық ФРЛУ геометриясы үшін $\Omega_{m0}+\Omega_{r0}+\Omega_{X0}=1$ шартын қанағаттандырады. Сандық есептеулерде τ = 0,30, 0,70 және 1,20 мәндері параметр кеңістігін толық статистикалық сканерлеу ретінде емес, τ функциясы ретінде модельдің сапалық сипатын көрсету үшін үш репрезентативті жағдай ретінде таңдалды. Бұл мәндер өтпелі параметрдің салыстырмалы түрде кіші, орташа және үлкен диапазондарын салыстыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, төменде келтірілген нәтижелер бақылаулар рұқсат еткен τ параметрінің толық диапазонын анықтамайды және таңдалған мәндерді статистикалық тұрғыдан сенімді аралық ретінде түсіндіруге болмайды. Олардың мақсаты - фондық кеңеюдің сезімталдығын, күйдің тиімді теңдеуін G_{eff}/G және құрылымдардың параметрге сызықтық өсуін көрсету.

Кесте 2. Экрандалған модельдің сандық сипаттамалары.

τ	q_0	w_{X0}	$G_{eff,0}/G$	$f\sigma_8(0)$	z_{tr}	$min\mathcal{F}_T$	$max\lvert\Delta H\rvert$
0.30	-0.8032	-1.2413	1.3839	0.4600	0.6982	0.7226	10.99%
0.70	-0.7505	-1.1912	1.3598	0.4588	0.7277	0.7354	9.80%
1.20	-0.4572	-0.9118	1.2894	0.4556	0.8314	0.7755	7.09%


Үш жағдайдың барлығында да $0 \le z \le 5$ аралығында $\mathcal{F}_T > 0$ шарты орындалады. Алайда $G_{eff,0}/G \simeq 1.29 - 1.38$ мәні бірліктен айтарлықтай ерекшеленеді, сондықтан минималды модельге ірі ауқымды құрылымдардың өсуін бақылау деректері тарапынан қатаң шектеулер қойылуы ықтимал.

Графикалық нәтижелер.




Сурет 1. Өлшемсіз кеңею функциясы $\mathbf{E(z)}$.

1-суретте барлық шешімдер $E(0) = 1$ шарты бойынша нормаланған. $z \gtrsim 2$ кезінде қисықтар ΛCDM моделі мендерлік сәйкес келеді, өйткені $u = \tau^2/E^4$ шамасы кішірейіп, модификациялаушы бөлік жылдам басылады. Аралық қызыл ығысуларда модель $H(z)$ параметрінің сәл төмен мәндерін береді; бұл айырмашылық әсіресе τ кіші мәндерінде айқынырақ байқалады.




Сурет 2. Хаббл функциясының ΛCDM моделінен салыстырмалы ауытқуы.

2-суретте $100[\frac{H}{H_{\Lambda CDM}} - 1]$ шамасы пайызбен көрсетілген. Нормаландыруға сәйкес ауытқу $z = 0$ кезінде нөлге тең, кейін теріс мәнге ауысып, шамамен $z \simeq 0.7 - 1.0$ маңында минимумға жетеді. Ауытқудың ең үлкен абсолют мәндері $\tau = 0.30$, 0.70 және 1.20 үшін сәйкесінше шамамен 11.0%, 9.8% және 7.1%-ды құрайды. z үлкен мәндерінде қисықтар қайтадан нөлге жақындайды, бұл жоғары қисықтықтағы экрандалу механизмін айқын көрсетеді. z-тің кіші мәндерінде $\tau = 1.20$ үшін байқалатын шағын оң аймақ қазіргі кездегі $w_{X0} > -1$ болатын фантомдық емес күй теңдеуі параметрімен байланысты.




Сурет 3. Тиімді күй теңдеуінің параметрі $w_X(z)$. Қисықтардың төменгі бөлігітік осьтің таңдалған диапазонына байланысты кесілген.

3-суретте көлденең сызық космологиялық тұрақтыға сәйкес келеді, яғни $w_X = -1$. $\tau = 0.30$ және 0.70 үшін қазіргі мәндер осы сызықтан төмен орналасқан және $z \geq 0$ аймағында қиылысу болмайды. Ал $\tau = 1.20$ кезінде қазіргі уақытта $w_{X0} > -1$, содан кейін қисық $u = 5/4$шарты орындалғанда фантомдық шекараны кесіп өтеді. Үлкен қызыл ығысуларда $\rho_X \propto S(u)$, сондықтан $(d\rho_X/dz)/\rho_X$ арқылы анықталатын w_Xшамасысандық және физикалық тұрғыдан маңыздылығы төмендейді. Қисықтардың суреттегі төменгі шекарадан төмен түсуі фондық энергия тығыздығының шексіздікке ұмтылатынын білдірмейді. Материя үстемді кететін дәуірде формальды шек шамамен $w_X \to -3$ болады.



Сурет 4. G_{eff}/G қатынасының эволюциясы.


4-суретте кеш кезеңдегі тиімді гравитациялық өзара әсердің күшеюі көрсетілген. Қазіргі уақытта $G_{eff}/G \simeq 1.29 - 1.38$, ал $z \gtrsim 2$ кезінде бұл қатынас іс жүзінде бірге тең болады. Бұл үлкен $|T|$мәндерінде $\mathcal{F}_T$ шегіне сәйкес келеді, алайда қазіргі дәуірдегі мұндай елеулі ауытқу құрылымдардың өсуі жөніндегі бақылау деректерімен қатаң шектелуі мүмкін.



Сурет 5. $f\sigma_8(z)$ комбинациясының болжамы.

CC BY NC

5-суретте барлық үш қисық та $z \simeq 0.4 - 0.5$ маңында қалыпты максимумға жетіп, кейін төмендейді. τ параметрінің әртүрлі мәндері арасындағы айырмашылықтар үлкен емес, себебі G_{eff}-тің күшеюі кеңею тарихының өзгеруімен ішінара өтеледі. $z = 0$ кезіндегі мәндер 2-кестедегі нәтижелермен сәйкес келеді. Модельді толық тексеру үшін бұл қисықтарды қызыл ығысудан туындайтын бұрмаланулардың (redshift-space distortions) бақылау өлшемдерімен салыстыру қажет.



Сурет 6. Үлкен $|T|$ мәндерінде модификациялаушы бөліктің басылуы.

6-суретте нормаланған $|f(T)|/(2\Lambda_*) = 1 - \exp[-(T_s^2/T^2)]$ шамасы көрсетілген. $|T| \ll T_s$ кезінде бұл шама бірге ұмтылады, яғни түзету космологиялық тұрақты сияқты әрекет етеді. Ал $|T| \gg T_s$ болғанда $|f|/(2\Lambda_*) \simeq (T_s/T)^2$, сондықтан логарифмдік осьтерде көлбеуі -2-ге тең дәрежелік кему байқалады. Қисықтың ең оң жақ шетіндегі сатылы көрініс физикалық әсердің салдары емес, өте кіші $\mathbf{x}$ мәндерінде $1 - e^{-x}$ айырмасын тікелей есептеу кезінде машиналық дәлдіктің жоғалуынан туындайды.

Қорытынды. Бұл жұмыста толық функциямен анықталатын экрандалған $f(T)$-гравитация моделі зерттелді:

$$\mathcal{F}(T) = T - 2\Lambda_* \left[1 - \exp\left(-\frac{T_s^2}{T^2}\right)\right]$$

Модельдің негізгі идеясы кеш кезеңдегі модификацияланған режим мен ерте кезеңдегі іс жүзінде стандартты режимді ажыратуға негізделген. $|T|$-нің кіші мәндерінде модификациялаушы бөлік $-2\Lambda_*$ тұрақтысына ұмтылады, соның нәтижесінде оң космологиялық тұрақтының әсері пайда болып, Ғаламның үдемелі кеңеюі қамтамасыз етіледі. Ал $|T|$-нің үлкен мәндерінде түзету T^{-2} заңы бойынша кемиді, ал оның туындылары нөлге ұмтылады. Демек, жоғары бұралу

режимінде теория асимптоталық түрде жалпы салыстырмалылық теориясының телепараллель эквивалентіне жақындайды.

Аналитикалық зерттеу барысында f_T және f_{TT} туындылары, модификацияланған сектордың тиімді энергия тығыздығы, нормаланған Фридман теңдеуі және $E'(z)$ туындысының өрнегі алынды. Функцияны енгізу арқылы

$$S(u) = 1 + (4u - 1)e^{-u}, \qquad u = \frac{\tau^2}{E^4}$$

$S(u)$ функциясын енгізу фондық динамиканы ықшам түрде сипаттауға және $E(0) = 1$ шарты бойынша нормалауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ $w_X(z)$тиімді күй теңдеуінің параметрі шығарылды. Монотонды кеңейетін космологиялық тармақ үшін фантомдық шекарадан өту келесі шартпен анықталады:

$$u = \frac{5}{4}$$

Сандық нәтижелер көрсеткендей, мұндай шекарадан өту бақыланатын өткен дәуірде таңдалған τ параметрінің барлық мәндері үшін жүзеге аспайды. $\tau = 0.30$ және $\tau = 0.70$ кезінде тиімді сектор қазіргі дәуірдің өзінде-ақ фантомдық режимде орналасады, ал $\tau = 1.20$ болғанда $w_X = -1$ арқылы өту қызыл ығысудың аз ғана оң мәнінде мүмкін болады.

$E(z)$ кеңею функциясының графигі модельдің фондық динамикасының ΛCDM моделіне жеткілікті дәрежеде жақын екенін көрсетеді. Барлық қисықтар $z = 0$ нүктесінде сәйкес келеді, өйткені олар $E(0) = 1$ шарты бойынша нормаланған, ал қызыл ығысудың үлкен мәндерінде олардың айырмашылығы біртіндеп азаяды. Бұл аналитикалық тұрғыдан күтілетін нәтижеге сәйкес келеді: $|T|$ артқан сайын экспоненциалдық модификация басылып, эволюция стандартты модельге жақындайды.Сонымен қатар, Хаббл функциясының салыстырмалы ауытқуы бірнеше пайызға жетіп, аралық қызыл ығысуларда айқын минимумға ие болады. Қарастырылған параметрлер үшін ең үлкен ауытқу шамамен 7−11%-ды құрайды. Сондықтан бұл модельді фондық космологияның бақылау деректері арқылы тексеруге болады.

$w_X(z)$ графигі тиімді күй теңдеуі параметрінің айқын динамикасын көрсетеді. Қызыл ығысу артқан сайын қисықтар таңдалған диапазонның төменгі шекарасынан төмен түседі. Бұл шешімнің сандық тұрғыдан жойылғанын білдірмейді: үлкен (z) мәндерінде тиімді сектордың энергия тығыздығы тез азаяды, ал энергия тығыздығының туындысының оның өзіне қатынасы арқылы анықталатын w_X параметрі өте кіші шамаларға сезімтал болады. Сондықтан оның үлкен теріс мәндері міндетті түрде физикалық тұрғыдан басым фантомдық компоненттің бар екенін білдірмейді, өйткені осы кезеңде ρ_X-тің толық энергия тығыздығына қосатын үлесі елеусіз аз болады.

CC BY NC

Модельге ең маңызды шектеу тиімді гравитациялық тұрақтыны қарастыру кезінде пайда болады. Зерттелген барлық жағдайларда

$$\mathcal{F}(T) > 0$$

шарты орындалады, сондықтан гравитациялық байланыстың таңбасы өзгермейді. Алайда қазіргі кездегі G_{eff}/G қатынасы шамамен (1.29-1.38) аралығында болады. Бұл жалпы салыстырмалылық теориясымен салыстырғанда гравитациялық өзара әсердің шамамен үштен бірге күшейетінін білдіреді. Қызыл ығысу артқан сайын бұл қатынас тез арада бірге ұмтылады, бұл жоғары бұралу режиміндегі экрандалу механизмін растайды, бірақ қазіргі дәуірдегі ауытқу әлі де айтарлықтай үлкен болып қалады.

G_{eff}-тің өзгеруі материя тығыздығының ауытқуларының өсуіне және $f\sigma_8(z)$ шамасына тікелей әсер етеді. Тіпті ΛCDM моделіне жақын фондық динамика да ірі ауқымды құрылымдардың деректерімен сәйкестікті қамтамасыз етпейді. Алынған қисықтар өсу қарқынының τ параметріне тәуелді екенін көрсетеді, әрі айырмашылықтар кіші және аралық қызыл ығысу мәндерінде айқынырақ байқалады. Сондықтан жылдамдық кеңістігіндегі қызыл ығысу бұрмаланулары, әлсіз гравитациялық линзалау және галактикалардың кластерленуі туралы деректер модельге тек Хаббл функциясын өлшеуге қарағанда анағұрлым қатаң шектеулер қоюы мүмкін.

Осылайша, ұсынылған модель үлкен $|T|$ мәндерінде модификацияны басу механизмін сәтті жүзеге асырады және кеш кезеңдегі үдемелі кеңеюді сипаттайды. Оның фондық космологиясы өзара үйлесімді болып табылады, ал зерттелген аралықта $\mathcal{F}_T$ оң болу шарты орындалады. Сонымен қатар, модельдің минималды нұсқасы қазіргі дәуірде тиімді гравитациялық байланыстың шамадан тыс күшеюін болжайды, сондықтан ол құрылымдардың өсуін бақылау деректерімен белгілі бір қайшылыққа түсуі мүмкін.

Перспективалы даму бағыты — экспоненциалдық аргументті жалпылау болып табылады:

$$\mathcal{F}(T) = T - 2\Lambda_* \left[1 - \exp\left(-\left|\frac{T_s}{T}\right|^p\right)\right], \qquad p > 0.$$

Қосымша p параметрі модификацияланған және стандартты режимдер арасындағы ауысу жылдамдығын реттеуге мүмкіндік береді және қазіргі кездегі G_{eff}-тің -ден ауытқуын азайта алады. Модельдің өміршеңдігін түпкілікті бағалау үшін Ia типті асқын жаңа жұлдыздар, бариондық акустикалық тербелістер, ғарыштық хронометрлер, реликтік сәулелену және $f\sigma_8$ өлшемдері бойынша алынған деректерді бірлескен статистикалық талдау, сондай-ақ космологиялық ауытқулардың тұрақтылығын жеке зерттеу қажет.

References

Aldrovandi R., Pereira J.G. (2013). Teleparallel gravity: an introduction. Springer Dordrecht. – Vol. 173. https://doi.org/10.1007/978-94-007-5143-9 (in Eng).

Chen P. et al. (2015). Remnant symmetry, propagation, and evolution in f (T) gravity. Physical Review D. – Vol. 91. – No. 6. – P. 064003. https://doi.org/10.1103/PhysRevD.91.064003 (in Eng).

Cho Y. M. (1976). Einstein lagrangian as the translational Yang-Mills lagrangian. Physical Review D. – Vol. 14. – P. 2521. (in Eng).

Faraoni V., Capozziello S. (2011). Beyond Einstein gravity: a survey of gravitational theories for cosmology and astrophysics. Springer Netherlands. – Vol. 22. https://link.springer.com/book/10.1007/978-94-007-0165-6 (in Eng).

Feng C.J., Li X.Z., Liu L.Y. (2014). Bifurcation and global dynamical behavior of the f (T) theory. Modern Physics Letters A. – Vol. 29. – No. 07. – P. 1450033. https://doi.org/10.1142/S0217732314500333 (in Eng).

Hayashi K. (1977). The gauge theory of the translation group and underlying geometry. Physics Letters B. – Vol. 69. – No. 4. – P. 441-444. (in Eng).

Jamil M. et al. (2012). Phase space analysis of interacting dark energy in f (T) cosmology. Central European Journal of Physics. – Vol. 10. – No. 5. – P. 1065-1071. https://doi.org/10.2478/s11534-012-0103-2 (in Eng).

Jamil M., Momeni D., Myrzakulov R. (2012). Attractor solutions in f (T) cosmology. The European Physical Journal C. – Vol. 72. – No. 3. – P. 1959. https://doi.org/10.1140/epjc/s10052-012-1959-4 (in Eng).

Krssak M. (2017). Variational problem and bigravity nature of modified teleparallel theories. arXiv preprint arXiv:1705.01072. https://doi.org/10.48550/arXiv.1705.01072 (in Eng).

Krššák M., Saridakis E. N. (2016). The covariant formulation of f (T) gravity. Classical and Quantum Gravity. – Vol. 33. – No. 11. – P. 115009. https://doi.org/10.1088/0264-9381/33/11/115009 (in Eng).

Li B., Sotiriou T.P., Barrow J.D. (2011). f (T) gravity and local Lorentz invariance. Physical Review D. – Vol. 83. – P. 064035. https://doi.org/10.1103/PhysRevD.83.064035 (in Eng).

Li M., Miao R.X., Miao Y.G. (2011). Degrees of freedom of f (T) gravity. Journal of High Energy Physics. – Vol. 2011. – No. 7. – P. 1-15. https://doi.org/10.1007/JHEP07%282011%29108 (in Eng).

Maluf J.W. (2013). The teleparallel equivalent of general relativity. Annalen der Physik. – Vol. 525. – №. 5. – P. 339-357. https://doi.org/10.1002/andp.201200272 (in Eng).

Mirza B., Oboudiat F. (2017). Constraining f (T) gravity by dynamical system analysis. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2017. – No. 11. – P. 011-011. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2017/11/011 (in Eng).

Møller C. (1961). Conservation laws and absolute parallelism in general relativity. Nordita Publ. – Vol. 64. – P. 50. (in Eng).

Myrzakulov R. (2011). Accelerating universe from F (T) gravity. The European Physical Journal C. – Vol. 71. – No. 9. – P. 1752. https://doi.org/10.1140/epjc/s10052-011-1752-9 (in Eng).

Ong Y.C. et al. (2013). Problems with propagation and time evolution in f (T) gravity. Physical Review D. – Vol. 88. – No. 2. – P. 024019. https://doi.org/10.1103/PhysRevD.88.024019 (in Eng).

Setare M. R., Mohammadipour N. (2013). Can f (T) gravity theories mimic ΛCDM cosmic history. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2013. – No. 01. – P. 015-015. https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1475-7516/2013/01/015 (in Eng).

Sotiriou T.P., Li B., Barrow J.D. (2010). Generalizations of teleparallel gravity and local Lorentz symmetry. Physical Review D. – Vol. 83. – P. 104030. https://doi.org/10.1103/PhysRevD.83.104030 (in Eng).

Wu P., Yu H. W. (2010). The dynamical behavior of f (T) theory. Phys. Lett. B. – Vol. 692. – No. arXiv: 1007.2348. – P. 176-179. https://doi.org/10.1016/j.physletb.2010.07.038 (in Eng).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 123–145

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.466

UDC: 524.8
IRSTI: 41.03.01

©Zhadyranova A.A.[1]*, Tsyba P.Yu.[1], Ismail U.K.[2], Yerzhan B.[3], 2026.
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;
[2]JSC "Park of Nuclear Technologies", Kurchatov, Kazakhstan;
[3]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

DIVERGENCE-FREE DECELERATION PARAMETER, KINEMATIC CONSTRAINTS FROM DESI DR2 AND COSMIC CHRONOMETERS

Zhadyranova Aliya — PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438;
Tsyba Pyotr — PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: pyotrtsyba@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-4928-0392;
Ismail Umit — Junior researcher, JSC "Park of Nuclear Technologies", Kurchatov, Kazakhstan,
E-mail: umitismail848@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-4881-6244;
Yerzhan Bauyrzhan — PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: bauyr.phy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-5652-1039.

Abstract. Observations of recent decades – type Ia supernovae, baryon acoustic oscillations (BAO), and the cosmic microwave background – have firmly established that the Universe is currently expanding at an accelerating rate. The standard ΛCDM model describes these data successfully but leaves open fundamental questions about the nature and magnitude of the cosmological constant, motivating the study of alternative gravity theories, including $f(R,T)$, which introduces a direct coupling between matter and geometry. This work is motivated by DESI DR2 (2025), which provided high-precision BAO measurements. We adopt a divergence-free parametrization of the deceleration parameter within the $f(R,T) = R + 2\lambda T$ model and derive an analytical expression for the Hubble parameter. We constrain the model parameters using a Markov Chain Monte Carlo (MCMC) analysis of cosmic chronometer and DESI DR2 BAO data and compare the resulting kinematic model with ΛCDM using the Akaike and Bayesian information criteria. The data constrain the kinematics $\{H_0, q_0, q_1\}$. The $f(R,T)$ coupling constant λ is not determined directly by the observations and enters only in the interpretation of the energy conditions and the equation of state. The joint analysis yields $H_0 = 68.68 \pm 1.05$, $q_0 = -0.523 \pm 0.065$, $q_1 = 0.702 \pm 0.072$, with the transition to

acceleration at $z_t = 0.64$. Including DESI DR2 tightens the constraints by roughly a factor of six and establishes the present accelerated expansion $(q_0 < 0)$ at the 8σ level. Within the adopted q(z) parametrization, the data exclude a constant deceleration parameter $(q_1 = 0)$ and favor an evolving q(z), while showing no statistically significant departure from ΛCDM. For the illustrative positive λ values considered over $0 \leq z \leq 3$, the null and dominant energy conditions are satisfied, whereas the strong condition is violated at low redshifts, consistently with accelerated expansion. The results provide an efficient kinematic framework for testing dark-energy and modified-gravity scenarios with next-generation BAO data and can serve as a baseline for future analyses with Euclid, Roman, and DESI DR3.

Keywords: $f(R,T)$ gravity, divergence-free deceleration, DESI DR2, baryon acoustic oscillations, cosmic chronometers, MCMC, ΛCDM

Funding: *This work was supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP26194585).*

For citations: *Zhadyranova A.A., Tsyba P.Yu., Ismail U.K., Yerzhan B. Divergence-Free Deceleration Parameter, Kinematic Constraints from DESI DR2 and Cosmic Chronometers. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 123–145. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.466*

©Жадыранова А.А.[1]*, Цыба П.Ю.[1], Исмаил Ү.Қ.[2], Ержан Б.[3] 2026.
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
[2]«Ядролық технологиялар паркі» АҚ, Курчатов, Қазақстан;
[3]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

ДИВЕРГЕНЦИЯСЫЗ БӘСЕҢДЕУ ПАРАМЕТРІ, DESI DR2 ЖӘНЕ КОСМИКАЛЫҚ ХРОНОМЕТРЛЕР ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША КИНЕМАТИКАЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

Жадыранова Алия — PhD, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438;
Цыба Пётр — PhD, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: pyotrtsyba@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-4928-0392;
Исмаил Үміт — кіші ғылыми қызметкер, «Ядролық технологиялар паркі» АҚ, Курчатов, Қазақстан,
E-mail: umitismail848@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-4881-6244;
Ержан Бауыржан — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bauyr.phy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-5652-1039.

Аннотация. Соңғы онжылдықтардағы бақылаулар – Ia типті аса жаңа жұлдыздар, барион акустикалық тербелістер (BAO) және ғарыштық

CC BY NC

микротолқынды фон – Ғаламның қазіргі дәуірде үдей кеңейетінін сенімді түрде растады. Стандартты ΛCDM моделі бұл деректерді табысты сипаттағанымен, космологиялық тұрақтының табиғаты мен шамасына қатысты сұрақтарды ашық қалдырады, бұл материя мен геометрияның тікелей байланысын енгізетін f(R,T) сияқты баламалы гравитация теорияларын зерттеуге түрткі болады. Жұмыстың өзектілігі BAO-ның бұрын-соңды болмаған дәл өлшемдерін берген DESI-дің екінші деректер шығарылымымен (DR2, 2025) байланысты. $f(R,T) = R + 2\lambda T$ моделінде бәсеңдеу параметрінің дивергенциясыз параметрленуін қолданып, Хаббл параметрінің аналитикалық түрін алдық. Модель параметрлерін космостық хронометрлер мен DESI DR2 BAO деректерін пайдаланып, Марков тізбегі Монте-Карло (MCMC) әдісімен шектедік және алынған кинематикалық модельді ΛCDM моделімен Акаике және Байес ақпараттық критерийлері арқылы салыстырдық. Деректер кинематиканы $\{H_0, q_0, q_1\}$ шектейді. $f(R,T)$ моделінің байланыс тұрақтысы λ бақылаулармен тікелей анықталмайды және тек энергетикалық шарттар мен күй теңдеуін интерпретациялауға кіреді. Бірлескен талдау $H_0 = 68{,}68 \pm 1{,}05, q_0 = -0{,}523 \pm 0{,}065, q_1 = 0{,}702 \pm 0{,}072$ берді, ал үдеуге ауысу $z_t = 0{,}64$ кезінде жүреді. DESI DR2 қосылуы шектеулерді шамамен алты есе күшейтіп, қазіргі үдемелі кеңеюді $(q_0 < 0)$ 8σ деңгейінде бекітеді. Таңдалған q(z) параметрленуі аясында деректер бәсеңдеу параметрінің тұрақты мәнін $(q_1 = 0)$ жоққа шығарып, q(z)-тің эволюциясын қолдайды әрі модель ΛCDM-ден статистикалық маңызды ауытқу көрсетпейді. Қарастырылған оң λ мәндері үшін $0 \le z \le 3$ аралығында нөлдік және доминантты энергетикалық шарттар орындалады, ал күшті шарт төмен қызыл ығысуларда бұзылады, бұл үдемелі кеңеюмен үйлеседі. Алынған нәтижелер жаңа буын BAO деректері негізінде қараңғы энергия мен түрлендірілген гравитация сценарийлерін кинематикалық тұрғыдан сынаудың тиімді негізін ұсынады және болашақ Euclid, Roman, DESI DR3 талдаулары үшін тірек бола алады.

Түйін сөздер: $f(R,T)$ гравитациясы, дивергенциясыз бәсеңдеу, DESI DR2, барион акустикалық тербелістер, космикалық хронометрлер, MCMC, ΛCDM

©Жадыранова А.А.[1]*, Цыба П.Ю.[1], Исмаил Ү.Қ.[2], Ержан Б.[3] 2026.
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Астана, Казахстан;
[2]АО «Парк ядерных технологий», Курчатов, Казахстан;
[3]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.
*E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com

ДИВЕРГЕНТНО-СВОБОДНЫЙ ПАРАМЕТР ЗАМЕДЛЕНИЯ, КИНЕМАТИЧЕСКИЕ ОГРАНИЧЕНИЯ ПО ДАННЫМ DESI DR2 И КОСМИЧЕСКИХ ХРОНОМЕТРОВ

Жадыранова Алия — PhD, и.о. доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,

E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-1153-3438;
Цыба Пётр — PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан,
E-mail: pyotrtsyba@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-4928-0392;
Исмаил Үміт — младший научный сотрудник, АО «Парк ядерных технологий», Курчатов, Казахстан,
E-mail: umitismail848@gmail.com, https://orcid.org/0009-0003-4881-6244;
Ержан Бауыржан — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,
E-mail: bauyr.phy@gmail.com, https://orcid.org/0009-0008-5652-1039.

Аннотация. Наблюдения последних десятилетий – сверхновые типа Ia, барионные акустические осцилляции (BAO) и реликтовое излучение – надёжно установили ускоренное расширение Вселенной в современную эпоху. Стандартная модель ΛCDM успешно описывает эти данные, но оставляет открытыми вопросы о природе и величине космологической постоянной, что мотивирует изучение альтернативных теорий гравитации, включая f(R,T) с прямой связью материи и геометрии. Актуальность работы связана со вторым выпуском данных DESI (DR2, 2025), давшим беспрецедентно точные измерения BAO. Мы применяем дивергентно-свободную параметризацию параметра замедления в модели $f(R,T) = R + 2\lambda T$, получаем аналитическое выражение для параметра Хаббла. Параметры модели ограничены методом Монте-Карло с марковскими цепями (MCMC) с использованием данных космических хронометров и DESI DR2 BAO, а полученная кинематическая модель сопоставлена с ΛCDM с помощью информационных критериев Акаике, Байеса. Данные ограничивают лишь кинематику $\{H_0, q_0, q_1\}$. Константа связи λ ими напрямую не определяется и входит только в интерпретацию энергетических условий и уравнения состояния. Совместный анализ даёт $H_0 = 68{,}68 \pm 1{,}05$, $q_0 = -0{,}523 \pm 0{,}065$, $q_1 = 0{,}702 \pm 0{,}072$, переход к ускорению происходит при $z_t = 0{,}64$. Включение DESI DR2 усиливает ограничения примерно вшестеро и устанавливает современное ускоренное расширение $(q_0 < 0)$ на уровне 8σ. В рамках выбранной параметризации q(z) данные исключают постоянное значение параметра замедления $(q_1 = 0)$ и свидетельствуют в пользу эволюции q(z), не показывая при этом статистически значимого отклонения от ΛCDM. Для рассмотренных положительных значений λ в диапазоне $0 \leq z \leq 3$ нулевое и доминантное энергетические условия выполняются, тогда как сильное условие нарушается при низких красных смещениях, что согласуется с ускоренным расширением. Результаты предлагают эффективный кинематический подход к проверке сценариев тёмной энергии и модифицированной гравитации по данным нового поколения BAO и могут служить основой для будущих анализов Euclid, Roman, DESI DR3.

Ключевые слова: гравитация $f(R,T)$, дивергентно-свободное замедление, DESI DR2, барионные акустические осцилляции, космические хронометры, MCMC, ΛCDM

Кіріспе. Ia типті аса жаңа жұлдыздарды зерттеу Ғаламның кеңеюі баяуламай, қайта үдей түсіп жатқанын көрсетті (Riess et al., 1998; Perlmutter et al., 1999). Кейіннен ғарыштық микротолқынды фон мен ірі масштабты құрылымның деректері де осыны растады (Aghanim et al., 2020).

Ендігі басты мәселе – осы үдеудің физикалық себебін түсіну. Жалпы салыстырмалылық теориясында мұны көбіне теріс қысымы бар қараңғы энергиямен түсіндіреді. Ең танымал үлгі – әрине, ΛCDM моделі. Онда қараңғы энергия космологиялық тұрақты (Λ) түрінде енгізіледі және оның күй параметрі дәл -1-ге тең болады.

Модель шынымен көптеген бақылау нәтижелерін жақсы сипаттайды. Бірақ теориялық жағынан бірнеше үлкен сұрақ бар: неге космологиялық тұрақтының мәні соншалық кішкентай? Және неге дәл қазіргі кезеңде материя мен қараңғы энергияның тығыздықтары бір-біріне осыншама жақын болып қалды? Міне, осы баптау мәселесі ғалымдарды ΛCDM-нен тыс басқа теорияларды іздеуге мәжбүр етеді (Di Valentino et al., 2021; Perivolaropoulos and Skara, 2022). Кейбір зерттеушілер гравитацияның өзін өзгерту жолымен шешуге тырысады. Мысалы, f(R) гравитациясында скаляр қисықтықтың орнына оның еркін функциясы алынады. Бұл модель ерте инфляцияны да, бүгінгі үдеуді де сипаттай алады.

Тағы бір қызықты бағыт – f(R,T) теориясы (Harko et al., 2011). Мұнда гравитациялық лагранжиан материяның энергия-импульс тензорының ізіне (T) де байланысты болады. Геометрия мен материя тікелей әсерлеседі. Сондықтан тұтқырлық, диссипация сияқты құбылыстарды космологияға енгізу мүмкін болады. Бірақ мұндай модельдерде энергияның сақталу заңы бұзылуы мүмкін, сондықтан оларды өте мұқият тексеру қажет. f(R,T) теориясының ыңғайлы жері – ЖСТ-дан ауытқуды бір ғана функция арқылы басқаруға болады. Ал кейбір жағдайларда Ғаламның эволюциясы өте қызық сценарийлер береді: сингулярлықсыз секіру, фантомдық режим немесе кеш кезеңдегі үдеу (Bhattacharjee and Sahoo, 2020). Дегенмен параметрлерді таңдаумен шектеліп қалмау керек. Ең маңызы – модельдің болжамдарын нақты бақылаулармен салыстыру. Осы үшін Ғаламның кеңею динамикасын, әсіресе бәсеңдеу параметрін толығырақ сипаттаған жөн.

Зерттеудің негізгі мақсаты – $f(R,T) = R + 2\lambda T$ гравитациялық моделі үшін дивергенциясыз бәсеңдеу параметрін DESI DR2 BAO және космостық хронометрлер (CC) деректерімен шектеу. MCMC әдісі арқылы H_0, q_0 және q_1 параметрлерін бағалаймыз. CC және DESI деректерін бөлек, сондай-ақ біріктіріп талдаймыз. Модельдің сәйкестігін χ^2, AIC және BIC критерийлері бойынша бағалаймыз. Соңында алынған параметрлердің энергетикалық шарттарға сәйкестігін тексереміз.

Әдебиеттерге шолу. ЖСТ мен f(R,T) гравитациясының басты айырмашылығы материя секторын қарастырған кезде айқын байқалады. Стандартты Жалпы салыстырмалылық теориясында энергия–импульс тензорының сақталу заңы әрқашан орындалады. Ал f(R,T) теориясында лагранжианның T-ға (энергия–импульс тензорының ізіне) тәуелді болуы бұл заңды бұзуы мүмкін. Содан материя мен геометрия арасында қосымша энергия алмасуы туындайды,

ал сынақ бөлшектерінің қозғалысы да геодезиялық траекториядан ауытқуы ықтимал. Кейбір ғалымдар бұл құбылысты бөлшектердің пайда болуымен немесе термодинамикалық тұрғыдан ашық жүйедегі энергия алмасуымен түсіндіруге тырысады. Бірақ мұндай түсіндірмелердің бәрі бірдей жұмыс істемейді – бәрі нақты модельге байланысты. Сондықтан энергия–импульстің сақталмауын барлық f(R,T) модельдері үшін бірдей ереже ретінде қабылдау дұрыс емес. Осы жұмыста қарастырылатын $f(R,T) = R + 2\lambda T$ сызықтық моделі өріс теңдеулерін айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл жағдайда $f_R = 1$ және $f_T = 2\lambda$ тұрақты болғандықтан, f_R-дің туынды мүшелері пайда болмайды. Сонымен бірге материяның күйі (энергия тығыздығы мен қысымы) гравитациялық теңдеулерге тікелей әсер етеді. Қысым мен тығыздық өзгерген сайын T-мен байланысты түзетулер де өзгеріп отырады. f(R,T) теориясы космологиялық модельдерде, термодинамикалық процестерде және басқа да гравитациялық қолданбаларда кеңінен зерттеліп келеді (Jeakel et al., 2024).

Космологиялық тұрғыдан алғанда бұл мүше кеңею динамикасына қосымша үлес қосады және кейде эффективті қараңғы энергияға ұқсас әсер береді. Оның күші мен рөлі f(R,T) параметріне байланысты. Осының арқасында қараңғы энергияны міндетті түрде жеке экзотикалық компонент ретінде енгізбей-ақ, үдемелі кеңеюді материя мен геометрия арасындағы байланыс арқылы түсіндіруге болады. Әрине, нақты интерпретация параметрлер мен материя лагранжианының түріне байланысты өзгеріп отырады.

Космологиялық талдауда ең маңыздысы – Ғаламды қандай масштабта қарастырып отырғанымыз. Жеке галактикалар мен шоғырлар біртекті болмаса да, жеткілікті үлкен масштабтарда Ғаламды біртекті және изотропты фон ретінде қарастыруға болады. Бақылау деректері де осыны растайды. Сондықтан біз FLRW метрикасын қолданып, космологиялық материяны идеал сұйықтық түрінде қарастырамыз. Төмендегі барлық нәтижелер осы біртекті фонға қатысты, локалдық құрылымдар мен анизотропиялық эффектілер мұнда бөлек қарастырылмайды.

Ғаламның кеңею тарихын зерттегенде тек H(z) функциясын білу жеткіліксіз. Кеңею қашан баяулаудан үдеуге өткенін түсіну үшін бәсеңдеу параметрі q(z) өте қолайлы. Ерте дәуірде $q > 0$ болса, кеш кезеңде $q < 0$-ге ауысуы оның таңбасының өзгеруі арқылы бірден байқалады.

Алайда параметрлеудің нақты түрі өте маңызды. Кейбір формулалар төмен қызыл ығысуда (z) жақсы жұмыс істегенімен, болашаққа ($z \to -1$) жалғастырғанда сингулярлық немесе тұрақсыз мінез көрсетеді. Сондықтан дивергенциясыз және тұрақты форма таңдау – бұл тек математикалық ыңғайлылық емес, параметрлеуді кеңірек қызыл ығысу диапазонында қолдануға деген қажеттілік. Бұған дейін ұқсас кинематикалық параметрлеуді скаляр өрісті қараңғы энергия модельдерінде қолданған (Mamon and Das, 2016). Біздің жағдайда мәселе басқаша: таңдалған параметрлеуді f(R,T) гравитациясымен біріктіріп, 2025 жылғы DESI DR2 BAO өлшемдері және космостық хронометрлердің H(z) деректерімен шектеу қойылған (Moresco et al., 2022).

Мұндай тәсілдің ең басты артықшылығы – қараңғы энергияның нақты қандай

бөлшектен немесе өрістен тұратынын алдын ала шешудің қажеті жоқ. Кеңею тарихы H(z), q(z) және jerk параметрі j(z) арқылы тікелей сипатталады. Сондықтан бір бақылау жиынтығын әртүрлі гравитациялық модельдермен салыстыруға мүмкіндік көп.

Бірақ бұл еркіндік өз тәуекелін де ала келеді. Алынған нәтиже көбіне таңдалған параметрлеу формасына тәуелді болады. Әсіресе деректер аз болатын аймаққа экстраполяция жасағанда бұл тәуелділік айқын сезіледі. Осы себептен дивергенциясыз параметрлеу формасын таңдау маңызды. Ол болашақтағы мінез-құлықты автоматты түрде физикалық дұрыс етпесе де, кем дегенде параметрлеудің өзінен туатын жасанды мәселелерді азайтады.

Бұл әдісті әйгілі Чевалье–Полярски–Линдер (CPL) параметрлеуімен салыстырғанда айырмашылық бірден көзге түседі. CPL қараңғы энергияның күй теңдеуін $w_0 w_a$ арқылы тікелей параметрлейді. Ал біздің тәсіл кеңеюдің кинематикасынан бастайды: алдымен Ғалам қалай кеңейетінін сипаттаймыз, содан кейін ғана бұл динамиканың нақты гравитациялық модельмен үйлесімділігін тексереміз.

Артықшылығы – қараңғы энергияның микрофизикалық табиғаты туралы қатаң болжам жасаудың қажеті жоқ. Бірақ шектеуі де бар: кинематикалық сәйкестіктің өзі қандай механизм үдеуді тудырып жатқанын анықтай алмайды. Бірдей H(z) немесе q(z) мінезі мүлдем әртүрлі теориялық модельдерден шығуы мүмкін.

Бақылау жағына келсек, жағдай жылдам өзгеріп жатыр. DESI жобасының 2025 жылғы DR2 деректер шығарылымы BAO өлшемдерінің сапасы мен статистикалық күшін едәуір арттырды (Abdul-Karim et al., 2025). Бірнеше талдауларда DESI деректерін басқа бақылаулармен бірге қарағанда уақыт бойынша өзгеретін қараңғы энергияға меңзейтін ауытқулар байқалғаны айтылды (Adame et al., 2025; DESI Collaboration, 2025).

Дегенмен бұны ΛCDM-нің толық құлауы деп қабылдауға әлі ерте. Нәтиженің маңызы таңдалған деректер жиынтығы мен модельге тікелей байланысты. Сондықтан жаңа BAO өлшемдерін басқа H(z) деректерімен бірге пайдаланып, f(R,T) сияқты балама гравитациялық модельдердің параметрлерін қайта шектеу қазір өте өзекті мәселе болып тұр.

DESI-дің 2024 жылғы алғашқы нәтижелері мен 2025 жылы жарияланған DR2 деректері қараңғы энергия тақырыбын қайтадан жандандырды. BAO өлшемдерін CMB және Ia типті аса жаңа жұлдыздардың бақылауларымен біріктіргенде, w_0w_aCDM моделі стандартты ΛCDM-ге қарағанда 2.8–4.2σ деңгейінде артық көрінеді. Бұл қараңғы энергия уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін екенін меңзейді.

Дегенмен бұл нәтижені интерпретациялауда бірнеше шектеу бар. Статистикалық маңыздылық қай аса жаңа жұлдыздар каталогы қолданылғанына тікелей байланысты. Жүйелік қателіктер мәселесі де әлі толық шешілген жоқ. Сондықтан бұл нәтижені түпкілікті қорытынды деп емес, қосымша тексеруді қажет ететін маңызды сигнал ретінде қабылдаған дұрыс.

Космологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі – H_0 кернеуі. Planck және CMB деректерінен алынатын $H_0 \approx 67–68$ км/с/Мпк жергілікті бақылаулардағы ≈73

км/с/Мпк мәнінен шамамен 5σ айырмашылықта тұр. Бұл айырмашылықтың нақты себебі әлі белгісіз: стандартты ΛCDM моделінің жеткіліксіздігінен де, байқалмай қалған жүйелік қателіктерден де болуы мүмкін. Осыған байланысты модификацияланған гравитация және динамикалық қараңғы энергия модельдері барған сайын көбірек қарастырылуда. Жаңа BAO деректері бұл баламаларды тағы да сынауға мүмкіндік береді.

Ғаламның кеңею тарихын бір ғана түрдегі бақылаумен толық қалпына келтіру мүмкін емес. Әр зонд өзіндік ақпарат береді: Ia типті аса жаңа жұлдыздар салыстырмалы қашықтықтарды, BAO – космологиялық масштабты, космостық хронометрлер H(z)-ті тікелей өлшейді, ал CMB ерте Ғалам туралы мәлімет береді. Осы әртүрлі деректерді біріктіру модельді бірнеше жақтан тексеруге жол ашады. Біздің жұмыста CC және DESI DR2 BAO деректері осы мақсатта бірге қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Теориялық модель: $f(R,T) = R + 2\lambda T$. Зерттеуде (Harko et al. 2011) ұсынған $f(R,T)$ гравитация теориясын қолданамыз. Әсер функционалы келесі түрде жазылады

$$S = \frac{1}{16\pi G}\int f(R,T)\sqrt{-g}\,d^4x + \int \mathcal{L}_m\sqrt{-g}\,d^4x, \qquad (1)$$

мұндағы L_m – материя лагранжианы, T – энергия-импульс тензорының ізі $T_{\mu\nu} = -2/\sqrt{-g}\;\delta(\sqrt{-g}\,\mathcal{L}_m)/\delta g^{\mu\nu}$. Әсерді вариациялау нәтижесінде өріс теңдеулері шығады

$$f_R R_{\mu\nu} - 1/2 f g_{\mu\nu} + (g_{\mu\nu}\Box - \nabla_\mu\nabla_\nu)f_R =$$
$$= 8\pi G\, T_{\mu\nu} - f_T(T_{\mu\nu} + \Theta_{\mu\nu}), \qquad (2)$$

мұндағы $f_R \equiv \partial f/\partial R$, $f_T \equiv \partial f/\partial T$, ал $\Theta_{\mu\nu} \equiv g^{\alpha\beta}\,\frac{\delta T_{\alpha\beta}}{\delta g^{\mu\nu}}$ – энергия-импульс тензорының вариациясынан шығатын тензор. Жалпы жағдайда энергия–импульс тензоры сақталмайды, яғни $\nabla^\mu T_{\mu\nu} \neq 0$ болады.

Кеңістіктік жазық Фридман-Леметр-Робертсон-Уокер (FLRW) метрикасын қолданамыз:

$$ds^2 = -dt^2 + a^2(t)\,\gamma_{ij}\,dx^i dx^j, \qquad (3)$$

мұнда $a(t)$ – масштаб факторы, $H = \dot{a}/a$ – Хаббл параметрі, γ_{ij} – жазық үш өлшемді метрика. Нөлден өзгеше Кристоффель символдары

$$\Gamma^0_{ij} = a^2 H\,\gamma_{ij}, \qquad \Gamma^i_{0j} = H\,\delta^i_j, \qquad \Gamma^i_{jk} = \bar{\Gamma}^i_{jk}. \qquad (4)$$

Олардан Риччи тензорының компоненттері мен скаляр қисықтық келесідей есептеледі

CC BY NC

$$R_{00} = -3(\dot{H} + H^2), \quad R_{ij} = (\dot{H} + 3H^2)\, a^2\gamma_{ij},$$

$$R = 6(\dot{H} + 2H^2), \qquad (5)$$

ал Эйнштейн тензоры $G_{00} = 3H^2$, $G_{ij} = -(2\dot{H} + 3H^2)\, a^2\gamma_{ij}$. Материяны идеал сұйықтық ретінде аламыз $T_{\mu\nu} = (\rho + p)u_\mu u_\nu + pg_{\mu\nu}$, $u^\mu = (1,0,0,0)$, ізі $T = 3p - \rho$. $L_m = p$ таңдауын қолданамыз $\Theta_{\mu\nu} = -2T_{\mu\nu} + pg_{\mu\nu}$. Бұл таңдау космологиялық ауқымда кеңінен қолданылады, өйткені тұтқырлық пен жылу өткізгіштікті елемей, біртекті-изотропты фонды жақсы сипаттайды және өріс теңдеулеріне ыңғайлы түрде кіреді.

Минималды емес байланыстың ең қарапайым түрін таңдаймыз

$$f(R,T) = R + 2\lambda T, \qquad (6)$$

мұндағы λ– әрекеттесу тұрақтысы. $\lambda = 0$ болғанда модель жалпы салыстырмалылық теориясына (ЖСТ) оралады. $f_R = 1$, $f_T = 2\lambda$ тұрақты болғандықтан туынды мүшелер жоғалады және өріс теңдеуі айтарлықтай жеңілдейді. Бұдан әрі $8\pi G = 1$ болатын табиғи бірліктер жүйесін қолданамыз

$$G_{\mu\nu} = (1 + 2\lambda)T_{\mu\nu} + \lambda(p - \rho)g_{\mu\nu}. \qquad (7)$$

Осыдан кейін келесідей екі Фридман теңдеуі шығады

$$3H^2 = (1 + 3\lambda)\rho - \lambda p,$$

$$2\dot{H} + 3H^2 = \lambda\rho - (1 + 3\lambda)p. \qquad (8)$$

Жүйені ρ, p бойынша шешіп, $\dot{H} = -(1 + q)H^2$ және $(1 + 3\lambda)^2 - \lambda^2 = (1 + 2\lambda)(1 + 4\lambda)$ ескерсек

$$\rho = \frac{3(1+2\lambda)+2\lambda[1+q]}{(1+2\lambda)(1+4\lambda)}H^2,$$

$$p = \frac{-3(1+2\lambda)+2(1+3\lambda)[1+q]}{(1+2\lambda)(1+4\lambda)}H^2, \qquad (9)$$

$$\omega = \frac{p}{\rho} = \frac{-3(1+2\lambda)+2(1+3\lambda)[1+q]}{3(1+2\lambda)+2\lambda[1+q]}. \qquad (10)$$

$\lambda = 0$ кезінде $\rho = 3H^2$, $p = (2q - 1)H^2$ – стандартты Фридман қатынастары. мұндағы ρ және p – тиімді тығыздық пен қысым. $\lambda = 0$ кезінде бұл өрнектер стандартты Фридман теңдеулеріне айналады.

Дивергенциясыз бәсеңдеу параметрі және Хаббл параметрі. Бәсеңдеу

параметрі $q = -1 - \dot{H}/H^2$ ретінде анықталады. $q(z)$ берілсе, $H(z) =$ $= H_0 \exp\left(\int_0^z \frac{1+q}{1+\tilde{z}} d\tilde{z}\right)$. Дивергенциясыз параметрлеуді қолданамыз (Mamon and Das, 2016)

$$q(z) = q_0 + q_1 \frac{z(1+z)}{1+z^2}, \qquad (11)$$

мұнда q_0 – бәсеңдеудің қазіргі мәні, q_1 – оның эволюциясы. Жоғары z кезінде $q \to q_0 + q_1$, төмен z кезінде $q \to q_0 + q_1 z$. Өрнек бүкіл $z \in [-1, \infty)$ ауқымында шектелген. Интегралдан

$$H(z) = H_0 (1+z)^{1+q_0} (1+z^2)^{q_1/2}. \qquad (12)$$

λ параметрі H(z) өрнегіне тікелей кірмейді. Сондықтан ғаламның кеңею тарихы кинематикалық параметрлер – q(z), яғни q_0 және q_1 арқылы анықталады. Осыған байланысты likelihood функциясы да тек осы параметрлерге тәуелді болады $\chi^2 = \chi^2(H_0, q_0, q_1), \frac{\partial \chi^2}{\partial \lambda} = 0.$ Яғни бақылау деректері бізге дивергенциясыз q(z) параметрленуін шектейді. Ал $f(R,T) = R + 2\lambda T$ моделі алынған кинематиканы ρ, p, ω және энергетикалық шарттар арқылы физикалық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.

CC және DESI деректері H(z) және қашықтықтарға сезімтал болғандықтан, олар тек H_0, q_0 және q_1 параметрлерін шектей алады. λ параметрі тығыздық, қысым және ω өрнектерінде ғана пайда болады, сондықтан оның нақты мәнін осы деректерден тікелей анықтау мүмкін емес.

Осы себепті λ-ны фиттелетін еркін параметр ретінде емес, бірнеше бекітілген мәндерде қарастырамыз: $\lambda = 0.1, 0.2, 0.3, 0.5$. Қисықтар λ-ның өлшенген мәнін көрсетпейді (6, 7, 8 суреттер). Олардың мақсаты – λ өзгерген кезде ρ, p және ω қалай өзгеретінін көрсету. Таңдалған мәндер (13) өрнектерінде бөлім нөлге айналатын ерекше нүктелерден ($\lambda = -1/2$ және $\lambda = -1/4$) алыс жатыр, сондықтан бұл нүктелерді қарастырмаймыз.

Дивергенциясыз параметрлеудің маңызды артықшылығы – z → –1 шегіндегі сипаттамасы. Мысалы, кейбір полиномдық ($q = q_0 + q_1 z$) немесе логарифмдік параметрлеулер алыс болашақта қолайсыз жүріс көрсетуі мүмкін. Ал біз қолданып отырған q(z) функциясы z → –1 кезінде де ажырамай, шектелген күйде қалады. Бұл параметрлеуді алыс болашаққа дейін формалды түрде жалғастыруға мүмкіндік береді және функцияның өзінен туындайтын жасанды дивергенциялар пайда болмайды.

Бақылау деректері. DESI DR2 BAO. DESI – Mayall телескопында орналасқан көпнысанды спектроскопиялық құрал. Ол мыңдаған галактика мен квазардың қызыл ығысуын өлшеп, бариондық акустикалық тербелістерді (BAO) зерттеуге мүмкіндік береді.

BAO – ерте Ғаламдағы фотон-барион плазмасында таралған дыбыс толқындарының қалдығы. Олардың характерлік масштабы – дыбыс горизонты

CC BY NC

$r_d \approx 147$ Мпк. Бұл масштаб ғаламның стандартты сызғышы ретінде қолданылады. 2025 жылғы DESI DR2 деректері осы масштабты жеті түрлі қызыл ығысу аралығында өлшейді: D_M/r_d (көлденең) және D_H/r_d (радиалды) шамалары арқылы, ал Bright Galaxy Sample (BGS) үшін D_V/r_d қолданылады.

Кесте 1-де көрсетілген өлшемдер $z = 2.33$-ке дейінгі аралықты қамтиды. Дерек нүктелерінің саны көп болмаса да, олардың дәлдігі өте жоғары (Сурет 1).

BAO-ның физикалық негізі рекомбинацияға дейінгі дәуірдегі фотон-барион плазмасындағы дыбыс толқындарымен байланысты. Рекомбинациядан кейін бұл толқындардың ізі материяның таралуында r_d масштабы түрінде сақталады. DESI-дің басты артықшылығы – өте үлкен галактика және квазар үлгісі бойынша жиналған жоғары сапалы спектроскопиялық деректер. Бұл BAO масштабын бұрын-соңды болмаған статистикалық дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік береді.


Кесте 1. DESI DR2 BAO өлшемдері (Abdul-Karim et al., 2025).

Трейсер	z_{eff}	D_M/r_d	D_H/r_d
BGS	0,295	$D_V/r_d = 7{,}942 \pm 0{,}075$	–
LRG1	0,510	$13{,}588 \pm 0{,}167$	$21{,}863 \pm 0{,}425$
LRG2	0,706	$17{,}351 \pm 0{,}177$	$19{,}455 \pm 0{,}330$
LRG3+ELG1	0,934	$21{,}576 \pm 0{,}152$	$17{,}641 \pm 0{,}193$
ELG2	1,321	$27{,}601 \pm 0{,}318$	$14{,}176 \pm 0{,}221$
QSO	1,484	$30{,}512 \pm 0{,}760$	$12{,}817 \pm 0{,}516$
Lyα	2,330	$38{,}988 \pm 0{,}531$	$8{,}632 \pm 0{,}101$

Жазық ғаламда қашықтықтар келесі өрнектермен анықталады $D_H = \frac{c}{H(z)}$, $D_M = c\int_0^z \frac{dz'}{H(z')}$, $D_V = [z\, D_M^2\, D_H]^{1/3}$. Көлденең және радиалды BAO өлшемдері бір-бірімен корреляцияланған, сондықтан әр қызыл ығысу бины үшін 2×2 ковариация матрицасы ескеріледі.

BAO деректері H_0 және r_d комбинациясына тәуелді болғандықтан, талдауда дыбыс горизонты Planck нәтижелері бойынша $r_d = 147.09$ Мпк-ке бекітілді (Aghanim et al., 2020). Бұл H_0-ға абсолютті масштаб береді. Ал r_d-ның бекітілген мәні кинематикалық параметрлер q_0, q_1 және z_t үшін маңызды әсер етпейді.

Космостық хронометрлер (CC). Космостық хронометрлер әдісі пассивті галактикалардың дифференциалдық жас айырмасы арқылы Хаббл параметрін тікелей өлшейді $H(z) = -\frac{1}{1+z}\frac{dz}{dt}$. Бұл өлшем r_d калибрлеуіне тәуелді емес, сондықтан BAO деректерін толықтыратын тәуелсіз қосымша тексеру құралы болып табылады. Талдауда $0.07 \leq z \leq 1.965$ аралығындағы 31 нүктеден тұратын H(z) деректер жинағы қолданылды (Jiao et al., 2023; Tomasetti et al., 2023).



Сурет 1. DESI DR2 BAO деректері: D_M/r_d және D_H/r_d; қисық – CC+DESI ең жақсы сәйкестігі.

Зерттеу әдістері. Модель параметрлерін $\theta = \{H_0, q_0, q_1\}$ бағалау үшін ықтималдық функциясын $\mathcal{L} \propto \exp(-\chi^2/2)$ түрінде анықтадық. CC деректері үшін $\chi^2_{CC} = \sum_i [H(z_i) - H_{obs,i}]^2/\sigma_i^2$, ал DESI үшін $\chi^2_{DESI} = \sum_{bins} \Delta D^T C^{-1} \Delta D$, мұнда $D = (D_M/r_d, D_H/r_d)$ (BGS үшін D_V/r_d). Әрбір анизотропты бин үшін D_M/r_dмен D_H/r_dарасындағы бинішілік 2×2ковариация ескерілді

$$C_i = \begin{pmatrix} \sigma^2_{D_M/r_d} & \rho_i\, \sigma_{D_M/r_d}\, \sigma_{D_H/r_d} \\ \rho_i\, \sigma_{D_M/r_d}\, \sigma_{D_H/r_d} & \sigma^2_{D_H/r_d} \end{pmatrix}$$

мұндағы ρ_i – әрбір биндегі D_M мен D_H арасындағы корреляция коэффициенті (DESI DR2 берген мәндер). Талдауда қолданылған бинішілік корреляция коэффициенттері: LRG1 үшін $\rho = -0{,}459$, LRG2 үшін $\rho = -0{,}404$, LRG3+ELG1 үшін $\rho = -0{,}416$, ELG2 үшін $\rho = -0{,}434$, QSO үшін $\rho = -0{,}500$ және Ly α үшін $\rho = -0{,}431$. BGS өлшемі изотропты D_V/r_d шамасы түрінде берілгендіктен, ол үшін мұндай корреляция коэффициенті қолданылмайды. Биндер арасындағы корреляциялар осы талдауда ескерілмеді, бұл қолданылған likelihood функциясының жуықтауы болып табылады. Бірлескен талдауда $\chi^2_{joint} = \chi^2_{CC} + \chi^2_{DESI}$.

Апостериорларды зерттеу үшін аффинді-инвариантты ансамбльдік MCMC сэмплерін (Foreman-Mackey et al., 2013) іске асырдық: 60 walker, 4000 қадам, 1500 burn-in. $H_0 \in [50{,}100]$, $q_0 \in [-1{,}5{,}0{,}5]$, $q_1 \in [-3{,}5]$ біркелкі априорлары қолданылды. Жинақталуды Гельман–Рубин критерийі $\hat{R}$ мен автокорреляция уақыты τ арқылы тексердік, барлық параметрлер үшін $\hat{R} \approx 1{,}006 < 1{,}01$, $\tau \approx 55$ –60 қадам, қабылдау үлесі $\approx 0{,}65$, ESS ~ 2600. Талдау үш конфигурацияда орындалды: CC, DESI, CC+DESI. Есептеулер Python ортасында emcee пакетімен орындалды.

Ұсынылған модельдің бақылау деректеріне қаншалықты жақсы сәйкес келетінін тексеру үшін оны стандартты ΛCDM моделімен салыстырдық. ΛCDM үшін

Хаббл параметрі келесідей жазылады $H(z) = H_0\sqrt{\Omega_m(1+z)^3 + (1-\Omega_m)}$ мұндағы еркін параметрлер – $\{H_0, \Omega_m\}$.

Салыстыруды тек $\Delta\chi^2$-пен шектемедік. Параметрлер саны (k) ескеріліп, AIC және BIC критерийлерін қолдандық $\mathrm{AIC} = \chi^2 + 2k, \mathrm{BIC} = \chi^2 + k\ln N$. Мұндағы $N = 44$ (31 CC + 13 DESI нүктесі). Күрделі модель деректерге сәл жақсырақ сәйкес келсе де, қосымша параметр нақты пайда бермесе, AIC және BIC оны артықшылық ретінде қабылдамайды. $\Delta\mathrm{BIC} < 2$ – әлсіз айырмашылық, 2–6 – оң, 6–10 – күшті, >10 – өте күшті дәлел деп есептеледі. AIC сәйкестік пен күрделілік арасындағы теңгерімге сезімтал, ал BIC параметр санына қатаңырақ қарайды. Сондықтан екі критерийді бірге қолдану дұрысырақ.

Априор таңдауының әсерін де тексердік. Кеңірек біркелкі априорлар қолданғанда нәтижелер айтарлықтай өзгермеген. MCMC тізбектері әртүрлі бастапқы нүктелерден іске қосылғанда да бірдей аймаққа жинақталды. Бұл нәтиженің тұрақты екенін көрсетеді.

Ковариацияны ескермеу нәтижені бұрмалауы мүмкін. DESI-де D_M/r_d және D_H/r_d өлшемдері корреляцияланған, сондықтан оларды тәуелсіз деп қарастыру дұрыс емес. Космостық хронометрлер үшін біз диагональды қателіктерді қолдандық. Болашақта толық ковариация енгізілсе, шектеулердің өзгеруін бөлек тексеруге болады.

Нәтижелер мен талқылаулар. MCMC талдауының нәтижелері Кесте 2-де келтірілген. Барлық конфигурацияларда $q_0 < 0$, яғни қазіргі кезеңде ғаламның үдемелі кеңеюі жалғасуда. CC+DESI бірлескен талдауы үшін мына мәндер алынды $H_0 = 68{,}68 \pm 1{,}05$, $q_0 = -0{,}523 \pm 0{,}065$, $q_1 = 0{,}702 \pm 0{,}072$.

Кесте 2. Деректер жиынтықтары бойынша MCMC шектеулері (медиана $\pm 1\sigma$).

Параметр	CC	DESI DR2	CC + DESI
H_0 [км·с$^{-1}$Мпк$^{-1}$]	$69{,}15^{+5{,}88}_{-5{,}44}$	$68{,}69^{+1{,}08}_{-1{,}05}$	$68{,}68^{+1{,}07}_{-1{,}05}$
q_0	$-0{,}573^{+0{,}385}_{-0{,}387}$	$-0{,}524^{+0{,}066}_{-0{,}066}$	$-0{,}523^{+0{,}064}_{-0{,}065}$
q_1	$0{,}782^{+0{,}509}_{-0{,}507}$	$0{,}702^{+0{,}074}_{-0{,}073}$	$0{,}702^{+0{,}073}_{-0{,}072}$
z_t	$0{,}623^{+0{,}119}_{-0{,}137}$	$0{,}641^{+0{,}020}_{-0{,}025}$	$0{,}640^{+0{,}020}_{-0{,}024}$
χ^2/dof	0,51	1,21	0,65

Сәйкестік сапасы деректер жиынтығына байланысты өзгереді. CC үшін $\chi^2/\mathrm{dof} = 0.51$ – бұл салыстырмалы төмен мән. Оны бірден модельдің артық бейімделуі деп қабылдамаған жөн, өйткені космостық хронометрлердің қателіктері көбіне консервативті бағаланады. DESI үшін $\chi^2/\mathrm{dof} \approx 1.2$, ал бірлескен талдауда бұл көрсеткіш 0.65-ке түседі. Жалпы, үш жағдайда да модель мен деректер арасында елеулі қайшылық жоқ.

Қалдықтарда жүйелі ығысу байқалмады. CC нүктелері бүкіл қолжетімді қызыл ығысу аралығында, тіпті $z > 1.5$ аймағында да модельмен жақсы сәйкес

келеді. DESI BAO өлшемдеріндегі ауытқулардың басым бөлігі 1σ шегінде жатыр. Бұл параметрлеудің деректерді сипаттауға жеткілікті икемді екенін көрсетеді. Дегенмен, мұны артық параметрленудің тікелей дәлелі немесе модельдің толық расталуы деп қабылдауға болмайды.

DESI DR2 деректерінің үлесі. DESI DR2 деректерін қосқан кезде ең алдымен байқалатыны – сенімділік интервалдарының айтарлықтай тарылуы. Тек Cosmic Chronometers (CC) деректерін жеке талдағанда $q_0 = -0.573 \pm 0.386$ мәні нөлден шамамен 1.5σ ауытқиды, ал q_1 параметрі өте нашар шектеледі.


DESI DR2 қосылған соң жағдай едәуір өзгереді: $q_0 < 0$ мәні шамамен 8σ деңгейінде анықталады, ал $q_1 = 0.702 \pm 0.073$ нөлден 9.6σ қашықтықта тұр. Бірақ бұл жоғары статистикалық маңыздылықтың бір бөлігі таңдалған екі параметрлі $q(z)$ параметрлеуінің ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Параметрлеу еркіндігі шектеулі болғандықтан, интервалдардың тарылуы күтілетін нәтиже. Сондықтан $q_1 = 0$ гипотезасының жоққа шығарылуы мен $q(z)$ -тің уақыт бойынша өзгеруі туралы қорытындыны тек осы модель шеңберінде ғана сенімді деп есептеген жөн.

Жалпы алғанда, DESI DR2 тұрақты q сценарийінен гөрі уақыт өткен сайын өзгеретін $q(z)$ моделін қолдайтынын көрсетеді.


Параметрлер кеңістігінде де өзгеріс өте айқын. Тек CC деректерімен жұмыс істегенде рұқсат етілген аймақ әлдеқайда кең болатын. DESI DR2 қосылғаннан кейін параметрлік шектеулер едәуір тарылды. Әсіресе $q_0 \gtrsim -0.39$ және $q_0 \lesssim -0.65$ аймақтары едәуір шектелді. Яғни, BAO деректері q_0 мен q_1 үшін мүмкін мәндер ауқымын едәуір тарылтты.

CC және DESI деректері бір-бірін жақсы толықтырады. Космостық хронометрлер $H(z)$ мәнін дыбыстық көкжиек (r_d) калибрлеуінен тәуелсіз береді, алайда жоғары z аймағында қателіктері салыстырмалы түрде үлкен. DESI BAO өлшемдері саны аз болғанымен, дәлдігі жоғары және $z = 2.33$-ке дейінгі аралықты қамтиды. Сондықтан CC тәуелсіз ақпарат берсе, DESI параметрлерге әлдеқайда қатаң шектеу қояды.

CC + DESI бірлескен талдауының апостериорлық үлестірімдері мен параметрлер корреляциясы көрсетілген (Сурет 2). CC, DESI және CC+DESI нәтижелері салыстырылады (Сурет 3). Тек CC деректерімен $q_0 \geq 0$ немесе $q_1 = 0$ гипотезаларын сенімді түрде алып тастау қиын еді. DESI DR2 қосылғаннан кейін рұқсат етілген аймақ едәуір қысқарып, таңдалған $q(z)$ моделі аясында мүмкін космологиялық сценарийлердің саны айтарлықтай азайды.



Сурет 2. CC+DESI бірлескен талдауы үшін апостериорлар мен контурлар.



Сурет 3. CC, DESI және CC+DESI бойынша q_0, q_1, H_0 апостериорлары.

ΛCDM-мен статистикалық салыстыру. CC + DESI деректеріне стандартты ΛCDM моделін сәйкестендіргенде $H_0 = 69.00$, $\Omega_m = 0.298$ және $\chi^2 = 25.20$ мәндері шықты. Нәтижелер Кесте 3-те берілген.

Біздің мақсатымыз кинематикалық модельдің ΛCDM-нен міндетті түрде жақсы екенін дәлелдеу емес, екі модельдің бірдей деректер жиынтығымен қаншалықты үйлесетінін салыстыру еді. $\Delta\chi^2 = +1.35$ мәні екі модельдің сәйкестік сапасы бойынша өте жақын тұрғанын көрсетеді.

Дегенмен параметрлер санын ескергенде жағдай өзгереді: ΔAIC =+3.35 және ΔBIC = +5.14. Ақпараттық критерийлер параметрі аз ΛCDM моделінің пайдасына сөйлейді. Әсіресе ΔBIC = 5.14 мәні ΛCDM-нің белгілі бір артықшылығы бар екенін аңғартады.

Мұнда екі нәрсені шатастырмаған абзал. Таңдалған $q(z)$ параметрлеуі бойынша q_1нөлден елеулі ауытқиды. Бірақ үш параметрлі кинематикалық модель AIC және BIC критерийлері бойынша ΛCDM-нен статистикалық артықшылық ала алмады. Қосымша еркіндік деректерді сәл жақсырақ сипаттағанымен, қазіргі дәлдік деңгейінде күрделірек модельді таңдауға жеткілікті дәлел бермейді.

DESI DR2 деректерімен дивергенциясыз кинематикалық модель ΛCDM-мен әлі де үйлесімді болып шықты. Алынған $H_0 \approx 68.7$ мәні Planck нәтижелеріне жақын. Бірақ r_d CMB арқылы калибрленгендіктен, жергілікті H_0 өлшемдерімен тікелей салыстырғанда сақ болған жөн.

Сонымен бірге DESI DR2-дегі динамикалық қараңғы энергия туралы нәтижелер де бұл қорытындыға қайшы келмейді. Өйткені w_0w_aCDM нақты күй теңдеуінің эволюциясын зерттесе, біздің $q(z)$ параметрленуіміз қараңғы энергияның микрофизикалық табиғатын емес, ғаламның кеңею тарихын кинематикалық деңгейде сипаттайды. Екі көзқарас бір сұраққа әртүрлі жақтан қарайды.

Жалпы алғанда, қазіргі DESI DR2 дәлдігінде таңдалған кинематикалық модель ΛCDM-нен елеулі статистикалық айырмашылық көрсетпейді. $H(z)$ қисықтары қарастырылған аралықта бір-біріне жақын, ал AIC пен BIC параметрі аз ΛCDM-ге басымдық береді.

Бұл нәтиже барлық модификацияланған гравитация модельдеріне емес, тек біз қарастырған $q(z)$ параметрлеуіне ғана қатысты. Алдағы жоғары дәлдіктегі деректер (Euclid, Nancy Grace Roman және DESI-дің келесі шығарылымдары) q_1 параметрін дәлірек шектеген кезде екі модель арасындағы айырмашылықтар айқынырақ байқалуы мүмкін. Қазіргі жұмыс сол болашақ салыстырулар үшін бастапқы бақылаулық нүкте ретінде қызмет етеді.

Кесте 3. CC+DESI бойынша модельдерді салыстыру (Δ шамалары ΛCDM-ге қатысты).

Модель	k	χ^2	χ^2/dof	$\Delta\chi^2$	ΔAIC	ΔBIC
ΛCDM	2	25,20	0,60	0	0	0
Дивергенциясыз модель	3	26,55	0,65	+1,35	+3,35	+5,14

Алынған мәндердің физикалық мағынасы. $q_0 \approx -0.52$ мәні стандартты космологиялық картинадан алыс емес. Жазық ΛCDM моделінде $q_0 = \frac{1}{2}\Omega_m - \Omega_\Lambda$ формуласынан $\Omega_\Lambda \approx 0.68$ болғанда дәл осындай нәтиже шығады. Бұл қараңғы энергияның шамамен 70% үлесіне сәйкес келеді.


Ауысу қызыл ығысуы $z_t \approx 0.64$ Ғаламның бәсеңдеп кеңеюден үдемелі кеңеюге өткен кезеңін көрсетеді. Жазық ΛCDM моделінде $q = 0$ шарты $\rho_m = 2\rho_\Lambda$ қатынасына сәйкес келеді. Кесте 3-тегі $\Omega_m = 0.298$ мәнін қолдансақ, $z_t \approx 0.68$ шығады. Бұл біздің алған $z_t \approx 0.64$ нәтижесіне өте жақын. Демек, кинематикалық модельдегі үдеуге өту кезеңі ΛCDM болжамымен жалпы үйлеседі.

Кеңею динамикасын тереңірек түсіну үшін жоғары ретті кинематикалық шамаларды да қарастыруға болады. Олардың ішінде jerk параметрі $j = \dddot{a}/(aH^3)$ және statefinder жұбы $\{r, s\}$ ерекше. ΛCDM үшін $j = 1$ және $\{r, s\} = \{1{,}0\}$. Сондықтан бұл шамалар модельдер арасындағы айырмашылықты іздеуге қолайлы. Қолданылған параметрлеуде $j(z)$ функциясын q_0 мен q_1 арқылы аналитикалық түрде жазуға болады. Болашақтағы дәлірек деректер бұл деңгейді де жеке тексеруге мүмкіндік береді.


Алынған $H_0 \approx 68.7$км·с$^{-1}$·Мпк$^{-1}$ Planck CMB нәтижесіне $H_0 \approx 67.4$ км·с$^{-1}$·Мпк$^{-1}$, жақын (Aghanim et al., 2020). Бірақ жергілікті өлшемдерден алынатын ≈ 73 мәнінен төмен (Riess et al., 2022). Мұнда маңызды жайт бар, бұл талдауда r_d CMB нәтижесімен калибрленген. Сондықтан H_0-дің Planck жағына жақын болуы осы калибрлеумен де байланысты. Демек, Хаббл кернеуі туралы дербес қорытынды жасауға әлі ерте.

Ауысу қызыл ығысуы $z_t = 0.640 \pm 0.024$ бірлескен талдауда әлдеқайда нақты шектелді. Тек CC деректерімен жұмыс істегенде белгісіздік ± 0.13 шамасында болатын. DESI DR2 қосылғаннан кейін z_t-ға қойылатын шектеу шамамен бес есе жақсарды. Бұл параметр Ғаламның бәсеңдеу режимінен үдеуге өткен уақытын сипаттайтындықтан, кеш Ғалам динамикасын зерттеуде маңызды рөл атқарады.

$H(z)$ қисығы бақылау деректерімен бірге көрсетілген (Сурет 4). Қарастырылған қызыл ығысу аралығында модель CC және DESI деректерімен жақсы үйлеседі, ал төмен z аймағында ΛCDM-нен айырмашылығы аз. $q(z)$ эволюциясы бәсеңдеуден үдеуге өту $z_t = 0.640 \pm 0.024$ маңында жүретінін көрсетеді (Сурет 5). Бұл мән әдебиетте келтірілетін кеш Ғаламдағы ауысу қызыл ығысуының бағаларымен жалпы сәйкес келеді (Di Valentino et al., 2021).



Сурет 4. Хаббл параметрі $H(z)$: CC, DESI, дивергенциясыз кинематикалық модель және Λ CDM.



Сурет 5. Бәсеңдеу параметрі $q(z)$ үш дерек жиынтығы үшін.

Энергетикалық шарттар. Қалпына келтірілген энергия тығыздығы ρ мен қысым p-ның физикалық шектеулерге қаншалықты сәйкес келетінін NEC, WEC, DEC және SEC шарттары арқылы тексеруге болады. Олар келесі түрде жазылады (Bhattacharjee and Sahoo, 2020):

- NEC: $\rho + p \geq 0$
- WEC: $\rho \geq 0, \rho + p \geq 0$

- DEC: $\rho \geq 0, \rho \pm p \geq 0$
- SEC: $\rho + p \geq 0, \rho + 3p \geq 0$

2-бөлімде алынған ρ және p өрнектерінен мына қатынастар шығады

$$\rho + p = \frac{2[1+q]}{1+2\lambda} H^2, \quad \rho - p = \frac{2[2-q]}{1+4\lambda} H^2,$$

$$\rho + 3p = \frac{2\{(3+10\lambda)[1+q]-3(1+2\lambda)\}}{(1+2\lambda)(1+4\lambda)} H^2. \qquad (13)$$


Қарастырылған $0.1 \leq \lambda \leq 0.5$ аралығында және $1 + 4\lambda > 0$. Сондықтан $q > -1$ кезінде $\rho + p \geq 0$, ал $q < 2$ болса $\rho - p \geq 0$ орындалады. Энергия тығыздығы

$$\rho = \frac{3(1+2\lambda) + 2\lambda(1+q)}{(1+2\lambda)(1+4\lambda)} H^2,$$

түрінде беріледі. Бұл диапазонда және $q > -1$ шартында $\rho > 0$. Осылайша NEC және WEC шарттары сақталады. Қарастырылған $0 \leq z \leq 3$ аралығында $q < 2$ шарты да орындалады, сондықтан DEC үшін қажетті $\rho - p \geq 0$ теңсіздігі де бұзылмайды.

SEC жағдайы басқаша. $\rho + 3p \geq 0$ шарты төмен қызыл ығысуларда орындалмайды. Оның бұзылуы $q < -\frac{4\lambda}{3+10\lambda}$ шартымен анықталады. Қолданылған λ мәндеріне қарай бұл шекара $z \approx 0.33 - 0.50$ аралығына сәйкес келеді. Бұл айырмашылық айқын көрінеді: NEC, WEC және DEC шарттары қарастырылған диапазонда сақталғанымен, SEC кеш Ғалам кезеңінде бұзылады (Сурет 6).

Мұндай нәтиже үдемелі кеңеюмен қайшылық туғызбайды. Райчаудхури теңдеуі тұрғысынан SEC-тің бұзылуы тиімді теріс қысыммен және ғарыштық үдеумен байланысты. Сонымен қатар $\rho > 0$, NEC, WEC және DEC шарттарының сақталуы тиімді сұйықтықтың қалған негізгі энергетикалық шектеулерден шықпайтынын көрсетеді. Яғни үдеу барлық энергетикалық шарттардың бірдей бұзылуынан емес, негізінен SEC шартының төмен z-дегі өзгерісінен байқалады.




Сурет 6. Энергетикалық шарттар NEC, DEC, SEC $\lambda = 0.1, 0.2, 0.3, 0.5$.


Күй теңдеуінің параметрі $\omega(z)$ жоғары қызыл ығысуларда нөл маңына жақындайды (Сурет 7). Бұл мінез шаң тәрізді материяға ұқсайды, алайда асимптотикалық мән дәл нөлге тең емес және λ-ға тәуелді. Мысалы, $\lambda = 0.1$ кезінде $\omega \to -0.14$, ал $\lambda = 0.5$ үшін $\omega \to -0.015$. Оң асимптотикалық мән тек $\lambda \gtrsim 0.6$ аймағында ғана пайда болады.

Дегенмен модельді толық материя дәуірінің сипаттамасы ретінде қарастыруға болмайды. Жоғары z шегінде $q(z \to \infty) = q_0 + q_1 \approx 0.18$, ал таза материя үстемдік ететін кезең үшін $q = 1/2$ күтіледі. Айырмашылық елеулі. Сондықтан қолданылған параметрлеу негізінен кеш Ғаламның кеңею тарихын сипаттайды, ал алынған нәтижелер бақылау деректері қамтитын $0 \leq z \lesssim 2.5$ аралығымен шектеледі. Оны ерте Ғаламға тікелей жалғастыру дұрыс емес.

Төмен қызыл ығысуларда ω квинтэссенция аймағына, яғни $-1 < \omega < -1/3$ аралығына өтеді. Бұл кеш кезеңдегі үдемелі кеңеюмен үйлесетін мінез. Өлшемсіз энергия тығыздығы $\rho/(3H_0^2)$ арқылы оның z-мен қалай өзгеретіні көрсетілген (Сурет 8).



Сурет 7. Күй теңдеуінің параметрі $\omega(z)$.



Сурет 8. Өлшемсіз энергия тығыздығы $\rho/(3H_0^2)$.

Зерттеудің шектеулері. Талдауда дыбыстық горизонттың мәні $r_d = 147.09$ Мпк деп бекітілді. Бұл таңдау ең алдымен H_0 мәніне тікелей әсер етеді. Сондықтан оны тексеру үшін r_d шамасын ±3% өзгертіп, 143 Мпк және 151 Мпк болатын екі жағдайда MCMC талдауын қайта жүргіздік.

Нәтижесінде q_0, q_1 және z_t параметрлерінің өзгерісі $\Delta \lesssim 0.001$ деңгейінде ғана болды. Бұл өзгеріс олардың 1σ қателіктерінен әлдеқайда кіші. Ал H_0 күткендей r_d-ге кері пропорционал өзгерді, $r_d = 143$ Мпк кезінде $H_0 \approx 70.6$, ал $r_d = 151$ Мпк кезінде $H_0 \approx 67.0$ км·с$^{-1}$·Мпк$^{-1}$ болды. Екі жағдайда да $H_0 r_d$ көбейтіндісі іс жүзінде тұрақты қалды. Сонымен, r_d-ні бекіту кинематикалық параметрлерге (q_0 , q_1, z_t) елеулі әсер етпейді, бірақ H_0 мәні осы калибрлеуге тікелей тәуелді болып шықты. Тағы бір маңызды жуықтау – DESI BAO биндері арасындағы ықтимал корреляцияларды ескермеуіміз. Бұл параметрлік шектеулерге белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін. Сондықтан келесі жұмыстарда толық ковариациялық матрицаны қолданған әлдеқайда дұрыс болады. Сонымен қатар Pantheon+ аса жаңа жұлдыздар деректері және CMB бақылаулары бұл талдауға мүлдем қосылмады (Brout et al., 2022; Scolnic et al., 2022). Оларды қосқанда параметрлерге қойылатын шектеулер едәуір күшейеді, әсіресе H_0 мен r_d арасындағы дегенерацияны азайтуға пайдасы көп болар еді.

Қолданылған тәсілдің тағы бір маңызды шегі бар. Бұл жұмыс негізінен кеш Ғаламның кеңею кинематикасына бағытталған. Сондықтан алынған нәтижелер λ параметрін және f(R,T) теориясын толық шектемейді. Космологиялық ауытқулар мен ерте Ғалам динамикасы мүлдем қарастырылған жоқ. Осыған байланысты біздің алынған шектеулерді f(R,T) теориясының жалпы бақылаулық сынағы ретінде қабылдауға болмайды – олар тек осы жұмыста таңдалған кеш Ғалам кинематикасына қатысты.

Қорытынды. Бұл жұмыста f(R,T) = R + 2λT гравитациясы аясында дивергенциясыз q(z) параметрленуі қарастырылды. Оның кинематикалық параметрлері DESI DR2 (2025) BAO өлшемдері мен космостық хронометрлердің H(z) деректері негізінде шектелді. Бірлескен талдау нәтижесінде мына мәндер алынды: $H_0 = 68.68 \pm 1.05$, $q_0 = -0.523 \pm 0.065$, $q_1 = 0.702 \pm 0.072$.

Бәсеңдеуден үдеуге ауысу $z_t = 0.640 \pm 0.024$ маңында жүреді. DESI DR2 деректерін қосқаннан кейін параметрлерге қойылатын шектеулер едәуір тарылды. Космостық хронометрлердің деректері жеке қарастырылғанда қазіргі үдеу тек 1.5σ деңгейінде ғана байқалса, бірлескен талдауда $q_0 < 0$ шарты шамамен 8σ деңгейінде анықталады. Сонымен қатар таңдалған q(z) формасы ішінде $q_1 = 0$ гипотезасы да шамамен 10σ деңгейінде қабылданбайды. Дегенмен бұны q(z)-тің кез келген модельден тәуелсіз эволюциясының дәлелі деп қабылдауға болмайды – нәтиже тек қолданылған параметрлеу аясында алынған.

ΛCDM моделімен салыстырғанда айырмашылық үлкен емес. $\Delta\chi^2 = +1.35$ мәні екі модельдің сәйкестік сапасы жақын екенін көрсетеді. Ал ΔAIC = +3.35 және ΔBIC = +5.14 мәндері параметрі аз ΛCDM моделіне белгілі бір басымдық береді. Демек, дивергенциясыз кинематикалық модель қазіргі деректермен

жақсы үйлескенімен, ақпараттық критерийлер бойынша ΛCDM-нен артықшылық көрсетпейді.

Энергетикалық шарттар да біркелкі емес, $0 \leq z \leq 3$ аралығында NEC, WEC және DEC сақталады, ал SEC төмен қызыл ығысуларда бұзылады. Бұл кеш Ғаламдағы үдемелі кеңеюмен толық сәйкес келеді.

Қарастырылған параметрлеудің қолданылу аймағы негізінен кеш Ғаламмен шектеледі. Ол ерте Ғалам динамикасын толық сипаттамайды және λ параметрін тікелей шектемейді. Сондықтан алынған нәтижелерді f(R,T) теориясының толық бақылаулық сынағы ретінде емес, тек таңдалған кинематикалық сценарийге қойылған шектеулер ретінде қарастырған дұрыс.

Алдағы жұмыстарда Pantheon+ аса жаңа жұлдыздар және CMB деректерін қосу H_0 мен r_d арасындағы дегенерацияны жақсырақ бақылауға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды бағыт – фондық эволюциямен шектелмей, космологиялық ауытқулар мен ауқымды құрылымның өсуін зерттеу. Дәл осы деңгейде f(R,T) моделі мен ΛCDM арасындағы айырмашылық айқынырақ байқалуы мүмкін.

References

Abdul Karim M., Aguilar J., et al. (2025). DESI DR2 results II: Measurements of baryon acoustic oscillations and cosmological constraints. arXiv:2503.14738. https://doi.org/10.48550/arXiv.2503.14738 (in Eng.).

Adame A.G., Aguilar J., et al. (2025). DESI 2024 VI: Cosmological constraints from the measurements of baryon acoustic oscillations. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2025 (02). – P. 021. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2025/02/021 (in Eng.).

Aghanim N., Akrami Y., et al. (2020). Planck 2018 results. VI. Cosmological parameters. Astronomy & Astrophysics. – Vol. 641. – P. A6. https://doi.org/10.1051/0004-6361/201833910 (in Eng.).

Bhattacharjee S., Sahoo, P.K. (2020). Comprehensive analysis of a non-singular bounce in f(R,T) gravitation. Physics of the Dark Universe. – Vol. 28. – P. 100537. https://doi.org/10.1016/j.dark.2020.100537 (in Eng.).

Brout D., Scolnic D., et al. (2022). The Pantheon+ analysis: Cosmological constraints. The Astrophysical Journal. – Vol. 938 (2). – P. 110. https://doi.org/10.3847/1538-4357/ac8e04 (in Eng.).

DESI Collaboration. (2025). Extended dark energy analysis using DESI DR2 BAO measurements. arXiv:2503.14743. https://doi.org/10.48550/arXiv.2503.14743 (in Eng.).

Di Valentino E., Mena O., et al. (2021). In the realm of the Hubble tension – a review of solutions. Classical and Quantum Gravity. – Vol. 38 (15). – P. 153001. https://doi.org/10.1088/1361-6382/ac086d (in Eng.).

Foreman-Mackey D., Hogg D. W., et al. (2013). emcee: The MCMC hammer. Publications of the Astronomical Society of the Pacific. – Vol. 125 (925). – P. 306-312. https://doi.org/10.1086/670067 (in Eng.).

Harko T., Lobo F.S.N., et al. (2011). f(R,T) gravity. Physical Review D. – Vol. 84 (2). – P. 024020. https://doi.org/10.1103/PhysRevD.84.024020 (in Eng.).

Jeakel A.P., da Silva J.P., et al. (2024). Revisiting f(R,T) cosmologies. Physics of the Dark Universe. – Vol. 43. – P. 101401. https://doi.org/10.1016/j.dark.2023.101401 (in Eng.).

Jiao K., Borghi N., et al. (2023). New observational H(z) data from full-spectrum fitting of cosmic chronometers in the LEGA-C survey. The Astrophysical Journal Supplement Series. – Vol. 265 (2). – P. 48. https://doi.org/10.3847/1538-4365/acbc77 (in Eng.).

Mamon A.A., Das S. (2016). A divergence-free parametrization of the deceleration parameter for scalar field dark energy. International Journal of Modern Physics D. – Vol. 25 (3). – P. 1650032. https://doi.org/10.1142/S0218271816500322 (in Eng.).

Moresco M., Amati L., et al. (2022). Unveiling the Universe with emerging cosmological probes. Living Reviews in Relativity. – Vol. 25 (1). – P. 6. https://doi.org/10.1007/s41114-022-00040-z (in Eng.).

Perivolaropoulos L., Skara F. (2022). Challenges for LambdaCDM: An update. New Astronomy Reviews. – Vol. 95. – P. 101659. https://doi.org/10.1016/j.newar.2022.101659 (in Eng.).

Perlmutter S., Aldering G., et al. (1999). Measurements of Omega and Lambda from 42 high-redshift supernovae. The Astrophysical Journal. – Vol. 517 (2). – P. 565-586. https://doi.org/10.1086/307221 (in Eng.).

Riess A.G., Filippenko A.V., et al. (1998). Observational evidence from supernovae for an accelerating universe and a cosmological constant. The Astronomical Journal. – Vol. 116 (3). – P. 1009-1038. https://doi.org/10.1086/300499 (in Eng.).

Riess A.G., Yuan W., et al. (2022). A comprehensive measurement of the local value of the Hubble constant with 1 km/s/Mpc uncertainty from HST and the SH0ES team. The Astrophysical Journal Letters. – Vol. 934 (1). – P. L7. https://doi.org/10.3847/2041-8213/ac5c5b (in Eng.).

Scolnic D., Brout D., et al. (2022). The Pantheon+ analysis: The full data set and light-curve release. The Astrophysical Journal. – Vol. 938 (2). – P. 113. https://doi.org/10.3847/1538-4357/ac8b7a (in Eng.).

Tomasetti E., Moresco M., et al. (2023). A new measurement of the expansion history of the Universe at z = 1.26 with cosmic chronometers in VANDELS. Astronomy & Astrophysics. – Vol. 679. https://doi.org/10.1051/0004-6361/202346992 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 146–154

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.467

UDC: 621.546.06
IRSTI: 31.15.37

©Zhenishan K.*, Bekov S.S., Syzdykova A.M., 2026.
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
*E-mail: Kaisarar@enu.kz

THE INFLUENCE OF GAUSSIAN PROCESS PARAMETERS ON RECONSTRUCTING THE HUBBLE CONSTANT

Zhenishan Kaisar — Junior Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: Kaisarar@enu.kz, https://orcid.org/0009-0005-0605-8347;
Bekov Sabit — PhD, Associate Professor (acting), L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: ss.bekov@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8846-0604;
Syzdykova Arailym — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: syzdykovarailym@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8999-6566.

Abstract. This paper addresses the problem of model-independent reconstruction of the Hubble constant, one of the key cosmological parameters characterizing the present-day expansion rate of the Universe. The discrepancy between the values of the Hubble constant obtained using different observational methods represents one of the major challenges in modern cosmology and is associated with the Hubble tension problem. Therefore, investigating methods for determining cosmological parameters with minimal dependence on a specific cosmological model is of considerable importance. The aim of this work is to investigate the influence of the covariance kernel and observational dataset on the reconstruction of the Hubble constant using the Gaussian Process method and to assess the stability of the obtained results. Five different covariance kernels are considered: Squared Exponential, Matérn 7/2, Matérn 9/2, Cauchy, and Rational Quadratic. Three observational datasets are used: cosmic chronometers (CC), baryon acoustic oscillations (BAO), and their combined CC+BAO dataset. Each covariance kernel is applied to the three datasets, resulting in 15 independent reconstructions. All reconstructions were performed using the GaPP (Gaussian Processes in Python) package.The obtained results demonstrate that the choice of covariance kernel has a relatively small effect on the reconstructed value of . In contrast, the observational dataset has a substantially greater influence on the reconstruction accuracy. In particular, combining CC and BAO data reduces the uncertainty intervals and improves the stability and consistency of the results. These

findings demonstrate that the Gaussian Process method can be effectively applied to the model-independent reconstruction of cosmological parameters. The analysis also shows that the reliability of the reconstructed Hubble constant depends to a significant extent on the quality and completeness of the observational data used. Thus, the results emphasize the importance of combining complementary observational datasets when performing model-independent cosmological reconstructions and estimating the current expansion rate of the Universe.

Keywords: Gaussian processes, Hubble constant, cosmological parameters, covariance kernel, cosmic chronometers, baryonic acoustic oscillations, reconstruction

For citations: *Zhenishan K., Bekov S.S., Syzdykova A.M. The Influence of Gaussian Process Parameters on Reconstructing the Hubble Constant. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 146–154. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.467*

©Жеңісқан Қ.*, Беков С.С., Сыздыкова А.М., 2026.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
*E-mail: Kaisarar@enu.kz

ХАББЛ ТҰРАҚТЫСЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУҒА ГАУССТЫҚ ПРОЦЕСТЕР ПАРАМЕТРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Жеңісқан Қайсар — кіші ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: Kaisarar@enu.kz, https://orcid.org/0009-0005-0605-8347;
Беков Сабит Сегизбаевич — PhD, доцент м.а , Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: ss.bekov@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8846-0604;
Сыздыкова Арайлым — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: mailto:syzdykovarailym@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8999-6566.

Аннотация. Бұл жұмыста қазіргі космологиядағы маңызды мәселелердің бірі болып табылатын Хаббл тұрақтысын моделге тәуелсіз реконструкциялау мәселесі қарастырылады. Хаббл тұрақтысы Ғаламның қазіргі ұлғаю жылдамдығын сипаттайтын негізгі космологиялық параметрлердің бірі болып табылады. Оның әртүрлі бақылау көздері арқылы алынған мәндерінің арасындағы сәйкессіздік қазіргі космологиядағы Хаббл шиеленісі мәселесінің өзектілігін арттырады. Осыған байланысты космологиялық параметрлерді нақты космологиялық модельге тәуелділікті азайта отырып анықтайтын әдістерді зерттеу маңызды. Зерттеудің мақсаты - гаусстық процестер әдісі арқылы Хаббл тұрақтысын реконструкциялау кезінде ковариациялық ядроны және бақылау деректерінің жиынтығын таңдаудың нәтижеге әсерін анықтау және алынған нәтижелердің тұрақтылығын бағалау. Жұмыста гаусстық процестер әдісі қолданылып, бес түрлі ковариациялық ядро қарастырылды: Squared Exponential, Matérn 7/2,

Matérn 9/2, Cauchy және Rational Quadratic. Бақылау деректері ретінде ғарыштық хронометрлердің (СС), бариондық акустикалық осцилляциялардың (ВАО) және олардың біріктірілген СС+ВАО жиынтықтары пайдаланылды. Әрбір ядро үш деректер жиынтығына қолданылып, барлығы 15 тәуелсіз реконструкция жүргізілді. Барлық реконструкциялар GaPP (Gaussian Processes in Python) пакеті арқылы орындалды. Алынған нәтижелер әртүрлі ковариациялық ядроларды таңдаудың реконструкциясына әсері салыстырмалы түрде аз екенін көрсетті. Керісінше, пайдаланылатын деректер жиынтығы реконструкция дәлдігіне айтарлықтай әсер етеді. СС және ВАО деректерін біріктіру қателік интервалдарын азайтып, нәтижелердің тұрақтылығы мен өзара сәйкестігін арттырады. Алынған нәтижелер гаусстық процестер әдісін модельге тәуелсіз космологиялық реконструкция үшін тиімді құрал ретінде пайдалануға болатынын көрсетеді. Зерттеу қорытындылары реконструкциясының сенімділігі ең алдымен бақылау деректерінің сапасы мен толықтығына байланысты екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: Гаусстық процестер, Хаббл тұрақтысы, космологиялық параметрлер, ковариациялық ядро, ғарыштық хронометрлер, бариондық акустикалық осцилляциялар, реконструкция

©Женискан К.*, Беков С.С., Сыздыкова А.М., 2026.
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Астана, Казахстан.
*E-mail: Kaisarar@enu.kz

ВЛИЯНИЕ ПАРАМЕТРОВ ГАУССОВОГО ПРОЦЕССА НА РЕКОНСТРУКЦИЮ ПОСТОЯННОЙ ХАББЛА

Женискан Кайсар — младший научный сотрудник, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: Kaisarar@enu.kz, https://orcid.org/0009-0005-0605-8347;
Беков Сабит — PhD, доцент и.о., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: ss.bekov@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8846-0604;
Сыздыкова Арайлым — PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: syzdykovarailym@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8999-6566.

Аннотация. В данной работе рассматривается проблема модельно-независимой реконструкции постоянной Хаббла, ключевого космологического параметра, характеризующего текущую скорость расширения Вселенной. Несоответствие значений постоянной Хаббла, полученных различными методами наблюдений, является актуальной проблемой современной космологии и связано с проблемой напряжённости Хаббла. Поэтому исследование методов определения космологических параметров с минимальной зависимостью от конкретной космологической модели имеет большое значение. Цель данной работы - изучить влияние выбора ядра ковариации и набора наблюдательных

данных на реконструкцию постоянной Хаббла с использованием метода гауссовских процессов, а также оценить стабильность полученных результатов. В исследовании используется метод гауссовских процессов и рассмотрены пять различных ковариационных ядер: Squared Exponential, Matérn 7/2, Matérn 9/2, Cauchy и Rational Quadratic. В качестве наблюдательных данных использованы данные космических хронометров (CC), барионных акустических осцилляций (BAO), а также их объединённый набор CC+BAO. Каждое ядро применялось к трем наборам данных, в результате чего было получено 15 независимых реконструкций. Все реконструкции выполнялись с использованием пакета GaPP (Gaussian Processes in Python). Результаты показали, что выбор ядра ковариации оказывает относительно небольшое влияние на реконструированное значение. Однако используемый набор данных наблюдений оказывает значительно большее влияние на точность реконструкции. Объединение данных CC и BAO позволяет уменьшить интервалы неопределенности и повысить надежность и согласованность результатов. Результаты демонстрируют, что метод гауссовых процессов может быть эффективно применен для реконструкций космологических параметров, не зависящих от модели. Анализ также показывает, что надежность реконструкции постоянной Хаббла в значительной степени определяется качеством и полнотой используемых данных наблюдений.

Ключевые слова: Гауссовы процессы, постоянная Хаббла, космологические параметры, ковариационное ядро, космические хронометры, барионные акустические колебания, реконструкция

Кіріспе. Хаббл тұрақтысы H_0 қазіргі заманғы космологиядағы ең маңызды параметрлердің бірі болып табылады. Ол Ғаламның қазіргі ұлғаю жылдамдығын сипаттайды және Ғаламның жасы мен эволюциясын түсінуде шешуші рөл атқарады. Соңғы жылдары космологиядағы негізгі мәселелердің бірі ретінде Хаббл шиеленісі (Hubble tension) кеңінен талқылануда. Бұл мәселе H_0тұрақтысының әртүрлі бақылау әдістері арқылы алынған мәндерінің өзара сәйкес келмеуінен туындайды. Мысалы, Planck миссиясының ғарыштық микротолқынды фон деректеріне негізделген талдауы $H_0 = 67.4 \pm 0.5$ км/с/Мпк мәнін көрсетсе, SH0ES жобасының жергілікті бақылаулары $H_0 = 73$ км/с/Мпк нәтижесін береді. Аталған айырмашылықтың сақталуы бақылау деректеріндегі жүйелік қателіктердің немесе стандартты космологиялық модельден тыс жаңа физиканың болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Осыған байланысты космологиялық параметрлерді бағалауда модельге тәуелсіз әдістерді қолданудың маңызы артып отыр. Мұндай әдістердің бірі – бақылау деректерінен функцияларды алдын ала нақты космологиялық модель таңдаусыз қалпына келтіруге мүмкіндік беретін гаусстық процестер әдісі. Бұл тәсіл соңғы жылдары $H(z)$ функциясын және Хаббл тұрақтысын реконструкциялауда кеңінен қолданылып келеді (Elizalde et al., 2024).

Мақалада гаусстық процестер әдісі арқылы Хаббл тұрақтысын реконструкциялауға ковариациялық ядроны және пайдаланылатын деректер жиынтығын таңда-

удың әсері зерттеледі. Талдау барысында ғарыштық хронометрлер (СС), бариондық акустикалық осцилляциялар (BAO) және олардың біріктірілген (СС+BAO) деректері қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – әртүрлі ковариациялық ядролар мен деректер жиынтықтарын пайдалану кезінде алынатын H_0 мәндерінің тұрақтылығын бағалау.

Материалдар мен әдістер. Бұл жұмыста Хаббл параметрінің қызыл ығысуға тәуелділігін модельге тәуелсіз түрде қалпына келтіру үшін гаусстық процестер (Gaussian Processes, GP) әдісі қолданылды. Гаусстық процесс бақылау деректері негізінде функцияны алдын ала нақты аналитикалық түрін таңдаусыз реконструкциялауға мүмкіндік беретін бейпараметрлік байестік тәсіл болып табылады (Wilson & Adams, 2013).

Гаусстық процесте зерттелетін функция келесі түрде анықталады:

$$H(z) \sim GP(m(z), K(x, x')) \quad (1)$$

мұндағы $m(z)$ орташа функция, ал $k(x, x')$ – функция мәндері арасындағы корреляцияны сипаттайтын ковариациялық ядро. Бұл жұмыста орташа функция нөлге тең деп қабылданды, бұл H(z) функциясына алдын ала белгілі бір космологиялық модельдің формасын енгізбеуге мүмкіндік береді. Ковариациялық ядролардың гиперпараметрлері GaPP пакетінде маргиналдық ықтималдықты барынша арттыру арқылы автоматты түрде алынады. Бастапқы мәндер ретінде екі гиперпараметрі бар ядролар үшін $\theta = [1,1]$, ал Rational Quadratic ядросы үшін $\theta = [1,1,1]$.

Хаббл параметрін реконструкциялау барысында бес түрлі ковариациялық ядро қарастырылды:

1. Квадраттық экспоненциалды (Radial Basis Function - RBF) ядро:
2. $$k(x, \tilde{x}) = \sigma_f^2 e^{\left(-\frac{(x-\tilde{x})^2}{2l^2}\right)}$$
3. Matérn ядролары ($\nu = 7/2$ және $\nu = 9/2$):
4. a. $k(x, \tilde{x}) = \sigma_f^2 e^{\left[-\frac{\sqrt{7}|x-\tilde{x}|}{l}\right]}\left(1 + \frac{\sqrt{7}|x-\tilde{x}|}{l} + \frac{\sqrt{14}(x-\tilde{x})^2}{5l^2} + \frac{7\sqrt{7}|x-\tilde{x}|^3}{15l^3}\right)$

   b. $k(x, \tilde{x}) = \sigma_f^2 e^{\left[-\frac{\sqrt{3}|x-\tilde{x}|}{l}\right]}\left(1 + \frac{\sqrt{3}|x-\tilde{x}|}{l} + \frac{\sqrt{27}(x-\tilde{x})^2}{7l^2} + \frac{18|x-\tilde{x}|^3}{7l^3} + \frac{27(x-\tilde{x})^4}{35l^4}\right)$

5. Коши (Cauchy) ядросы:

$$k(x, \tilde{x}) = \sigma_f^2 \frac{l}{(x-\tilde{x})^2 + l^2}$$

6. Рационалды квадраттық (Rational Quadratic, RQ) ядросы:

$$k(x,\tilde{x}) = \sigma_f^2 \left(1 + \frac{(x-\tilde{x})^2}{2\alpha l^2}\right)^{-\alpha}$$

Зерттеуде 1-суретте көрсетілген бақылау деректері пайдаланылды. Бірінші жиынтық – ғарыштық хронометрлер (Cosmic Chronometers, CC) деректері. Екінші жиынтық – бариондық акустикалық осцилляциялар (Baryon Acoustic Oscillations, BAO) деректері. Сонымен қатар, реконструкцияның тұрақтылығын арттыру мақсатында CC және BAO деректерінің біріктірілген жиынтығы (CC+BAO) қарастырылды (Niu et al., 2024).


Кесте 1. Деректер жиынтығы.


Деректер жиындығы	Нүктелер саны	Қызыл ығысу диапазоны z	H(z) диапазоны км/с/Мпк	Дереккөз
CC	32	0.07-1.965	68.6-202	Niu et al. (2024)
BAO	20	0.24-2.36	78.39-226.24	Niu et al. (2024)

Ковариациялық ядро мен деректер жиынтығының әсерін бағалау үшін әрбір ядро үш деректер жиынтығына жеке қолданылды. Нәтижесінде 5 ядро және 3 деректер жиынтығы үшін барлығы 15 тәуелсіз реконструкция жүргізіліп, алынған H_0 мәндері өзара салыстырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. 1 – суретте Matérn 7/2 ковариациялық ядросын қолдану арқылы алынған $H(z)$ реконструкциялары көрсетілген. Суретте CC, BAO және CC+BAO деректер жиынтықтары үшін алынған нәтижелер салыстырылған. CC және BAO деректерін біріктіру нәтижесінде қателік Ω азайғаны байқалады. Бұл әртүрлі бақылау деректерінің бірін-бірі толықтыруы реконструкцияның дәлдігін арттыратынын көрсетеді. Қызыл ығысу жоғарылаған сайын қателік аймағының ұлғаюы байқалады, бұл жоғары (z) мәндеріндегі бақылау деректерінің санының аздығымен және олардың қателіктерінің ұлғаюымен түсіндіріледі.

Реконструкция нәтижесінде алынған Хаббл H_0 тұрақтысының мәндері 1–кестеде келтірілген. Нәтижелер көрсеткендей, пайдаланылған ковариациялық ядроның түрі мәніне айтарлықтай әсер етпейді. Әртүрлі ядролар үшін алынған нәтижелер бір-бірімен жақсы сәйкеседі және олардың айырмашылықтары статистикалық қателіктер шегінде қалады. Бұл гаусстық процестер әдісі арқылы жүргізілген реконструкциялардың ядро таңдауға қатысты жеткілікті тұрақты екенін көрсетеді.





Сурет 1. Әртүрлі деректер жиынтықтары үшін $H(z)$ реконструкцияларының салыстыруы.

Сонымен қатар, нәтижелерге деректер жиынтығының әсері маңызды екені байқалады. Жеке CC және BAO деректерін қолданғанда қателік интервалдары салыстырмалы түрде үлкен болса, біріктірілген CC + BAO деректер жиынтығы үшін қателік айтарлықтай азаяды. Бұл жағдайда алынған нәтижелер өзара жақсы сәйкесіп, реконструкцияның сенімділігі артады. Осылайша, жүргізілген талдау Хаббл тұрақтысын анықтауда ковариациялық ядроны таңдаудан қарағанда пайдаланылатын бақылау деректерінің құрамы маңыздырақ рөл атқаратынын көрсетті.

Кесте 2. Реконструкциялар нәтижелері.

Ковариациялық ядролар	CC	BAO	Комбинация
Squared Exponential	$H_0 = 67.278 \pm 4.743$	$H_0 = 66.662 \pm 4.980$	$H_0 = 67.517 \pm 3.302$
Matern 72	$H_0 = 68.658 \pm 5.187$	$H_0 = 67.035 \pm 5.159$	$H_0 = 67.625 \pm 3.565$
Cauchy	$H_0 = 69.523 \pm 5.264$	$H_0 = 0.005 \pm 118.570$	$H_0 = 67.934 \pm 3.538$
Matern 92	$H_0 = 68.436 \pm 5.061$	$H_0 = 66.951 \pm 5.081$	$H_0 = 67.589 \pm 3.504$
Rational Quadratic	$H_0 = 71.013 \pm 5.677$	$H_0 = 67.397 \pm 5.114$	$H_0 = 67.906 \pm 3.532$

Реконструкциялар нәтижелерінде Cauchy ядросы мен BAO деректері үшін нормадан тыс нәтиже алынды $H_0 = 0.005 \pm 118.570$. Тексеру барысында кіші бастапқы мәндермен корреляциялық ұзындығы максимумға жетумен аяқталады, нәтижесінде осындай мән беретінін анықталды. Ал $\theta = [2,2]$,[5,5] және [10,1] бастапқы мәндер қолданылғанда, оңтайландыру бір-біріне жақын тұрақты шешімге келіп $H_0 = 67.934 \pm 3.538$ мәнін береді. Бұл нәтиже гиперпараметрлердің бастапқы мәндерін таңдауға қатысты Cauchy ядросының жоғары сезімталдығын көрсетеді. Бұл жұмыста «модельге тәуелсіз» ұғымы H(z)

функциясы үшін алдын ала нақты космологиялық модель қабылданбайтынын білдіреді. Алайда BAO деректері дыбыстық горизонт r_d калибрлеуіне және космологиялық модельге белгілі бір дәрежеде тәуелді болуы мүмкін. Сондықтан BAO қолданылған реконструкция толықтай модельге тәуелсіз емес.

Қорытынды. Бұл жұмыста гаусстық процестер әдісі арқылы Хаббл тұрақтысын реконструкциялауға ковариациялық ядро мен бақылау деректерінің әсері зерттелді. Нәтижелер көрсеткендей, Cauchy – BAO жағдайындағы тұрақсыз оңтайландыруды қоспағанда, әртүрлі ядролар үшін алынған H_0 мәндері статистикалық қателік шегінде өзара сәйкес келеді. CC және BAO деректерін біріктіру белгісіздіктерді азайтып, реконструкцияның тұрақтылығын арттырады. Сонымен қатар, BAO деректерінің r_d калибрлеуіне және космологиялық модельге белгілі бір тәуелділігі бар екенін ескеру қажет. Осыған байланысты GP әдісі нақты параметрлік модельді алдын ала қабылдамайтын бейпараметрлік тәсіл ретінде қарастырылады. Жалпы реконструкциясының сенімділігі ядро таңдауымен қатар, пайдаланылатын деректердің сапасы мен көлеміне де тәуелді.

References

Aljaf M., Gregoris D., Khurshudyan M. (2021). Constraints on interacting dark energy models through cosmic chronometers and Gaussian process. The European Physical Journal C. – Vol. 81 (6). – P. 544. https://doi.org/10.1140/epjc/s10052-021-09306-2 (in Eng.).

Archambeau C., Bach F. (2011). Multiple Gaussian process models. arXiv preprint. – arXiv:1110.5238. https://doi.org/10.48550/arXiv.1110.5238 (in Eng.).

Bernardo R. C., Levi Said J. (2021). A data-driven reconstruction of Horndeski gravity via the Gaussian processes. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2021 (9). – P. 014. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2021/09/014 (in Eng.).

Cai Y.-F., Khurshudyan M., Saridakis E. N. (2020). Model-independent reconstruction of f(T) gravity from Gaussian processes. The Astrophysical Journal. – Vol. 888 (2). – P. 62. https://doi.org/10.3847/1538-4357/ab5a7f (in Eng.).

Dhawan S., Alsing J., Vagnozzi S. (2021). Non-parametric spatial curvature inference using late-Universe cosmological probes. Monthly Notices of the Royal Astronomical Society: Letters. – Vol. 506 (1). – P. L1-L5. https://doi.org/10.1093/mnrasl/slab058 (in Eng.).

Durrande N., Ginsbourger D., Roustant O., Carraro L. (2013). ANOVA kernels and RKHS of zero mean functions for model-based sensitivity analysis. Journal of Multivariate Analysis. – Vol. 115. – P. 57-67. https://doi.org/10.1016/j.jmva.2012.08.016 (in Eng.).

Elizalde E., Khurshudyan M. (2022). Constraints on cosmic opacity from Bayesian machine learning: The hidden side of the H_0 tension problem. Physics of the Dark Universe. – Vol. 37. – P. 101114. https://doi.org/10.1016/j.dark.2022.101114 (in Eng.).

Elizalde E., Khurshudyan M., Myrzakulov K., Bekov S. (2024). Reconstruction of the quintessence dark energy potential from a Gaussian process. Astrophysics. – Vol. 67 (2). – P. 192-214. https://doi.org/10.1007/s10511-024-09828-z (in Eng.).

Jesus J. F., Valentim R., Escobal A. A., Pereira S. H., Benndorf D. (2022). Gaussian processes reconstruction of the dark energy potential. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2022 (11). – P. 037. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2022/11/037 (in Eng.).

Niu J., Jiao K., He P., Zhang T.-J. (2024). Reconstruction of the dark energy scalar field potential by Gaussian process. The Astrophysical Journal. – Vol. 972 (1). – P. 14. https://doi.org/10.3847/1538-4357/ad5fef (in Eng.).

Said J. L., Mifsud J., Sultana J., Zarb Adami K. (2021). Reconstructing teleparallel gravity with cosmic structure growth and expansion rate data. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2021 (6). – P. 015. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2021/06/015 (in Eng.).

Seikel M. (2013). GaPP (Gaussian Processes in Python) documentation. – Version 1.0. – Software documentation. http://www.acgc.uct.ac.za/~seikel/GAPP/index.html (in Eng.).

Seikel M., Clarkson C., Smith M. (2012). Reconstruction of dark energy and expansion dynamics using Gaussian processes. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2012 (6). – P. 036. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2012/06/036 (in Eng.).

Sun W., Jiao K., Zhang T.-J. (2021). Influence of the bounds of the hyperparameters on the reconstruction of the Hubble constant with the Gaussian process. The Astrophysical Journal. – Vol. 915 (2). – P. 123. https://doi.org/10.3847/1538-4357/ac05b8 (in Eng.).

Wilson A. G., Adams R. P. (2013). Gaussian process kernels for pattern discovery and extrapolation. In: Dasgupta S., McAllester D. (Eds.), Proceedings of the 30th International Conference on Machine Learning. Proceedings of Machine Learning Research. – Vol. 28. – P. 1067-1075. https://proceedings.mlr.press/v28/wilson13.html (in Eng.).

Zhang M.-J., Xia J.-Q. (2016). Test of the cosmic evolution using Gaussian processes. Journal of Cosmology and Astroparticle Physics. – Vol. 2016 (12). – P. 005. https://doi.org/10.1088/1475-7516/2016/12/005 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 155–168

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.468

UDC: 666.942.8
IRSTI: 65.35.33

©Amangeldi B.[1], Zhanikulov N.[2*], Taimasov B.[1], Aitureev M.[1], Dauletiyarov M.[1], 2026.
[1]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;
[2]Academician Ye.A. Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan.
*E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru

RESEARCH OF THE FIRING PROCESSES AND WHITENESS OF WHITE CEMENT CLINKERS

Amangeldi Bekassyl — PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, E-mail: bekasyl700@mail.ru, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0009-0002-3378-6110;
Zhanikulov Nurgali — PhD, Associate Professor, Academician Ye.A. Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan,
E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0750-9753;
Taimasov Bakhitzhan — Doctor of Technical Sciences, Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: taimasovukgu@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1844-4932;
Aitureev Murat — Candidate Technical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: murattssm@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-8154-0417;
Dauletiyarov Mukhtar — Candidate Technical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: muhtar-66@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-9578-8202.

Abstract. This scientific article presents the results of a study examining the effect of temperature on the firing process of white clinker and determining the degree of whiteness of the resulting clinker. This research is relevant for the modern production of colored cements, the production of dry building mixes, and the manufacture of architectural products. During the study, the content of CaO_{free}, not associated with clinker minerals, and the degree of whiteness of the clinker were determined at temperatures of 1450–1500°C. In clinker obtained from a raw mix of "limestone+electrothermophosphorus slag," the CaO_{free} content was 0.33–1.98%. In clinker obtained from a raw mix of "limestone+Angren kaolin," the CaO_{free} content ranged from 0.27–1.22%, while for clinker obtained from a raw mix of "limestone+Kokshetau kaolin" this content was 0.54–0.81%. The whiteness of the clinkers for the raw mix of

"limestone+electrothermophosphorus slag" was 75–76%, "limestone+Angren kaolin" 79.6–85%, and "limestone+Kokshetau kaolin" 75.7–84.5%. The results showed that the binding of CaO_{free} with clinker minerals allows for a CaO content of no more than 2%, in accordance with GOST 31108-2020. Furthermore, the fundamental possibility of producing white clinker of grades 1 and 3 in accordance with the requirements of GOST 965-89 was established.

Furthermore, the production of white clinker using Sastobe Technologies LLC plant sludge with the addition of mineralizers was studied: 1 and 2% CaF_2, 1 and 2% $CaCl_2$, 2 and 4% gypsum, and 5 and 10% phosphorus slag. The raw mixes were fired at 1500°C. The CaO_{free} content in the resulting clinkers ranged from 2.02% to 11.2%, exceeding the established value of 2%. The whiteness of the resulting clinker ranged from 71.5% to 88.7%. Thus, the study results showed that, despite the relatively high whiteness of individual clinker samples, their CaO_{free} content did not meet the requirements of GOST 31108-2020.

Keywords: white portland cement, clinker, limestone, kaolin, electrothermophosphorus slag, firing, whiteness

For citations: *Amangeldi B., Zhanikulov N., Taimasov B., Aitureev M., Dauletiyarov M. Research of the Firing Processes and Whiteness of White Cement Clinkers***.** *Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 155–168. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.468*

©Амангелді Б.[1], Жаникулов Н.[2*], Таймасов Б.[1], Айтуреев М.[1], Даулетияров М.[1], 2026.

[1]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;
[2]Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан.
*E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru

АҚ ЦЕМЕНТ КЛИНКЕРЛЕРІНІҢ КҮЙДІРУ ПРОЦЕСТЕРІН ЖӘНЕ АҚТЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Амангелді Бекасыл — PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: bekasyl700@mail.ru, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0009-0002-3378-6110;
Жаникулов Нұрғали — PhD, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан,
E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0750-9753;
Таймасов Бахитжан — техника ғылымдарының докторы, профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: taimasovukgu@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1844-4932;
Айтуреев Мұрат — техника ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail:murattssm@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-8154-0417;

Даулетияров Мухтар — техника ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан,
E-mail: muhtar-66@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-9578-8202.

Аннотация. Ғылыми мақалада ақ цемент клинкер күйдіру процесінде температураның әсері мен алынған ақ клинкердің ақтық дәрежесін анықтау нәтижелері келтірілген. Зерттеу заманауи түрлі түсті цемент өндірісі үшін, құрғақ құрылыс қоспа алуда және сәулет бұйымдарды жасауда өзекті болып табылады. Зерттеуде 1450-1500 °С температурада екі компонентті шикізат қоспаларынан тұратын үш құрамдарды күйдіру кезінде клинкер минералдарының бос CaO байланыспаған мөлшері және ақтық дәрежесі анықталды. «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспаларынан алынған клинкердің бос CaO мөлшері 0,33-1,98 % болды. «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспаларынан алынған клинкердегі бос CaO мөлшері 0,27-1,22 % көрсетті, ал «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспаларынан алынған клинкердің бос CaO мөлшері 0,54-0,81 % болғаны анықталды. Клинкерлердің ақтық дәрежесі «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспасы үшін 75-76 %, «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспасы үшін 79,6-85 % және «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспасы үшін75,7-84,5 % болды. Нәтижесінже бос CaO-ның клинкер минералдарымен байланысуы ГОСТ 31108-2020 бойынша белгіленген 2 %-дан жоғары емес және ГОСТ 965-89 бойынша 1-3 сұрыпты ақ клинкер алуға толық мүмкін екендігі дәлелденді.

Сонымен қатар, «Sastobe Technologies» ЖШС зауыт шламына 1 және 2 % CaF_2, 1 және 2 % $CaCl_2$, 2 және 4 % гипс және 5 және 10 % фосфор шлагы минерализаторларын қосу арқылы ақ портландцемент клинкерін алу зерттелді. 1500°С температурада күйдірілген клинкерлердің бос CaO-ның мөлшері $CaO_{бос}$=2,02-11,2 % болды (2 %-дан жоғары), алынған клинкердің ақтық дәрежесі 71,5-88,7 % екендігі анықталды. Нәтижесінде клинкердің ақтық дәрежесі жоғары болғаны мен оның сапасы ГОСТ 31108-2020 талабына сәйкес келмейтіндігі айқындалды.

Түйін сөздер: ақ портландцемент, клинкер, әктас, каолин, электротермофосфор шлак, күйдіру, ақтық дәреже

©Амангелди Б.[1], Жаникулов Н.[2*], Таймасов Б.[1], Айтуреев М.[1], Даулетияров М.[1], 2026.
[1]Южно-Казахстанский университет имени Ауэзова, Шымкент, Казахстан;
[2] Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.
*E-mail:nurgali.zhanikulov@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССОВ ОБЖИГА И БЕЛИЗНЫ КЛИНКЕРОВ БЕЛЫХ ЦЕМЕНТОВ

Амангелди Бекасыл — PhD докторант, Южно-Казахстанский университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: bekasyl700@mail.ru, https://orcid.org/my-orcid?orcid=0009-0002-3378-6110;
Жаникулов Нургали — PhD, ассоциированный профессор, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,
E-mail: nurgali.zhanikulov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0750-9753;
Таймасов Бахитжан — доктор технических наук, профессор, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: taimasovukgu@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1844-4932;
Айтуреев Мурат — кандидат технических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail:murattssm@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-8154-0417,
Даулетияров Мухтар — кандидат технических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан,
E-mail: muhtar-66@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-9578-8202.

Аннотация. В данной научной статье представлены результаты исследования влияния температуры на процесс обжига белого клинкера и определения степени белизны полученного клинкера. Данное исследование является актуальным для современного производства цветных цементов, получения сухих строительных смесей и изготовления архитектурных изделий. В ходе исследования при температурах 1450–1500°С определялось содержание $CaO_{св}$, не связанного с клинкерными минералами, а также степень белизны клинкеро. В клинкере, полученном из сырьевой смеси «известняк+электротермофосфорный шлак», содержание $CaO_{св}$ составило 0,33–1,98%. А полученном из сырьевой смеси «известняк+каолин Ангрен», содержание $CaO_{св}$ находилось в пределах 0,27–1,22%, тогда как для клинкера из сырьевой смеси «известняк+каолин Кокшетау» данный показатель составил 0,54–0,81%. Степень белизны клинкеров для сырьевой смеси «известняк+электротермофосфорный шлак» составила 75–76%, «известняк+каолин Ангрен» 79,6–85%, «известняк+каолин Кокшетау» 75,7–84,5%. Полученные результаты показали, что связывание $CaO_{св}$ с клинкерными минералами позволяет получить его содержание не более 2% в соответствии с ГОСТ 31108-2020. Кроме того, установлена принципиальная возможность получения белого клинкера 1-го и 3-го сортов согласно требованиям ГОСТ 965-89.

Кроме того было исследовано получение белого клинкера с использованием заводского шлама ТОО «Sastobe Technologies» с введением минерализаторов: 1 и 2% CaF_2, 1 и 2% $CaCl_2$, 2 и 4% гипса, а также 5 и 10% фосфорного шлака. Обжиг сырьевых смесей проводили при температуре 1500°С. Содержание $CaO_{св}$ в полученных клинкерах составило 2,02–11,2%, что превышает установленное значение 2%. При этом степень белизны полученного клинкера находилась в диапазоне 71,5–88,7%. Таким образом, результаты исследования показали, что, несмотря на достаточно высокую степень белизны отдельных образцов клинкера, по содержанию $CaO_{св}$ их качество не соответствует требованиям ГОСТ 31108-2020.

Ключевые слова: белый портландцемент, клинкер, известняк, каолин, электротермофосфорный шлак, обжиг, белизна

Кіріспе. Әлемде жоғары сапалы сәндік-сәулетті әрлеуші материалдарды қолдану кеңінен таралған. Осындай материалдардың бірі – ақ портландцемент. Ақ портландцемент өзінің беріктігі мен ақ түсінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Ақ портландцементті сәндік бетондарда, құрғақ құрылыс қоспа құрамында, сәулет бұйымдарды жасауда таптырмас өнім болып саналады (Arusmalem et al., 2022). Жалпы құрылыста қолданылатын сұр цементке қарағанда ақ портландцементке қатаң талаптарды сақтау, жоғары температурада күйдіру және сапалы шикізаттарды пайдалануды қажет етеді.

Елімізде ақ цементтерді «Алина», «Кнауф Гипс Капчагай», «Жамбылгипс», «Нафтоэнерго», «Кнауф», «Алинэкс», «Шымтех», «Семмикс» және басқа өндіріс компаниялары құрғақ әрлеуші құрылыс қоспаларын шығаруда құрамдас бөлігі ретінде пайдаланады (Amiraliyev et al., 2025). Дүние жүзіндегі құрылыс тәжірибесінде ақ және ашық түсті цементтер тартымды, біркелкі беті бар бетондарда, құрама темірбетонның сыртқы панельдерде, құрама арқалықтар мен бағандарды өндіруде, ғимараттар мен құрылыстардың қабырғаларын бетондау кезінде, жолдар мен қалалық тротуарларды сәндік цементтерден жасалған плиткалармен және төсем тастарымен әрлеуде, сондай-ақ жол белгілерін салуда, бордюрлер мен бағаналарды салуда, қауіпсіздік тосқауылдарын орнатуда және т.б. қолданылады. Қазіргі заманғы сәулет өнерінің мәнерлі элементтерін жасаумен қатар, сәндік цементтерді пайдалану әрлеу жұмыстарын индустрияландыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ақ портландцемент өндірісі мүлде жоқ. Кеңес дәуірінде ақ және түрлі-түсті цементтерді Састөбе цемент зауыты шығарды. Оның жылдық қуаты шамамен 400 мың тоннаны құрады, бұл оны КСРО-дағы ең ірі сәндік цемент өндіруші зауытқа айналдырды. Қазіргі уақытта «Sastobe Technologies» ЖШС ақ клинкер мен цемент өндірісін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде, себебі бұл өнімдердің қажетті көлемі Иран мен Түркиядан импортталады. Импортталған ақ цементтің бір тоннасының құны шамамен 90000-100000 теңгені құрайды, бұл құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру құнын айтарлықтай арттырады. Алдын ала маркетинг республикада ақ портландцементке деген сұраныстың өте жоғары екенін және бұл материалды өндіруді жолға қою (немесе қалпына келтіру) қажет екенін көрсетті.

ГОСТ 965-89 бойынша өндірілген ақ портландцемент - ұсақ ұнтақталған ақ клинкерін гипс және ақ минералды қоспалармен араластырып жасаған. Түрлі-түсті цемент - ГОСТ 15825-80 (GOST 15825-80) бойынша қосылған бояғыштар немесе пигменттердің қатаң реттелетін мөлшерімен ақ клинкерді ұнтақтау арқылы өндірген. Ақ цементтің ерекше белгілеріне оның жоғары ақтығы, түсінің әртүрлілігі және тонусының тазалығы жатады. Ақтығына байланысты цементтер үш сұрыпқа бөлінеді: БЦ-1, БЦ-2 және БЦ-3. Абсолютті шкала бойынша шағылысу коэффициентімен анықталатын ақтығына сүйене отырып, ақ портландцемент үш сортқа бөлінеді: 1-сұрып (80 %), 2-сұрып (75 %) және 3-сұрып (70 %). Ақ портландцемент клинкерін өндірудің негізгі ерекшелігі - бояғыш қоспалардың, ең алдымен темір, марганец және хром қосылыстарының

мөлшерін азайту қажеттілігінде. Темір оксиді клинкер түсіне ерекше әсер етеді, себебі темір құрамдас қосылыстар түрлі-түсті фазалардың пайда болуына ықпал етеді. Сондықтан жоғары тазалықтағы әктас, каолин, кварц құмы және бояғыш оксидтерінің деңгейі төмен басқа да шикізат дәстүрлі түрде жоғары ақтықтағы клинкерді өндіру үшін қолданылады.

Әдеби шолу. Ақ портландцемент алуда іргелі зерттеу жұмыстарды Moresova K. және басқа ғалымдар жүргізген. Ғалымдар ақ клинкер өндіруде тек жоғары сапалы шикізат қана емес, сонымен қатар процесті оңтайландыру, күшейткіштерді пайдалану және салқындату жағдайларын реттеу қажеттігін атап өткен. Олар шикізат қоспасында темір мөлшерін азайту, күйдіру кезінде сұйық фазаның мөлшерін төмендететінін, осы арқылы күйдіру процесі қиындап энергия шығындарының артуын анықтаған (Moresova et al., 2001). Leon-Reina L. және басқа зерттеушілер ақ және сұр портландцемент клинкерлердің минералогиялық құрамын Ритвельд әдісімен салыстыру кезінде ақ клинкер негізінен C_3S, C_2S және C_3A минералдарынан тұратынын, ал C_4AF айқын бояғыш минерал екендігін дәлелдеген (Leon et al., 2009). Ал Vazquez-Acosta F. және басқалар ақ клинкер алуда темірдің әсерін толық зерттеген. C_3A-Fe_2O_3 жүйесіндегі темір мөлшеріне ғана емес, күйдіру температурасы, салқындату жағдайы нақтылаған. 1370 °C температурада темір C_3A құрылымына негізінен тетраэдрлік координацияда енгізілуі мүмкіндігі, температура 1400 °C дейін көтерілген сайын темірдің құрылымдық күйінің өзгеруі байқалған. Fe^{3+} октаэдрлік позицияларға ауысып, түстің айтарлықтай өзгеруімен қатар жүрген. Химиялық құрамы бірдей темірі бар фазалардың минералогиялық құрылымы клинкердің оптикалық қасиеттеріне айтарлықтай әсер берген. Fe_2O_3 шектеудің орнына оның клинкер фазаларында байланысу жағдайларын ескеру оның ақ цемент өндірісі үшін шикізат базасын кеңейту мүмкіндігін көрсеткен (Vazquez-Acosta et al., 2012).

Халықаралық әдебиеттерде ғалымдар шикізатты таңдауға айтарлықтай көңіл бөлген. Олар ақ портландцемент өндірісі үшін әдетте Fe_2O_3, Mn_2O_3, Cr_2O_3 және басқа да бояғыш оксидтердің минималды мөлшері бар әктас және саз компоненттерді қолданған. Шикізаттың жоғары тазалығы технологияға қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Қытай ғалымдарының Na_3AlF_6 ақ портландцемент клинкерінің ақтығына әсерін зерттеген. Олар жоғары сапалы шикізаттың азаюы ақ цемент өндірушілері үшін күрделі мәселеге айналып бара жатқанын атап көрсетіп, темірдің бір бөлігін аз түс беретін фазаларға байланыстыруға мүмкіндік беретін күйдіру жағдайлары мен минералдандырғыш құрамдарды әзірлеген. Осы арқылы әктас қоры аз, бірақ химиялық құрамы ақ цемент өндірісіне қойылатын қатаң талаптарға сай келмейтін аймақтар үшін перспективалы тәсілді зерттеген (Li et al., 2021).

Ақ клинкер өндірісі технологиясын жетілдірудің ең мұқият зерттелген салаларының бірі - минералдандырғыштарды пайдалану. Олардың негізгі қызметі - қатты фазалы реакцияларды жеделдету, сұйық фазаның түзілу температурасын төмендету және негізгі клинкер минералдарының түзілуін жақсарту. И.Ф. Пономорев және басқалар бұрын минералдандырғыш агенттердің ақ

портландцемент клинкерін өндіруге әсерін зерттеген. Ал минералдандырғыштар бойынша зерттеулердің үлкен көлемін К. Моресова мен Ф. Шквара жасаған. Олар фтор қосылыстарын, әсіресе CaF_2 қолдану күйдіру процесін күшейтетінін зерттегнен. Минералдандырғыштарды қолдану шикізат қоспаның күйдіру температурасын төмендетіп, алитті түзуді жеделдете алатыны көрсеткен. Кейбір минералданған жүйелер үшін ақ клинкердің шамамен 1350–1400 °C температурада, яғни дәстүрлі ақ клинкерді күйдіру температурасынан шамамен 200 °C төмен пайда болу мүмкіндігі туралы қорытынды жасаған. Химиялық тұрғыдан алғанда, минералдандырғыштардың тиімділігі төмен температуралы сұйық фазаның пайда болуымен және компоненттердің қозғалғыштығының артуымен байланысты. Бұл CaO, SiO_2 және Al_2O_3 арасындағы диффузиялық процестерді жеделдетеді және C_3S түзілуіне ықпал етеді (Moresova et al., 2003).

Авторлар клинкер шихта құрамына ZnO қосу көрінетін жарықтың шағылысуын арттыратын, жарықтық индексін (L*) арттыра алатынын және сарғыштық индексін (b*) төмендете алатынын анықтады. ZnO қосу Fe_2O_3 құрамы салыстырмалы түрде жоғары болғанның өзінде клинкердің көрнекі ақтығын арттыруға ықпал ете алады. Мырыш негізінен аморфты және анықтау қиын кристалды фазада таралады және ішінара силикат фазаларына да енеді. ZnO ендіру C_3S-тің белгілі бір полиморфты формаларының тұрақтануына ықпал етеді, C_3A кристалдануын өзгертеді және аморфты компоненттің мөлшерін арттырады. Сонымен қатар, клинкер минералдарындағы темірдің байланысы артады, бұл C_4AF түзілуін азайтады және ақтыққа оң әсер етеді (Li et al., 2021).

2026 жылы Mend және басқалар CaF_2 минерализатор ретіндегі әсер ету механизмі егжей-тегжейлі қарастырған. Олар CaF_2 клинкердің түзілу температурасын бірнеше механизмдердің тіркесімі арқылы төмендете алатынын көрсеткен: кристалдық тор ақауларының түзілуі, жеделдетілген диффузия және сұйық фазаның ертерек түзілуі. Ең маңыздысы, мұнда F□ силикат фазаларындағы құрылымдық алмастыруларға қатыса алады және кальций қосымша көп түзілуіне ықпал етеді. Бұл иондардың қозғалғыштығын арттырады және C_2S-тің C_3S-ке айналуын жеңілдетеді. Сонымен қатар, CaF_2 сұйық фазаның балқу температурасы мен тұтқырлығын төмендетеді, жүйеде масса алмасуды жақсартады. Авторлар зерттелген жүйелерде CaF_2 оңтайлы мөлшері шамамен 1-3 % екенін, бірақ қоспаның тиімділігі шикізат қоспасының құрамына және басқа оксидтердің болуына айтарлықтай байланысты екенін атап өткен. Бұл тәсіл - өнеркәсіптік қалдықтардан алынған CaF_2 пайдалану, ресурстарды үнемдеу және тиімді экономика қағидаларына сәйкес келеді (Mend et al., 2026).

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы ақ портландцемент өндірісіндегі негізгі ғылыми қиындық – Fe_2O_3 құрамы төмен, жоғары таза шикізатты пайдалану қажеттілігі мен энергия мен материал шығындарын азайту мүмкіндігінде. Клинкер фазаларының түзілуін және темірдің мөлшерін бақылау үшін минералдандыратын және модификациялайтын қоспаларды пайдалана отырып, шикізат қоспасының оңтайлы құрамын әзірлеу перспективалы шешім болып табылады. Сондықтан, шикізат қоспасының компоненттерінің оңтайлы

қатынасын анықтауға, минералдандырғыштардың клинкердің түзілуіне әсерін зерттеуге, оңтайлы күйдіру температурасы мен салқындату жағдайларын анықтауға және фазалық құрам Fe_2O_3 құрамы мен алынған клинкердің ақтығы арасындағы байланысты анықтау өзекті мәселенің айқындығын негіздейді

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бос байланыспаған CaO мөлшерін анықтау. Күйдіріліп алынған клинкер сапасын анықтаудың бірегей әдістеріне этилглицерат әдісі (GOST 5382-2019) жатады. Мұнда клинкер түзуілу процесінің толық аяқталуы мен оның құрамындағы негізгі минералдардың түзілуі нақтыланады. Әдіс этиленгликоль ($C_2H_6O_2$) спирт ерітіндісінде бос CaO ерітуге, алынған $Ca(OH)_2$ ерітіндісін индикатор арқылы фенолфталеиннің қатысуымен стандартты тұз қышқылы HCl ерітіндісімен титрлеуге арналған. CaO байланысқан түрлері силикаттар мен алюминаттармен аналитикалық жағдайларда ерімейді. Талдауды жүргізу үшін этиленгликоль, тұз қышқылының ерітіндісі HCl=0,1 моль/дм^3, фенолфталеин, спирт ерітіндісі, дистилденген су (H_2O) және сүзгілеуші қағаз, ±0,0002 г дәлдіктегі аналитикалық таразы, V=250 мл көлемді конустық колба, V= 25 немесе 50 мл көлемде бюретка, градуацияланған цилиндр, жылытқыш плита және суға жалғанған мұздатқыш колба, шыны араластырғыш таяқша қажет. Талдау жүргізу кезінде біріншіден клинкерді өлшемі №008 мм (80 мкм) болатын електен өткенше ұнтақтайды және електен өткізеді. Сосын клинкерді аналитикалық таразыда 0,0002 г дәлдікпен 0,2–0,5 г етіп өлшеп алады. Клинкерді құрғақ конус тәрізді колбаға салып, оған көлемі 50 мл этиленгликоль ерітіндісін құяды. Колбаны мұздатқышқа қосып, төменгі бөлігінде жылытқыш плитада 60-80 °C температураға дейін қыздырып, араластырады. Жалпы қыздыру уақыты 20-30 минут жеткілікті. Ерітіндіні бөлме температурасында салқындатып, оған 2-3 тамшы фенолфталеин индикаторын тамызады. Сосын алынған ерітіндінің қызғылт түсі жойылғанша тұз қышқылымен (HCl) титрлейді, тиртрлеу кезінде колбаны шайқап тұруды қажет етеді. Нәтижесінде титрлеуге жұмсалған қышқыл көлемін жазып, төмендегі келтірілген формуламен есептеу жүргізіледі. Осылайша клинкер құрамындағы байланыспаған бос CaO мөлшері $CaO_{бос}=V\cdot C\cdot 0{,}028\cdot 100/m$ теңдеуімен анықталады (Makarova, et al., 2011).

Цементтің ақтығы R3-TBMS-M ұнның ақтығын өлшейтін құралды пайдаланып анықталды. Ұнтақталған материалдардың ақтығын бағалаудың бұл әдісі тығыздалған-тегістелген ұнтақ бетінің спектрінің жасыл бөлігіндегі (540 ± 50 нм диапазонында) диффузиялық шағылысу коэффициенттерін өлшеуді қамтиды. R3-TBMS-M ұнтақтың ақтығын өлшейтін құрал ұнтақтың ақтығын өлшеуге арналған. Ақтық 45°/дифференциалды геометрияда алынған аймақтық диффузиялық шағылысу коэффициентімен анықталады және нәтиже аспап экранында екі сан ретінде көрсетіледі: бірінші сан - пайызбен көрсетілген диффузиялық шағылысу коэффициенті, ал екінші сан кез келген бірліктермен көрсетілген ақтықты білдіреді. Аспаптың өлшеу көлемі ұнтақ үлгісінің көлемінен оптикалық мөлдір шыны пластинамен бөлінген фотометриялық жарты шар тәрізді камерадан тұрады, ол оған орналастырылған ұнтақ үлгілері үшін бекітілген позицияны сақтайды. Толқын ұзындығы 540 нм болатын жасыл

CC BY NC

жарық диодты шамның жарығы ұнтаққа пластинаға 45° бұрышпен түседі, ал ұнтақ пен жарты шардан бірнеше рет шағылысудан пайда болған шашыраңқы сәуле фотодетекторға бағытталады. Фотодетектордан келетін электр сигналы электронды түрде өңделеді және сандық индикаторда көрсетіледі. Өлшенген нәтиже шашыраңқы сәулелену деңгейіне, яғни үлгінің ақтығына, тазалығына, гранулометриясына және түсіне байланысты болады (Abdullin et al., 2025).

Нәтижелер мен талқылаулар. Бастапқы шикізат материалдардың химиялық құрамы (Amangeldi et al., 2026) мақалада көрсетілген. Аталған шикізат материалдарды пайдаланып ақ портландцемент клинкер алу үшін төмендегідей екі компонентті шикізат шихта құрамдары дайындалды және күйдірілді:

1) «Әктас + электротермофосфор шлагы»;
2) «Әктас + каолин Ангрен»
3) «Әктас + каолин Көкшетау»

Әртүрлі шикізат қоспаларының құрамының, қанығу коэффициенті (ҚК) және модульдердің, күйдіру температурасының CaO-ның байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері бойынша нәтижелері 1–3 кестелерде келтірілген.

«Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

қоспа	Шикізат қоспа құрамы, сал.%		ҚК	Модулдер		Бос CaO мөлшері, %		Ақтық дәрежесі, % T=1450 °C	№008 електегі қалдық, % T=1450 °C
						T күйдіру температурасында, °C			
	Әктас	Электро термофосфор шлагы		n	p	1450	1500		
1	56,65	43,35	0,88	8,1	5,5	0,33	-	70,6	2,3
2	57,52	42,48	0,90	8,07	5,43	0,66	-	75,2	2,6
3	58,35	41,65	0,92	8,05	5,36	1,32	-	72,2	5,3
4	59,54	40,46	0,95	8,01	5,25	1,65	1,82	76,2	5,4
5	60,67	39,33	0,98	7,97	5,15	1,98	2,15	73,7	5,6

Екі компонентті «Әктас + электротермофосфор шлак» шикізат қоспасында темір оксидінің төмен мөлшеріне байланысты силикатты модулі шамамен 8-ге дейін артады, ал алюминий оксидінің глинозем модулі де жоғары, 5-тен асады. Клинкердің бір тоннасына шаққандағы теориялық меншікті шикізат шығыны 1,33–1,36 т/т дейін төмендеді, бұл материалды күйдіру температурасына дейін қыздыру үшін қажетті жылуды да азайтады. Шикізат қоспасындағы Fe_2O_3 есептелген мөлшері 0,36 %, ал клинкерде 0,48 % құрайды. Нәтижесінде клинкерде C_4AF минералы 1,47 % түзілді.

1450 °C температурада әктас пен фосфор шлак шикізат қоспаларын

күйдіру арқылы алынған ақ клинкерлердің ақтық дәрежесі 70,6-76,2 % құрады және бұл 2 және 3 сұрыпты ақ цементтерді береді. Екі компонентті «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспасы жақсы күйдірілді. 1450°С температурада клинкер минералдарының түзілуі және бос CaO толықтай байланысу анықталды. Қанығу коэффициенті 0,95–0,98 жоғары мәндерінде бос CaO мөлшері 1,65–1,98 % аралығында болады. Қанығу коэффициентінің мәні клинкерді күйдіру кезінде CaO байланысуы процесіне тікелей түрде әсер етеді: ҚК мәнінің артуымен күйдіру процесі қиындайды, бос CaO мөлшері жоғарылайды. Клинкердің ақтық дәрежесі үшін оңтайлы мәндері ҚК=0,9 және 0,95 болды, мұндағы ақтық көрсеткіш 75-76 % құрайды.

Өзбекстаннан алынған байытылмаған каолинмен «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспасында Fe_2O_3 мөлшері 0,21–0,3 % құрады, ал ақ клинкердегі C_4AF минералының көрсеткіші 1,27–1,39 % түзетіндігі есептелді. Бұл «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспасымен салыстырғанда, силикат модулі айтарлықтай төмен – 3,13–3,14, ал алюминий оксидінің глинозем модулі әлдеқайда жоғары – 13,6–14,6 болды.

«Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

қоспа	Шикізат қоспа құрамы, сал.%		ҚК	Модулдер		Бос CaO мөлшері, % Т күйдіру температурасында, °С	Ақтық дәрежесі, % Т=1450 °С	№008 електегі қалдық, % Т=1450 °С
	Әктас	каолин Ангрен		n	p	1500		
1	78,26	21,74	0,88	3,14	14,58	0,27	81,0	6,3
2	78,59	21,41	0,90	3,14	14,38	0,27	79,6	8,8
3	78,92	21,08	0,92	3,13	14,18	0,54	82,2	6,4
4	79,38	20,62	0,95	3,13	13,9	0,54	85,0	7,2
5	79,83	20,17	0,98	3,13	13,63	1,22	81,3	7,0

«Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспасынан алынған ағартылған клинкерді №008 електегі қалдығы 6-8 % қалдыққа дейін ұнтақталды. 1500 °С температурада күйдірілген «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспаларынан жасалған клинкерлердің ақтық дәрежесі 79,6-85 % құрады және 1-ші сұрыпты ақ портландцемент өндіруге жарамды екендігін көрсетті. ҚК=0,92 және 0,95 кезінде шикізат қоспалардың оңтайлы болып шыққандығын көрсетті. «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспасы жоғары ҚК мәндеріне қарамастан жақсы күйдірілді. ҚК мәні артқан сайын ақ клинкерлердегі бос CaO мөлшері 0,27 %-дан 1,22 %-ға дейін жоғарлады. Алайда барлық мәндер талап бойынша белгіленген 2 %-дан жоғары емес.

CC BY NC

«Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері нәтижелері 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3. «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспа күйдіру температурасының CaO байланысу процесіне және клинкерлердің ақтығына әсері.

қоспа	Шикізат қоспа құрамы, сал.%		ҚК	Модулдер		Бос CaO мөлшері, % Т күйдіру температурасында, °С		Ақтық дәрежесі, %		№008 електегі қалдық, %	
	Әктас	Каолин Көкшетау		n	p	1450	1500	1450	1500	1450	1500
1	76,06	23,94	0,88	3,13	20,36	0,88	0,54	83,3	75,7	12,3	3,8
2	76,42	23,58	0,9	3,13	19,98	1,41	0,54	81,5	84,5	2,52	10
3	77,27	22,72	0,95	3,12	19,08	1,68	0,81	81,5	79,7	7	10
4	77,76	22,24	0,98	3,12	18,57	-	1,75	-	82,4	-	9,5

1450°С және 1500°С температурада күйдірілген «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспаларынан жасалған клинкерлердің ақтық дәрежесі 75,7 %-дан 84,5 %-ға дейін өзгереді, бұл 1-ші сұрыпты ақ портландцемент алуға жарамды екендігін көрсетті. Күйдіру температурасы 1500°С-қа дейін көтерілген кезде байланыспаған CaO мөлшері 0,54–0,81 %-ға дейін нәтижені көрсетті. Нәтижесінде бос CaO-ның клинкер минералдарымен байланысуы ГОСТ 31108-2020 (GOST 31108-2020) бойынша белгіленген 2 %-дан жоғары емес екендігі анықталды. Клинкердің ақтығы мен күйдіру температурасы арасындағы тұрақты байланысты анықтауға мүмкін болмады.


Екінші сериялы тәжірибеде «Sastobe Technologies» ЖШС зауыттың шикізат шламынан дайындалған шикізат қоспасына әртүрлі қоспалармен араластыру арқылы клинкер күйдіру процестерін зерттедік. Шламның құрамы «Байытылған әктас + Көкшетау каолині + кварц құмы» тұратын еді. Зауыттың шламына минерализатор ретінде қосылған қоспалардың құрамына 1 және 2 % CaF_2, 1 және 2 % $CaCl_2$, 2 және 4 % гипс және 5 және 10 % фосфор шлагы ендірілді.

«Sastobe Technologies» ЖШС зауыттың шламының химиялық құрамы мен модулі келесідей: CaO - 47,91 %, Al_2O_3 - 3,68 %, Fe_2O_3 - 0,6 %, SiO_2 - 16,14 %. Барлығы: 68,33 %. W=39,8 %. ҚК=0,92, n=3,77, p=6,19. Ал түзілген клинкер минералдары C_3S - 46,82%, C_2S - 10,95%, C_3A - 8,79%, C_4AF - 1,82 %. Барлығы: 68,38%. Алдын ала кептірілген зауыт шламына минерализатор қоспасы қосылды. Шлам мен минерализатор қоспалар фарфор ыдыста 1 минут бойы ұнтақталған, содан кейін араластырылған. Бұл қоспаның біртектілігін қамтамасыз етеді. Дайындалған қоспалардан таблеткалар жасалды. Күйдіру 1450°С және 1500°С температурада 2,5 сағат бойы жүргізілді. Зауыт шламына минерализаторлар қосылған зертханалық күйдіру нәтижелері 4 кестеде келтірілген.

Кесте 4. Зауыт шламына минерализаторлар қосылған зертханалық күйдіру нәтижелері.

№	Минерализатор қоспалары, %	Т=1500 °С күйдіру температурасында бос CaO мөлшері, %	Ақтық дәрежесі, %
1	Зауыт шламы	8,91	71,5
2	Зауыт шламы + 2 % гипс	8,75	85,6
3	Зауыт шламы + 4 % гипс	9,45	82,9
4	Зауыт шламы + 5 % электротермофосфор шлагы	3,95	78,7
5	Зауыт шламы + 10 % электротермофосфор шлагы	2,02	77,9
6	Зауыт шламы + 1 % CaF_2	10,4	88,7
7	Зауыт шламы + 2 % CaF_2	5,1	83,2
8	Зауыт шламы + 1 % $CaC1_2$	11,2	85
9	Зауыт шламы + 2 % $CaC1_2$	10,1	86,2

1450°С температурада күйдірілген таблеткалар ағартудан кейін ұсақталды. 1500°С температурада күйдірілген зауыттық шламда бос CaO мөлшері барлық мүмкін стандарттардан асып түсті және 8,91 % құрады. Минерализаторлар қосылған зауыт шламнан күйген клинкерлердің жалпы көрінісі 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Минерализаторлар қосылған зауыт шламнан күйген клинкерлердің жалпы көрінісі.

Осылайша, шламның ҚК және модулі өте қолайлы болып көрінді. Зерттелген минерализаторлардың ішінде гипс, $CaCl_2$ және 1 % CaF_2 клинкерді күйдіру процесіне минералдандыруды жылдамдататын әсер етпеді. 5 және 10 % фосфор шлағы мен 2 % CaF_2 қосу белгілі бір әсер етті. Осы қоспалары бар клинкерлерде бос CaO мөлшері 2 және 5 % дейін азайды. 100%-дан жоғары зауыттық шламға 5 және 10 % фосфор шлагының қосылуы қоспаның қанығу коэффициентін төмендетіп, клинкерді күйдіру процестерін жақсартты. Түйіршіктелген шламдағы фтордың да күйдіру процесінде минералдандыруды жылдамдататын әсері болды деп болжауға болады. Сонымен қатар, минерализаторлар қосылған

барлық ақаулы клинкерлердің ақтығын бақылау клинкеріне қарағанда жоғары және 85-88 % құрайды. Нәтижесінде, «Sastobe Technologies» ЖШС зауыттында орындалған ақ клинкер алу бойынш жүргізілген зерттеу сәтсіз жүргізілді. Алайда зауыт шламына қосылған минерализаторлардың клинкердің ақтық дәрежесін арттыруда тиімділігін берді.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

1. «Әктас + электротермофосфор шлагы» шикізат қоспаларынан жасалған, 1450°С температурада күйдірілген клинкерлердің ақтық дәрежесі 70,6-76,2 % болды. Клинкердің ақтық дәрежесі үшін оңтайлы мәндері ҚК=0,9 және 0,95 көрсетті. Клинкерлердің ақтық көрсеткіш 75-76 % болды және 2-ші сұрыпты ақ портландцемент өндіруге мүмкіндік береді. Клинкердегі ҚК мәні артқан сайын бос CaO мөлшері 0,33 %-дан 1,98 %-ға дейін жоғарлағаны анықталды.

2. «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспаларынан жасалған, 1500°С температурада күйдірілген клинкерлердің ақтық дәрежесі 79,6-85% болды. Бұл көрсеткіш 1-ші сұрыпты ақ портландцемент өндіруге мүмкіндік береді. ҚК=0,92-0,95 шикізат қоспалары оңтайлы болып табылады. «Әктас + каолин Ангрен» шикізат қоспасы жоғары ҚК мәндеріне қарамастан жақсы күйдірілді. Клинкердегі ҚК мәні артқан сайын бос CaO мөлшері 0,27 %-дан 1,22 %-ға дейін артқандығы анықталды.

3. «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспаларынан жасалған, 1500°С температурада күйдірілген клинкерлердің ақтық дәрежесі 75,7-84,5% болды. Бұл көрсеткіш 1-ші сұрыпты ақ портландцемент өндіруге мүмкіндік береді. ҚК=0,90-0,95 шикізат қоспалар оңтайлы болып табылады. «Әктас + каолин Көкшетау» шикізат қоспасы жоғары ҚК мәндеріне қарамастан жақсы күйдірілді. Клинкердегі ҚК мәні артқан сайын бос CaO мөлшері 0,54 %-дан 0,81 %-ға дейін жоғарлады. Нәтижесінде бос CaO-ның клинкер минералдарымен байланысуы ГОСТ 31108-2020 бойынша белгіленген 2 %-дан жоғары емес және ГОСТ 965-89 бойынша 1-3 сұрыпты ақ клинкер алуға толық мүмкіндік беретіндігі анықталды.

4. «Sastobe Technologies» ЖШС зауыт шламына 1 және 2 % CaF_2, 1 және 2 % $CaCl_2$, 2 және 4 % гипс және 5 және 10 % фосфор шлагы минерализаторларын қосу арқылы ақ портландцемент клинкер алу зерттелді. 1500°С температурада күйдірілген клинкерлердің бос CaO-ның клинкер минералдарымен байланысу мөлшері $CaO_{бос}$=2,02-11,2 % болды (2 %-дан жоғары), алынған клинкердің ақтық дәрежесі 71,5-88,7 % екендігі анықталды. Алайда клинкердің ақтық дәрежесі жоғары болғаны мен оның сапасы ГОСТ 31108-2020 талабына сәйкес келмейтіндігі дәлелденді.

References

Abdullin A., Zhanikulov N., Taimasov B., Potapova E., Alfereva Y., Ksenofontov D., Zhakipbayev B. (2025). Obtaining Composite Zinc Phosphate Cement with the Addition of Phosphoric Slag. Journal of Composites Science. – No. 9. – P. 200. https://doi.org/10.3390/jcs9050200 (in Eng.).

Amangeldi B., Zhanikulov N., Taimasov B., Aitureev M., Dauletiyarov M. (2026). Ak portlandcement klynkerin alu uşin sikizat sixta quramın eseptew [Calculation of the raw material composition for obtaining

white Portland cement clinker]. Academic journal of physical and chemical sciences. – No.1. – P. 251–266. https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.418 (in Kaz.).

Amiraliyev B., Taimasov B., Potapova E., Sarsenbaev B., Begentayev M., Dauletiyarov M., Kuandykova A., Abdullin A., Ainabekov N., Auyesbek S. (2025). Heat Treatment of Clay Shales and Their Utilization as Active Mineral Additives for the Production of Composite Cements. Journal of Composites Science. – No. 9. – 269 p. https://doi.org/10.3390/jcs9060269 (in Eng.).

Arusmalem G., Damar H.P., Bing S., Prasetya A. (2022). Comparison of Compressive Strength of Concrete using white Portland cement with Gray cement. Journal Teknik sipil & perencanaan. – No. 24. – P. 1-7. https://doi.org/10.15294/jtsp.v24i1.32390 (in Eng.).

GOST 15825-80 (1993). Portland tsement tsvetnoy. Tekhnicheskiye usloviya [Colored Portland cement. Specifications]. Publishing House of Standards. Moscow: Russia. – 6 p. (in Russ.).

GOST 31108-2020 (2019) Tsementy obshchestroitel'nyye. Tekhnicheskiye usloviya [General construction cements. Technical specifications.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 18 p. (in Russ.)

GOST 5382-2019 (2019) Tsementy i materialy tsementnogo proizvodstva. Metody khimicheskogo analiza [Cements and materials for cement production. Methods of chemical analysis.]. Standard Inform Publishing House: Moscow, Russia. – 30 p. (in Russ.).

Leon-Reina L., De la Torre A.G., Porras-Vazquez J.M., Cruz M., Ordonez L.M., Alcobe X., Gispert-Guirado F., Larranaga-Varga A., Paul M., Fuellmann T., Schmidt R., Aranda M.A.G. (2009). Round robin on Rietveld quantitative phase analysis of Portland cements. Journal of Applied Crystallography. – No. 42. – P. 906-916. https://doi.org/10.1107/S0021889809028374 (in Eng.).

Li J., Cheng G., Huang S., Lian P. (2021). Effect of ZnO on the whiteness of white Portland cement clinker. Cement and Concrete Research. – No. 143. – P. 106372. https://doi.org/10.1016/j.cemconres.2021.106372 (in Eng.).

Li J., Yao Y., Huang S., Wu C. (2021). Effect of Na_3AlF_6 on the chroma and mineral compositions of the interstitial phase in white Portland cement clinker. Construction and Building Materials. – No. 308. – P. 125034. https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2021.125034 (in Eng.).

Makarova I.A., Lokhova N.A. (2011) Fiziko-khimicheskiye metody issledovaniya stroitel'nykh materialov [Physico-chemical methods of research of building materials]. BSU edition: Belarus. – No. 2011. – 139 p. (in Russ.).

Mend B., Lee Y., Kwon D.-Y., Kim J.-H. J., Chu Y.-S. (2026). Calcium fluoride as an efficient mineralizer for low-temperature portland cement clinkering: a mechanistic mini review. Frontiers in Materials. – No. 13. – P. 1779429. https://doi.org/10.3389/fmats.2026.1779429 (in Eng.).

Moresova K., Skvara F. (2001). White cement – Properties, manufacture, prospects. Ceramics–Silikaty. – No. – P.158-163.

Moresova K., Skvara F., Ullrich B. (2003). Gypsum-free Portland cement based on white cement clinker. Ceramics–Silikaty. – No. 47. – P. 75-80. (in Eng.).

Vazquez-Acosta F., Torres-Martinez L.M., Lopez-Conzalez W., Ibrara-Rodriguez J. (2012). Influence of iron content on the color of the C_3A–Fe_2O_3 system synthesized under different conditions of temperature, atmosphere and cooling. Ceramics International. – No.38. – P. 3261-3272. https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2011.12.032 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 169-182

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.469

UDC: 547.9
IRSTI: 31.23.39

©Baisalova G.Zh.[1], Bauyrzhanova G.B.[2], Niyaz G.A.[1], Taltenov A.A.[1], Ainabayev A.A.[3], 2026.
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan;
[2]Astana Medical University, Astana, Kazakhstan;
[3]Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Karagandy, Kazakhstan.
*E-mail: galiya_72@mail.ru

STUDY OF THE CHEMICAL COMPOSITION OF ETHANOL EXTRACTS OF LADY'S MANTLE BY GAS CHROMATOGRAPHY-MASS SPECTROMETRY

Baisalova Galiya — Candidate of Chemical Sciences, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: galiya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Bauyrzhanova Gulnazik — Junior Researcher, Astana Medical University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: bauirzhanqyzy@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-8346-5328;
Niyaz Gulnazym — Junior Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: niyazgulnazym2000@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-0350-5519;
Taltenov Abzal — Doctor of Chemical Sciences, Professor, L. N. Gumilyov National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Ainabayev Assanali — Candidate of Chemical Sciences, Leading researcher, Karaganda National Research University named after Academician E.A. Buketov, Karagandy, Kazakhstan,
E-mail: aliopel_82t@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-3443-446X.

Abstract. *Alchemilla vulgaris* is widely used in traditional medicine for the treatment of various diseases. In particular, it is applied for disorders of the reproductive system, gastrointestinal tract, and respiratory system, as well as for wound healing. The aim of this study was to determine the qualitative and quantitative composition of ethanol extracts obtained from the leaves and roots of *Alchemilla vulgaris* using gas chromatography–mass spectrometry (GC–MS). A total of 26 compounds were identified in the leaf extract. The main components of the extract from this organ are stigmast-4-en-3-one (22.8150%), ethyl (Z,Z,Z)-9,12,15-octadecatrienoate (18.7052%), and ethyl hexadecanoate (14.4540%), with the percentages representing the mass fractions of these compounds in the extract. A total of 20 phytocompounds

were detected in the roots. Among them, 5-(hydroxymethyl)-2-furancarbaldehyde (32.3287%) and furfural (12.2052%) are the predominant secondary metabolites in terms of mass fraction in the extract. All identified compounds exhibit biological activity. Notably, stigmast-4-en-3-one has been reported to exhibit anti-inflammatory and analgesic properties and may be useful in the treatment of diabetic retinopathy. Another metabolite, ethyl (Z,Z,Z)-9,12,15-octadecatrienoate (ethyl linolenate), serves as a source of the essential α-linolenic acid for the human body and has demonstrated beneficial effects against skin disorders, including scaly dermatitis. The root constituent 5-(hydroxymethyl)-2-furancarboxaldehyde has been reported to possess hepatoprotective and anti-inflammatory activities. The leaves and roots also shared common secondary metabolites that differed in their mass fractions: n-hexadecanoic acid, ethyl hexadecanoate, ethyl linoleate, ethyl (Z,Z,Z)-9,12,15-octadecatrienoate, and ethyl octadecanoate. The compounds identified in the leaf and root extracts indicate the significant pharmacological potential of *Alchemilla vulgaris* and may be of considerable interest for the development of novel medicinal products.

Keywords: Alchemilla vulgaris, maceration, GC–MS, extract, chemical composition

For citations: *Baisalova G.Zh., Bauyrzhanova G.B., Niyaz G.A., Taltenov A.A., Ainabayev A.A. Study of the Chemical Composition of Ethanol Extracts of Lady's Mantle by Gas Chromatography–Mass Spectrometry. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 169-182. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.469*

©Байсалова Г.Ж.[1], Бауыржанова Г.Б.[2], Нияз Г.А.[1], Талтенов А.А.[1], Айнабаев А.А.[3], 2026.

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
[2]Астана Медицина университеті, Астана, Қазақстан;
[3]Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан.
*E-mail: galya_72@mail.ru

ГАЗ ХРОМАТОГРАФИЯ-МАСС-СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН КӘДІМГІ ТЕҢГЕЖАПЫРАҚ ӨСІМДІГІНІҢ ЭТАНОЛДЫ СЫҒЫНДЫЛАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ

Байсалова Галия — химия ғылымдары кандидаты, профессор м.а, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: galya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Бауыржанова Гүлнәзік — кіші ғылыми қызметкер, Астана Медицина университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: bauirzhanqyzy@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-8346-5328;
Нияз Гүлназым — кіші ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: niyazgulnazym2000@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-0350-5519;

Талтенов Абзал — химия ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Айнабаев Асанали — химия ғылымдары кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды ұлттық зертеу университеті, Қарағанды, Қазақстан,
E-mail: aliopel_82t@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-3443-446X.

Аннотация. Кәдімгі теңгежапырақты халықтық медицинада түрлі ауруларды емдеуге қолданады. Оның репродуктивті жүйелер, асқазан-ішек, өкпе ауруларын емдеуде, жара жазатын әсері бар. Жұмыстың мақсаты газ хроматография-масс спектрометрия (ГХ-МС) әдісінің көмегімен *Alchemilla vulgaris* өсімдігінің жапырағы мен тамырының этанолды сығындысының сандық және сапалық құрамын анықтау болып табылады. Жапырағынан 26 қосылыс табылды. Бұл өсімдік мүшесінен алынған сығындыдағы массалық үлестері жоғары қосылыстар қатарына стигмаст-4-ен-3-он (22,8150%), (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (18,7052%) мен гексадекан қышқылының этил эфирі (14,4540%) кіреді. Ал тамырында 20 фитоқосылыстар табылған. Олардың арасындағы сығындыдағы пайыздық үлестері бойынша ерекшеленетін екіншілік метаболиттер - 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид (32,3287%), фурфурол (12,2052%) бар. Осы қосылыстардың барлығы биологиялық белсенділіктерге ие. Айтарлық, стигмаст-4-ен-3-он сусамыр ретинопатиясын емдеуде, қабынуға қарсы және ауырсынуды басатын әсерлер көрсететіндігі анықталған. Келесі метаболит - (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (этиллиноленат) адам ағзасына өмірлік маңызды α-линолен қышқылының көзі болып табылады. Ол тері ауруларына, мысалы қабыршақты дерматитке қарсы әсер көрсетеді. Тамырындағы 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид бауырды қорғайтын, қабынуға қарсы әсерлерге ие. Жапырағы мен тамырында да кездесетін, бірақ сығындыдағы массалық үлесі бойынша ерекшеленетін екіншілік метаболиттерде (н-гексадекан қышқылы, гексадекан қышқылының этил эфирі, линол қышқылының этил эфирі, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі және октадекан қышқылының этил эфирі) бар. Зерттеу барысында жапырақтар мен тамырларынан алынған сығындылардағы анықталған қосылыстар кәдімгі теңгежапырақтың фармакологиялық әлеуетін анықтауы және жаңа дәрілік заттарды жасауда маңызды қызығушылық тудыруы мүмкін.

Түйін сөздер: *Alchemilla vulgaris,* мацерация, ГХ-МС, сығынды, химиялық құрамы

©Байсалова Г.Ж.[1], Бауыржанова Г.Б.[2], Нияз Г.А.[1], Талтенов А.А.[1], Айнабаев А.А.[3], 2026.

[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан;

[2]Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан;

[3]Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганды, Казахстан.

*E-mail: galya_72@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА ЭТАНОЛЬНЫХ ЭКСТРАКТОВ МАНЖЕТКИ ОБЫКНОВЕННОЙ МЕТОДОМ ГАЗ ХРОМАТОГРАФИИ-МАСС-СПЕКТРОМЕТРИИ

Байсалова Галия — кандидат химических наук, и.о профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: galya_72@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1338-0308;
Бауыржанова Гүлнәзік — младший научный сотрудник, Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан,
E-mail: bauirzhanqyzy@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-8346-5328;
Нияз Гүлназым — младший научный сотрудник, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: niyazgulnazym2000@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-0350-5519;
Талтенов Абзал — доктор химических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
E-mail: abzal06@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0620-3816;
Айнабаев Асанали — кандидат химических наук, ведущий научный сотрудник, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганды, Казахстан,
E-mail: aliopel_82t@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-3443-446X.

Аннотация. Обыкновенная манжетка (*Alchemilla vulgaris*) широко используется в народной медицине для лечения различных заболеваний. Особенно часто её применяют при заболеваниях репродуктивной системы, желудочно-кишечного тракта и органов дыхания, а также как ранозаживляющее средство. Целью работы являлось определение качественного и количественного состава этанольных экстрактов листьев и корней *Alchemilla vulgaris* методом газовой хроматографии–масс-спектрометрии (ГХ-МС). В листьях было идентифицировано 26 соединений. Основными компонентами экстракта данного органа являются стигмаст-4-ен-3-он (22,8150%), этиловый эфир (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриеновой кислоты (18,7052%) и этиловый эфир гексадекановой кислоты (14,4540%), где проценты отражают массовые доли указанных соединений в экстракте. В корнях обнаружено 20 фитосоединений. Среди них преобладающими по массовой доле в экстракте вторичными метаболитами выступают 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид (32,3287%) и фурфурол (12,2052%). Все выявленные соединения обладают биологической активностью. В частности, установлено, что стигмаст-4-ен-3-он проявляет

противовоспалительное и обезболивающее действие, а также может быть перспективным при лечении диабетической ретинопатии. Следующий метаболит — этиловый эфир (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриеновой кислоты (этиллиноленат) является источником жизненно важной для организма человека α-линоленовой кислоты. Данное соединение оказывает положительное воздействие при кожных заболеваниях, в частности при чешуйчатом дерматите. Обнаруженный в корнях 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид обладает гепатопротекторными и противовоспалительными свойствами. В листьях и корнях также выявлены общие вторичные метаболиты, различающиеся по массовой доле: н-гексадекановая кислота, этиловый эфир гексадекановой кислоты, этиловый эфир линолевой кислоты, этиловый эфир (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриеновой кислоты и этиловый эфир октадекановой кислоты. Выявленные в экстрактах листьев и корней соединения свидетельствуют о значительном фармакологическом потенциале *Alchemilla vulgaris* и представляют интерес для разработки новых лекарственных средств.

Ключевые слова: *Alchemilla vulgaris*, мацерация, ГХ-МС, экстракт, химический состав

Кіріспе. Соңғы жылдары дәрілік өсімдіктерді зерттеу олардың құрамындағы биологиялық белсенді қосылыстардың алуан түрлілігіне байланысты үлкен ғылыми қызығушылық тудырып отыр. Өсімдік шикізаттары құрамындағы екіншілік метаболиттер организмге әртүрлі әсер етіп, антиоксиданттық, қабынуға, микробқа қарсы және басқа да биологиялық белсенділік түрлерін көрсетуі мүмкін. Сондықтан дәрілік өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу олардың фармакологиялық қасиеттерін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және қолдану мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Кәдімгі теңгежапырақ (*Alchemilla vulgaris)* раушан гүл тұқымдасына, *Alchemilla* туысына жатады. Жалпы бұл туыс 1000 түрді қамтиды екен (Tadik et al., 2020).

A. vulgaris өсімдігі табиғи биологиялық белсенді қосылыстардың көзі ретінде қазіргі таңда ғылыми зерттеулердің маңызды нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Өсімдік метаболизмінің ерекшелігі оның әртүрлі мүшелерінде химиялық қосылыстардың жиналуына әсер етеді. Жапырақ пен тамыр бөліктерінде түзілетін метаболиттер өсімдіктің физиологиялық қызметін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың биологиялық белсенділік көрсету мүмкіндігін анықтайды. Осыған байланысты *A. vulgaris* өсімдігінің жекелеген мүшелерінің химиялық құрамын зерттеу олардың құрамындағы құнды табиғи қосылыстарды анықтау және өсімдік шикізатының әлеуетін бағалау үшін маңызды бағыттардың бірі болып саналады (Vlaisavljević et al., 2019).

Көптеген дерекөздерден халықтық медицинада *A. vulgaris* өсімдігінің дисменореяға, менопаузаға байланысты әйел ағзасындағы болатын өзгерістерден туындайтын ауруларға қатысты түрлі биологиялық белсенділіктері көрсетілген (Jakimiuk et al., 2024). Кәдімгі теңгежапырақты диарея, асқазан-ішек жолы

бұзылыстары және дисменорея кезінде қолдану сипатталған. *Alchemilla* туысының басқа түрлері де несеп айдайтын құрал ретінде, бауыр қабынуын, астма, бронхит, жөтел және қант диабетін, сондай-ақ бүйрек, ішек және асқазан ауруларын емдеуде қолданылады (Ozbilgin et al., 2019).

Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Балқан түбегінде *Alchemilla* туысының түрлері гинекологияға байланысты шағымдарда, дене салмағын төмендету мақсатында, тері ауруларында және әртүрлі қабыну жағдайларында пайдаланылады (Savikin et al., 2013).

Қосарласқан масс-спектрометриялы сұйықтық хроматография көмегімен түрлі еріткіштер (метанол, этанол, этилацетат, су) көмегімен кәдімгі теңгежапырақтан алынған сығындылар құрамындағы фенолды қосылыстардың компоненттік құрамы зерттелді. Жалпы 26 қосылыс анықталды, олардың арасында рутин, кверцетин, апигенин, катехин, п-кумар қышқылы, галл қышқылы, ферул қышқылы кездескен. Этилацетатты сығындыдағы ең көп мөлшердегі қосылыс - катехин (8144 мг/г) болып табылады. Сонымен қатар осы еңбекте (Vlaisavljevic et al., 2019) этилацетатты сығындының антиоксиданттық, обырға қарсы және ферменттік тежегіш қасиеттері алғаш рет зерттелді.

Мына зерттеуде (Kalefetoglu Macar et al., 2026) осы өсімдіктің 70%-тік этанолдан алынған сығындысы дезоксирибонуклеин қышқылын зақымдайтын мутаген – метилметансульфонаттың улы әсерін жоюға қауқарлы екендігі дәлелденген.

Кәдімгі теңгежапырақтың сығындысы гормоналды фонды жақсартатыны, аналық без құрылымын қалпына келтіретіндігі, аорта ұлпасының қабынуына қарсы және ангиопротекторлық әсер көрсетіндігі де зерттелген (Utkan Korun et al., 2025).

Дерматологиялық ауруларға қарсы *Alchemilla* туысының көптеген түрлері, соның ішінде кәдімгі теңгежапырақтың су, этанолды, пропиленгликолді сығындыларының әлеуеті де қарастырылған. Ең жақсы жара жазатын әсерді пропиленгликолді сығындылардың негізінде жасалған гель көрсеткен (Kanak et al., 2025).

Генопротекторлық және ісікке қарсы әсерлері (Jelaca et al., 2022), гепатопротекторлық әлеуеті (Elhassaneen, et al, 2025) және қантамырларын босаңсытатын, гипотензивті әсерлері де зерттелген.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу нысаны ретінде Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Қарағай ауданында өсетін *Alchemilla vulgaris* өсімдігі алынды.

Шикізат 2025 жылдың тамыз айында жиналды. Бұл мерзім жемістерінің пісуі және вегетативті мүшелерінің (тамыр жанындағы жапырақтарының) жаңа күзгі қалыптасуымен қатар келеді.

Өсімдік шикізаты механикалық қоспалардан тазартылып, көлеңкелі жерде кептірілді. Кептірілген өсімдік жапырақ және тамыр бөліктеріне бөлініп, зертханалық диірменде ұнтақталды.

Ұнтақталған өсімдік шикізаты мен 70%-тік этанол 1:10 арақатынасында алынып, бөлме температурасында мацерация үдерісі 24 сағат бойы жүргізілді.

CC BY NC


Алынған сығынды роторлы буландырғышта буландырылып, құрғатылды. Құрғақ этанолды сығындының құрамы масс-селективті детекторы (Agilent 5975C) бар газ хроматографта (Agilent 7890A) зерттелді. Талдау келесі жағдайда жүргізілді: қосылыстарды бөлу «Rtx-100DHA» маркалы бағанада (бағана ұзындығы – 30 м, диаметрі – 0,25 мм) жүзеге асырылды. Газ-тасымалдағыш ретінде «А» маркалы гелий қолданылды. Енгізілетін сынама көлемі – 0,2 мкл.

Сығындының компоненттік құрамы жалпы иондық хроматограммалардағы шыңдардың аудандары арқылы «GS-MSDDataAnalysis» бағдарламасының көмегімен автоматты түрде анықталды. «NIST 08» кітапханасын қолдана отырып, масс-спектрлер мен ұстау уақыттары бойынша қосылыстарды идентификациялау жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Кәдімгі теңгежапырақ өсімдік жапырағының этанол сығындысынан 26 қосылыс табылған. Жалпы кездескен осы қосылыстарды сығындыдағы массалық үлестері бойынша 3 топқа біріктіруге болады (сурет 1).

Бірінші топқа пайыздық үлестері 10%-тен жоғары қосылыстарды жатқызуға болады. Олардың ішінде ең көп мөлшерде табылған қосылыс - стигмаст-4-ен-3-он (22,8150%). Одан кейінгі басымдыққа ие қосылыстар - (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (18,7052%) мен гексадекан қышқылының этил эфирі (14,4540%).

Массалық үлестері 1%-10% аралығындағы қосылыстар қатарына 6-бензоилтило-1,2,4-триазин-3,5-(2H,4H)-дион, диэтоксидиметилсилан, фурфурол, 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбоксальдегид, 1,6-ангидро-β-D-глюкопираноза, 1,19-эйкозадиен, 2-этилциклогексил 2-фторбензоаты, 3,7,11,15-тетраметил-2-гексадецен-1-ол, фитол, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылы, линол қышқылының этил эфирі, октадекан қышқылының этил эфирі және нанодекан қышқылының этил эфирі кіреді.



Сурет 1. *Alchemilla vulgaris* жапырағының этанолды сығындысының ГХ-МС әдісімен алынған хроматограммасы.

Сығынды құрамындағы пайыздық үлесі 1%-ға дейінгі қосылыстар қатарында β-ситостерил ацетаты, н-гексадекан қышқылы, 9-гексадецен қышқылының этил эфирі, тетрадекан қышқылының этил эфирі, 2-метилинден, этил-α-D-глюкопиранозид, янтарь қышқылының моноэтил эфирі, 2,3-дигидро-3,5-дигидрокси-6-метил-4H-пиран-4-он, 2-оксазолидон және 4,5-диамино-2-гидроксипиримидин кездеседі (кесте 1).


Кесте 1. Кәдімгі теңгежапырақ жапырағының этанолды сығындысының химиялық құрамы.

№	Химиялық қосылыс	Ұстау уақыты, минут	Сығындыдағы массалық үлесі, %
1	6-бензоилтило-1,2,4-триазин-3,5-(2H,4H)-дион	3,7849	2,5924
2	Диэтоксидиметилсилан	4,2801	1,1684
3	Фурфурол	5,0062	1,0185
4	4,5-диамино-2-гидроксипиримидин	9,2859	0,5107
5	2-оксазолидон	9,5500	0,5624
6	2,3-дигидро-3,5-дигидрокси-6-метил-4H-пиран-4-он	10,6502	0,5281
7	Янтарь қышқылының моноэтил эфирі	10,9032	0,8567
8	5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбоксальдегид	11,7724	1,8057
9	1,6-ангидро-β-D-глюкопираноза	16,0632	1,2717
10	Этил-α-D-глюкопиранозид	18,4176	0,8357
11	2-метилинден	19,1877	0,8699
12	Тетрадекан қышқылының этил эфирі	21,1791	0,4841
13	1,19-эйкозадиен	21,9932	4,9016
14	2-этилциклогексил 2-фторбензоаты	22,2903	1,7640
15	3,7,11,15-тетраметил-2-гексадецен-1-ол	22,5323	3,3176
16	н-гексадекан қышқылы	23,2474	0,9206
17	9-гексадецен қышқылының этил эфирі	23,5885	0,6279
18	Гексадекан қышқылының этил эфирі	23,7205	14,4540
19	Фитол	25,2278	6,2705
20	(Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылы	25,3268	1,3484
21	Линол қышқылының этил эфирі	25,6679	2,8645
22	(Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі	25,7229	18,7052
23	Октадекан қышқылының этил эфирі	26,0419	4,8402
24	Нанодекан қышқылының этил эфирі	28,1763	3,9689
25	β-ситостерил ацетаты	29,6726	0,6974
26	Стигмаст-4-ен-3-он	31,5539	22,8150

Ал кәдімгі теңгежапырақ өсімдігінің тамырынан алынған этанолды сығынды құрамынан 20 химиялық қосылыстар табылған (сурет 2, кесте 2).

Бұл қосылыстардың арасындағы доминат - 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид (32,3287%). Одан кейінгі жоғары мөлшердегі қосылыс – фурфурол (12,2052%).

CC BY NC



Сурет 2. *Alchemilla vulgaris* тамырының этанолды сығындысының ГХ-МС әдісімен алынған хроматограммасы.

Тамырындағы пайыздық үлесі 1-10% құрайтын химиялық қосылыстар: триметилоксазол (1,1167%), глицеральдегид (1,2600%), *цис*-кротил спиртінің үшіншілік-бутилдиметилсилил эфирі (1,3125%), 1,6-ангидро-β-D-глюкопираноза (1,8248%), 2-фуранкарбогидразид (1,8387%), 1,3-дигидрокси-2-пропанон (1,8813%), октадекан қышқылының этил эфирі (1,9126%), пропаненитрил (1,9448%), диэтоксидиметилсилан (2,1090%), н-гексадекан қышқылы (2,5546%), 2,3-дигидро-3,5-дигидрокси-6-метил-4Н-пиран-4-он (3,8266%), тимин (4,2760%), (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (4,3479%), бензоил бромид (4,6811%), линол қышқылының этил эфирі (9,2041%), гексадекан қышқылының этил эфирі (9,7963%).

Пайыздық үлесі 1%-ға дейінгі химиялық қосылыстар қатарында (Z,Z)-9,12-октадекадиен қышқылы (0,7855%), 2-фуранметанол (0,7936%) бар.

Кесте 2. Кәдімгі теңгежапырақ тамырының этанолды сығындысының химиялық құрамы.

№	Химиялық қосылыс	Ұстау уақыты, минут	Сығындыдағы массалық үлесі, %
1	Бензоил бромид	3,7739	4,6811
2	Диэтоксидиметилсилан	4,2690	2,1090
3	Пропаненитрил	4,4340	1,9448
4	Глицеральдегид	4,8081	1,2600
5	Фурфурол	4,9951	12,2052
6	2-фуранметанол	5,3802	0,7936
7	1,3-дигидрокси-2-пропанон	5,7433	1,8813
8	Триметилоксазол	7,6136	1,1167
9	Тимин	9,2749	4,2760
10	2-фуранкарбогидразид	9,3959	1,8387

11	2,3-дигидро-3,5-дигидрокси-6-метил-4H-пиран-4-он	10,6392	3,8266
12	5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид	11,7614	32,3287
13	*Цис*-кротил спиртінің үшіншілік-бутилдиметилсилил эфирі	12,9276	1,3125
14	1,6-ангидро-β-D-глюкопираноза	16,0631	1,8248
15	н-Гексадекан қышқылы	23,2474	2,5546
16	Гексадекан қышқылының этил эфирі	23,7205	9,7963
17	(Z,Z)-9,12-октадекадиен қышқылы	25,2718	0,7855
18	Линол қышқылының этил эфирі	25,6678	9,2041
19	(Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі	25,7229	4,3479
20	Октадекан қышқылының этил эфирі	26,0419	1,9126

Жапырағында ең көп кездескен фитохимиялық қосылыс - стигмаст-4-ен-3-он табиғатта кездесетін фитостероид (Udobre, et al, 2015) болып табылады. Ол жоғары фармакологиялық әсері бар қосылыс (Alexander-Lindo et al., 2004). Ғалымдардың бір тобы (Ji et al., 2024) осы стероидтың глюкокортикоидты рецептордың гормоналды емес белсендірушісі функциясын атқаратындығын дәлелдеген. Ол сусамыр ауруы кезінде көздің торлы қабығының зақымдануын қалыпқа келтіреді және қан тамырларының қалыптан тыс өсуін тежейді.

Nauclea latifolia өсімдігі сүрегінен бөліп алынған стигмаст-4-ен-3-он ауыз қуысының бактерияларының (*Steptococcus gordonii, Steptococcus sanguinis)* өсуін тежейтіндігін айқындаған (Udobre et al., 2015).

Жапырақтарындағы доминант - (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (этиллиноленат). Адам ағзасына α-линолен қышқылының жеткіліксіздігін этиллиноленатпен емдеу практикасы да ғалымдармен (Bjerve et al., 1987) қарастырылған. Осы қосылыстың аздаған мөлшерін тұтынған емделушідегі қабыршақты дерматит жойылған.

Простациклин қан тамырларының ұлғаюын тежейтін, қысымды төмендететін және тромбтардың түзілуінен қорғайтын гормон. Этиллиноленатты ағзаға енгізу осы гормондардың түзілуіне ықпал ететіндігі анықталды (Bjerve et al., 1987).

Шикізаттың тамырындағы пайыздық үлесі жоғары химиялық қосылыс - 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид. Оның бауырды қорғайтын белсенділікке ие екендігі анықталған (Li et al., 2015). *Schisandra chinensis* өсімдігі жемісінен бөлініп алынған бұл қосылыстың АЛТ (аланинаминотрансфераза)/ АСТ (аспартатаминотрансфераза) ферменттерінің деңгейін кемітетін және бауырдың май басуын тежейтін қасиеттері зерттелді.

Келесі бір жұмыста (Fanhui et al., 2019) осы қосылыстың қабынуға қарсы белсенділігі қарастырылды. Оның макрофагтардағы липополисахаридтер әсерінен туындаған қабыну үдерістерін тежеу белсенділігіне ие екендігі анықталған.

Сығындыда аз мөлшерде кездессе де, белгілі бір биологиялық белсенділікке ие химиялық қосылыстар да бар. Осындай қосылыстар қатарында, айтарлық, тамыр сығындысынан табылған 2-фуранметанол мен триметилоксазол, ал жапырақтарынан алынған сығындыдағы фитол мен 2-оксазолидон мысал бола алады. 2-Фуранметанол фуран сақинасы бар табиғи органикалық қосылыс, ол

өсімдік текті шикізаттар құрамында кездеседі. Ол тағамдық дәмдеуіштер ретінде сатылымдағы өнім. Әдеби деректерге сәйкес, бұл қосылыс антиоксиданттық белсенділік көрсетіп, липидтердің тотығу үдерістерін тежеуге қабілетті. Зерттеулерде 2-фуранметанолдың тотығу реакцияларын төмендететіні және табиғи антиоксиданттық компонент ретінде қарастырылуы мүмкін екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, фуран туындыларының жалпы тобына жататын қосылыстардың микробқа және қабынуға қарсы қасиеттері сипатталған. Олар жасушалық сигнал беру жолдарына әсер ету арқылы қабыну реакцияларын реттеуге және микроорганизмдердің өсуін тежеуге ықпал етуі мүмкін (Alizadeh et al., 2020). Кейбір зерттеулерде бұл қосылыс өсімдік сығындыларының биологиялық белсенділігін қалыптастыратын компоненттердің бірі ретінде қарастырылып, оның микробқа қарсы және цитопротекторлық әлеуеті зерттелген. Осыған байланысты *Alchemilla vulgaris* тамырында 2-фуранметанолдың анықталуы өсімдік құрамындағы фуран туындыларының болуын көрсетеді және бұл қосылыс сығындының антиоксиданттық және қорғаныштық қасиеттеріне белгілі бір үлес қосуы мүмкін.

Триметилоксазол - құрамында оксазол сақинасы бар гетероциклді органикалық қосылыс. Оксазол туындылары биологиялық белсенді қосылыстардың маңызды класына жатады және олардың микробқа, сусамырға, қабынуға қарсы және антиоксиданттық қасиеттері зерттелген. Оксазол сақинасының болуы молекуланың әртүрлі биологиялық нысандармен әрекеттесу қабілетіне әсер етуі мүмкін. *A. vulgaris* тамырында триметилоксазолдың анықталуы өсімдік құрамындағы гетероциклді органикалық қосылыстардың болуын көрсетеді (Kakkar et al., 2019).

Жапырақ сығындысынан дитерпен – фитол табылды. Фитол және оның туындылары әртүрлі фармакологиялық және биологиялық белсенділік түрлерін көрсетеді. Фитол және оның туындылары мазасыздыққа қарсы, метаболизмді реттеуші, антиоксиданттық, аутофагия мен апоптоз үдерістерін белсендіретін, ауырсынуды басатын, қабынуға қарсы, иммуномодуляциялаушы және микробқа қарсы белсенділікке ие екендігі анықталған (Islam et al., 2018) .

Әдеби деректерге сәйкес, оксазолидон сақинасы бар қосылыстар микроорганизмдердің ақуыз синтезі үдерістеріне әсер ету арқылы бактерияға қарсы белсенділік көрсете алады. Осы құрылым негізінде әзірленген кейбір туындылар фармацевтикалық тәжірибеде бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған перспективалы қосылыстар ретінде зерттелген. Сонымен қатар, оксазолидон туындыларының биологиялық белсенділігі олардың молекулалық құрылымына, орынбасар топтарының табиғатына және химиялық қасиеттеріне байланысты өзгереді.

A. vulgaris жапырағында 2-оксазолидонның анықталуы өсімдік құрамында азотты гетероциклді қосылыстардың болуын көрсетеді. Мұндай қосылыстар өсімдік экстрактілерінің жалпы биологиялық белсенділігіне ықпал ететін потенциалды компоненттер ретінде қарастырылуы мүмкін.

A. vulgaris өсімдігінің жапырағы мен тамырынан алынған сығындыларды

талдау барысында келесі екіншілік метаболиттер, айтарлық н-гексадекан қышқылы, гексадекан қышқылының этил эфирі, линол қышқылының этил эфирі, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі және октадекан қышқылының этил эфирі сияқты қосылыстар қарастырып отырған екі өсімдік мүшелеріне де ортақ, бірақ сығындылардағы пайыздық үлестері әртүрлі шамаға ие екендігін көрсетті. Кәдімгі теңгежапырақ тамырындағы н-гексадекан қышқылының, линол қышқылының этил эфирінің пайыздық мөлшерлері жапырағына қарағанда жоғары шамаға ие. Ал гексадекан қышқылының этил эфирі, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі және октадекан қышқылының этил эфирі, керісінше, жапырақтарында көп мөлшерде кездескен.

Линол қышқылының этил эфирінің қышқылды бөлігі – өмірлік маңызды болып саналатын линол қышқылы, ол ми мен плазма үшін пероральді биожетімділікке ие. Осыған байланысты оны дәрілік заттарды ми мен плазмаға тасымалдаушы ретінде қарастырған жұмыстар да бар.

Бұл қышқыл зат алмасу реакцияларының арқасында □-линолен қышқылына айналады. Пайда болған қышқыл нейрондық мембраналардың фосфолипидтерінің маңызды компоненті болып табылады, сонымен қатар нервтердегі қан айналымды сақтайтын простагландиндер түзілуінің субстраты болып табылады (Martin, 2010).

Тамырының да, жапырағының да ГХ-МС хроматограммасында шыңы пайда болған қосылыс – гексадекан қышқылы. Гексадекан қышқылы көп функционалды белсенді қосылыс. Ол антиоксиданттық, зеңге, бактерияға және қабынуға қарсы әсерлерге ие.

Қарастырылып отырған өсімдік мүшелерінде кездескен жоғары май қышқылдарының эфирлерінің барлығында спирттік қалдық – этил болып табылады. Жоғары май қышқылдарының эфирлерінің түрлері және жиынтық пайыздық үлесі бойынша жапырақтары (45,9448%) тамырына (25,2609%) қарағанда басымдық көрсеткен. Жапырақтарынан алынған сығындыда жоғары май қышқылдарының эфирлерінің 7 түрі (тетрадекан қышқылының этил эфирі, 9-гексадецен қышқылының этил эфирі, гексадекан қышқылының этил эфирі, линол қышқылының этил эфирі, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі, октадекан қышқылының этил эфирі, нанодекан қышқылының этил эфирі) кездессе, ал тамырында бар болғаны 4 түрі (гексадекан қышқылының этил эфирі, линол қышқылының этил эфирі, (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі, октадекан қышқылының этил эфирі) бар.

Қорытынды. Бүгінгі таңда дәстүрлі медицинаның негізі болып саналатын дәрілік өсімдіктер қарқынды фармакологиялық ізденістердің зерттеу нысандарына айналып отыр. Өсімдік шикізатына деген мұндай қызығушылықтың туындауы – олардан биологиялық белсенді заттарды бөліп алу мен оның негізінде жаңа фармацевтикалық заттар жасау мүмкіндігі себеп болып отыр. Газ хроматография-масс спектрометрия әдісінің көмегімен кәдімгі теңгежапырақ өсімдігінің жапырағы мен тамырының этанолды сығындыларының химиялық профилдері алынды. Зерттеу барысында осы өсімдіктің жапырағынан алынған сығындының

хроматограммасында 26 қосылыстың шыңдары бар. Жоғары мөлшерде кездескен стигмаст-4-ен-3-он (22,8150%), (Z,Z,Z)-9,12,15-октадекатриен қышқылының этил эфирі (18,7052%) мен гексадекан қышқылының этил эфирі (14,4540%) болды. Ал тамырынан алынған сығындының хроматограммасында 20 химиялық қосылыстардың шыңдары айқындалған. Мұндағы сығындыдағы массалық үлестері бойынша басымдыққа ие қосылыстар - 5-(гидроксиметил)-2-фуранкарбальдегид (32,3287%) және фурфурол (12,2052%) болып табылады. Идентификацияланған қосылыстардың барлығы белгілі бір фармакологиялық әсерлерге ие. Кәдімгі теңгежапырақтың жапырағы мен тамырынан алынған сығындылардағы анықталған биологиялық белсенді кешендердің негізінде, оны дәрілік заттардың жаңа буынын жасауға мүмкіндік беретін әлеуетті шикізат көзі ретінде ұсынуға болады.

References

Alexander-Lindo R.L., Morrison E.Y., Nair M.G. (2004) Hypoglycaemic effect of stigmast-4-en-3-one and its corresponding alcohol from the bark of *Anacardium occidentale* (cashew), Phyto-therapy research. – Vol. 18(5). – P.403-407. DOI 10.1002/ptr.1459 (in Eng.).

Alizadeh M., Jalal M., Hamed K. (2020) Recent updates on anti-inflammatory and antimicrobial effects of furan natural derivatives, Biomedicine & Pharmacotherapy. – Vol. 131. DOI: 10.1016/j.biopha.2020.110718 (in Eng.).

Choi J., Park Y.G., Yun M.S., Seol J.W. (2018) Effect of herbal mixture composed of Alchemilla vulgaris and Mimosa on wound healing process, Biomedicine and Pharmacotherapy. – Vol. 106. – P. 326-332. DOI 10.1016/l.biopha.2018.06.141 (in Eng.).

Elhassaneen Y.A., Darwish A.H., Mosa A.A. (2025) Protective effects of Lady's Mantle (Alchemilla vulgaris L.) against hepatotoxicity in a rat model: Insights into active compounds and underlying mechanisms, American Journal of Public Health Research. – Vol. 3(5). – P. 208-223. DOI 10.12691/ajphr-13-5-2 (in Eng.).

Islam M.T., Ali E.S., Uddin S.J. (2018) Phytol: A review of biomedical activities, Food and chemical toxicology. – Vol. 121. – P. 82-94. DOI: 10.1016/j.fct.2018.08.032 (in Eng.).

Jakimuik K., Tomczyk M. (2024) A review of the traditional uses, phytochemistry, pharmacology, and clinical evidence for the genus Alchemilla (Rosaceae), Journal of ethnopharmacology. – Vol. 319(1). – P. 117109. DOI 10.1016/j.jep.2023.117109 (in Eng.).

Jelača S, Stevanović Z.D. (2022) Beyond traditional use of Alchemilla vulgaris: Geneprotective and antitumor effects, Molecules. – Vol. 27(23). – P. 8113. DOI 103390/molecules27238113 (in Eng.).

Ji R., Du Y., Wang Y., Tian J., Wang Z., Peng M., Hao G., Xing Y., Xu Y., Ye D., Liu Y., Han J., Wang W. (2024) Stigmast-4-en-3-one from Euonymus alatus (Thunb.) Siebold improves diabetic retinopathy and angiogenesis mediated by glucocorticoids receptor, Journal of Ethnopharmacology. – Vol.334. – P. 118567. DOI 10.1016/j.jep.2024.118567 (in Eng.).

Kakkar S., Narasimhan B. (2019) A comprehensive review on biological activities of oxazole derivatives, BMC Chemistry. – Vol. 13. DOI: 10.1186/s13065-019-0531-9 (in Eng.).

Kalefetoğlu M.T., Macar O., Yalcin E. (2026) Alchemilla vulgaris cytoprotection against methyl methanesulfonate by experimental and molecular docking approaches, Scientific Reports. – Vol. 16(1). – P. 4184. DOI 10.1038/s41598-025-34304-9 (in Eng.).

Kanak S., Krzemińska B., Jakimiuk K. (2025) Harnessing the power of Alchemilla: A natural solution for skin health and dermatological disorders, Molecules. – Vol. 30(8). – P.1861. DOI 10.3390/ijms16022446 (in Eng.).

Kong F., Bae H.L., Kun W. (2019) 5-Hydroxymethylfurfural mitigates lipopolysaccharide-stimulated inflammation via suppression of MAPK, NF-kB and mTOR activation in RAW 264.7 Cells, Molecules. – Vol. 24(2). – P. 275. DOI 10.3390/molecules24020275 (in Eng.).

Li W., Qu X.N., Han Y., Zheng S.W., Wang J., Wang Y.P. (2015) Ameliorative effects of 5-hydroxymethyl-

2-furfural (5-HMF) from Schisandra chinensis on alcoholic liver oxidative Injury in mice, International Journal of Molecular Sciences. – Vol. 16(2). – P. 2446-2457. DOI 10.3390/ijms16022446 (in Eng.).

Martin H. (2010) Role of PPAR-gamma in inflammation. Prospects for therapeutic intervention by food components, Mutation Research. – V.690. – P. 57-63 (in Eng.).

Ozbilgin S., Ozbek H., Kırmızı N.I. (2019) Evaluation of the antidiabetic activity of Alchemilla persica Rothm. in mice with diabetes induced by alloxan, Turkish Journal of Pharmaceutical Sciences. – Vol. 16(3). – P. 261-264. DOI: 10.4274/tjps.galenos.2018.65487 (in Eng.).

Savikin K., Zdunic G., Menkovic N. (2013) Ethnobotanical study on traditional use of medicinal plants in South-Western Serbia, Zlatibor district, Journal of Ethnopharmacology. – Vol. 146(3). – P. 803-810. DOI: 10.1016/j.jep.2013.02.006 (in Eng.).

Tadic V., Krgovic N., Zugic A. (2020) Lady's mantle (Alchemilla vulgaris L., Rosaceae): A review of traditional uses, phytochemical profile, and biological properties, Natural Medicinal Materials. – Vol. 40. – P.66-74. (in Eng.).

Udobre A.S., Etim E.I., Udobang J.A., Udoh A.E. (2015) Antimicrobial activity of stigmast-4-en-3-one and 2,4-dimethylhexane isolated from Nauclea latifolia, International Journal of Phytopharmacy Research. – Vol. 6(2). – P.65-68. DOI 10.7439/ijpr.v6i2.2075 (in Eng.).

Utkan Korun Z.E., Gocmez S.S., Furat S. (2025) Beneficial effects of Alchemilla vulgaris in DHEA-inducted rat model of polycystic ovary syndrome, Reproductive Sciences. – Vol. 32(7). – P. 2453-2466. DOI 10.1007/s43032-025-01885-9 (in Eng.).

Vlaisavljević S., Jelača S., Zengin G. et al. (2019) Alchemilla vulgaris agg. From central Balkan: antioxidant, anticancer, and enzyme inhibition properties, RSC Advances. – Vol. 9(64). – P. 37474-37483. DOI 10.1039/c9ra08231j (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 183-204

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.450

UDC: 556.3
IRSTI: 38.61

©Bishimbaev V.K.[1], Kapsalyamov B.A.[2]*, 2026.
[1]National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan;
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
E-mail: Kapsalyamov_ba@enu.kz

HYDROGEOCHEMICAL INDICATORS OF SULFURIC-ACID URANIUM LEACHING IMPACT ON GROUNDWATER IN SHIELI AND ZHANAKORGAN DISTRICTS

Bishimbaev Valikhan — Doctor of Technical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: bishimbaev@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-0317-8560;
Kapsalyamov Bauyrzhan — Doctor of Technical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
E-mail: Kapsalyamov_ba@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3674-8200.

Abstract. Acid in situ recovery (ISR) of uranium can produce a persistent hydrogeochemical signal in ore-bearing aquifers, but interpretation is complicated by natural salinity, redox buffering, sparse monitoring networks, and incomplete disclosure of operational data. This study develops an analytical and methodological framework for distinguishing the effects of sulfuric-acid ISR from regional groundwater variability in the Shieli and Zhanakorgan districts of the Kyzylorda Region, Kazakhstan, with an illustrative worked calculation for the Irkol area. The framework combines source–pathway–receptor reasoning with paired indicators of acidification, sulfate loading, uranium mobilization, mineral dissolution, and changes in electrical conductivity. Two dimensionless screening coefficients, *K*b and *K*s, are used to compare observed values with explicitly stated reference conditions. Their calculation is demonstrated using one published observation from the Irkol pilot block at a single time point. This worked case verifies the equations' transparency, internal consistency and reproducibility, establishing an auditable basis ahead of the multi-well field validation this monitoring program requires. The analysis shows that no single parameter is sufficient for source attribution: the most diagnostic pattern is a concurrent decrease in pH and increase in sulfate and dissolved uranium, supported by major-ion balance and hydraulic context. Elevated mineralization or chloride without a corresponding uranium response may instead reflect natural salinization. The proposed framework is intended for hypothesis

testing and monitoring design. Robust validation will require repeated sampling from background, operational, boundary, and downgradient wells, together with piezometric observations, quality-controlled major-ion and trace-element analyses, and site-specific baseline distributions.

Keywords: in-situ leach uranium mining; groundwater; hydrogeochemistry; sulfate; uranium; radionuclides; groundwater monitoring

For citations: *Bishimbaev V.K., Kapsalyamov B.A. Hydrogeochemical Indicators of Sulfuric-Acid Uranium Leaching Impact on Groundwater in Shieli and Zhanakorgan Districts. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 183-204. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.450.*

©Бишимбаев В.К.[1], Капсалямов Б.А.[2]*, 2026.
[1]Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Алматы, Қазақстан;
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
*E-mail: Kapsalyamov_ba@enu.kz

ШИЕЛІ ЖӘНЕ ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНДАРЫНДАҒЫ УРАНДЫ КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫМЕН ШАЙМАЛАУДЫҢ ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫНА ӘСЕРІНІҢ ГИДРОГЕОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бишимбаев Валихан — техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Алматы, Қазақстан,
E-mail: bishimbaev@gmail.com, https://orcid.org/0000-0003-0317-8560;
Қапсалямов Бауыржан — техника ғылымдарының докторы, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
E-mail: Kapsalyamov_ba@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-3674-8200.

Akhtar M., Shahzadi S., Arshad M., Akhtar T., Janjua M. R. (2025). Metal oxide-polymer hybrid composites: a comprehensive review on synthesis and multifunctional applications. RSC Advances. – Vol. 15. – P. 18173-18208. https://doi.org/10.1039/D5RA01821H (in Eng.).

Al-Samhan M., Al-Fadhli J., Al-Otaibi A. M., Bouresli R. (2023). Synthesis of micromesoporous zeolite-alumina catalysts for olefin production from heavy crude oil. International Journal of Chemical Engineering. – Vol. 2023. – P. 7302409. https://doi.org/10.1155/2023/7302409 (in Eng.).

Arif M., Raza H., Akhter T. (2024). Classification, synthesis, characterization, and applications of metal nanoparticle-containing hybrid microgels: a comprehensive review. RSC Advances. – No. 14(34). – P. 24604-24630. https://doi.org/10.1039/D4RA04128C (in Eng.).

Beg S., Rahman M., Jain A., Saini S., Midoux P., Pichon C., Akhter S. (2017). Nanoporous metal organic frameworks as hybrid polymer–metal composites for drug delivery and biomedical applications. Drug Discovery Today. – No. 22(4). – P. 625-637. https://doi.org/10.1016/j.drudis.2016.10.001 (in Eng.).

Hasanudin H., Nakashima M., Asri W. R., Novia N., Hadiah F., Maryana R., Al Muttaqii M., Rinaldi N. (2025). Effect of aluminium loading on SiO_2/Al_2O_3-NiMo catalysts synthesized via KHP-template for crude palm oil hydrocracking. Bulletin of Chemical Reaction Engineering & Catalysis. – Vol. 20. – P. 694-708. https://doi.org/10.9767/bcrec.20483 (in Eng.).

Hatakeyama Y., Morita T., Takahashi S., Onishi K., Nishikawa K. (2011). Synthesis of gold nanoparticles in liquid polyethylene glycol by sputter deposition and temperature effects on their size and shape. The Journal of Physical Chemistry C. – Vol. 115. – P. 3279-3285. https://doi.org/10.1021/jp110455k (in Eng.).

Liu F., Abdiryim T., Liu X. (2024). Metallopolymers as functional materials for multiple applications. Polymer. – Vol. 305. – P. 127170. https://doi.org/10.1016/j.polymer.2024.127170 (in Eng.).

Majodina S., Walmsley R., Govender A., Hosten E. C., Olivier J., Tshentu Z., Ogunlaja A. S. (2025). Influence of ligands on the surface characteristics of CoMo/γ-Al_2O_3 and hydrodesulfurization catalytic activity on dibenzothiophene-type compounds. ChemistryOpen. – Vol. 14. – P. e202400123. https://doi.org/10.1002/open.202400123 (in Eng.).

Mijares-Alvarado A. G., López-Benítez A., Silva-Rodrigo R., Rodríguez-Ávila J. A., Guevara-Lara A. (2025). Impact of impregnation pH on NiMo surface species in Al_2O_3-supported catalysts for green diesel production. Surfaces. – No. 8(2). – P. 21. https://doi.org/10.3390/surfaces8020021 (in Eng.).

Nguyen M. T., Pattanasattayavong P., Yonezawa T. (2024). Detailed discussion on the structure of alloy nanoparticles synthesized via magnetron sputter deposition onto liquid poly(ethylene glycol). Nanoscale Advances. – Vol. 6. – P. 1822-1836. https://doi.org/10.1039/D3NA00998J (in Eng.).

Rajeev S., Panicker U. G. (2025). Polymer-metal organic frameworks: recent advances in synthesis strategies and applications. Journal of Inorganic and Organometallic Polymers and Materials. – Vol. 35. – P. 5157-5188. https://doi.org/10.1007/s10904-025-03616-8 (in Eng.).

Salomatina A. A., Nadeina K. A., Klimov O. V., Danilova I. G., Gerasimov E. Y., Prosvirin I. P., Noskov A. S. (2022). Influence of Ni/Mo ratio on structure formation of Ni–Mo complex compounds in NiMo/Al_2O_3 catalysts for selective diene hydrogenation. Energy & Fuels. – Vol. 36. – P. 15088-15099. https://doi.org/10.1021/acs.energyfuels.2c02940 (in Eng.).

Schmidt B. V. (2020). Metal-organic frameworks in polymer science: polymerization catalysis, polymerization environment, and hybrid materials. Macromolecular Rapid Communications. – Vol. 41. – P. 1900333. https://doi.org/10.1002/marc.201900333 (in Eng.).

Sukandar D., Badriyah L., Rustyawan W., Adawiah A. (2023). Effect of additional polyethylene glycol and citric acid on characteristics of NiMo/γ-Al_2O_3 catalyst in light cycle gas oil hydrodesulfurisation. Bulletin of Chemical Reaction Engineering & Catalysis. – No. 18(1). – P. 162-172. https://doi.org/10.9767/bcrec.17036 (in Eng.).

Tayyab M., Zizhe L., Rauf S., Xu Z., Sagar R. U., Faiz F., Luo J. L. (2025). Advanced fabrication techniques for polymer–metal nanocomposite films: state-of-the-art innovations in energy and electronic applications. Chemical Science. – Vol. 16. – P. 3362-3407. https://doi.org/10.1039/D4SC04600E (in Eng.).

Thirugnanasambandan T. (2019). Polymers-metal nanocomposites. In: Dasgupta N., Ranjan S., Lichtfouse E. Environmental Nanotechnology. Environmental Chemistry for a Sustainable World. – Vol. 21. – Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-319-98708-8_8 (in Eng.).

Yildiz Y., Manzak A. (2024). The effect of a hydrophilic polymer on the morphology of polymeric membranes and the retention of metals. Water, Air, & Soil Pollution. – Vol. 235. – P. 517. https://doi.org/10.1007/s11270-024-07324-w (in Eng.).

Yue N., Umer S., Subramaniam R., Teoh W. Y., Yang C. (2025). Emerging metal-polymer frameworks: structure, applications, and perspectives. Advanced Functional Materials. – Vol. 35. – P. 2425506. https://doi.org/10.1002/adfm.202425506 (in Eng.).

Zhang Z., Nguyen H. T., Miller S. A., Ploskonka A. M., DeCoste J. B., Cohen S. M. (2016). Polymer-metal-organic frameworks (polyMOFs) as water tolerant materials for selective carbon dioxide separations. Journal of the American Chemical Society. – Vol. 138. – P. 920-925. https://doi.org/10.1021/jacs.5b11034 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 223-238

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.452

UDC: 544.77:546.57: 615.28:581.19
IRSTI: 31.23.01; 31.21.29

©Dyusebaeva M.A.[1], Berganayeva A.E.[1*], Ibragimova N.A.[2], Utaraliev D.M.[1], Berganayeva G.E.[1], 2026.
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Kazakh-German University (DKU), Almaty, Kazakhstan.
*E-mail: aberganayeva@bk.ru

GREEN SYNTHESIS OF SILVER NANOPARTICLES USING THE *N*-BUTANOL FRACTION OF *GALEGA OFFICINALIS* L.

Dyusebaeva Moldyr — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: moldyr.dyusebaeva@kaznu.edu.kz, https://orcid.org/0000- 0003-3873-5099;
Berganayeva Aliya — Master of Chemical Technology of Inorganic Substances, Senior Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: aberganayeva@bk.ru, https://orcid.org/0000-0002-1417-2992;
Ibragimova Nailya — Candidate of Biological Sciences, Kazakh-German University (DKU), Almaty, Kazakhstan,
E-mail: nailya.73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1618-900X;
Utaraliev Damil — Junior Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: damilutaraliev@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1642-2171;
Berganayeva Gulzat — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: gulzat-bakyt@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-7213-7458.

Abstract. This study aimed to synthesize silver nanoparticles by a green method using the *n*-butanol fraction of *Galega officinalis* L. as a natural reducing and stabilizing agent and to evaluate their physicochemical characteristics and biological activity. For synthesis, 0,3 g of the fraction was mixed with 300 mL of 1% $AgNO_3$ at pH 9,0 and 90 °C. The product was characterized by UV–Vis, FTIR, SEM, and EDS. A surface plasmon resonance band occurred at 460 nm. FTIR indicated the involvement of organic components. Analysis of 100 particles in SEM micrographs showed a predominantly spherical morphology, a size range of 46–187 nm, and an average size of approximately 99 nm. EDS showed that silver was the predominant element at 77,74 wt%. The sample inhibited protein denaturation by 58.50% and showed membrane-stabilizing activity of 54,68% and 59,03% at concentrations of 1% and 10%, respectively. Growth inhibition zones were 14,17 ± 1,07 mm for *Escherichia coli*, 11,0 ± 0.0 mm for *Staphylococcus*

aureus, and 7,83 ± 0,76 mm for *Candida albicans*; no inhibition was observed against *Pseudomonas aeruginosa*. The results support use of the *n*-butanol fraction of *G. officinalis* to obtain biologically active silver-containing nanoscale particles. X-ray diffraction and control studies are needed to confirm crystalline Ag^0 and distinguish component contributions.

Keywords: *Galega officinalis* L., silver nanoparticles, green synthesis, anti-inflammatory activity, antimicrobial activity

Funding: *This research was carried out within the framework of the Program-Targeted Funding for 2025–2027 of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (BR28713093), "Development of Domestic Pharmaceutical Substances and Drugs Based on Natural and Synthetic Biologically Active Substances".*

For citations: *Dyusebaeva M.A., Berganayeva A.E., Ibragimova N.A., Utaraliev D.M., Berganayeva G.E. Green synthesis of silver nanoparticles using the n-butanol fraction of Galega officinalis* L. *Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 223-238. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.452*

©Дюсебаева М.А.[1], Берганаева А.Е.[1*], Ибрагимова Н.А.[2], Утаралиев Д.М.[1], Берганаева Г.Е.[1], 2026.

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;
[2]Қазақстан-Неміс университеті (DKU), Алматы, Қазақстан.
*E-mail: aberganayeva@bk.ru

GALEGA OFFICINALIS L. ӨСІМДІГІНІҢ N-БУТАНОЛДЫҚ ФРАКЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ КҮМІС НАНОБӨЛШЕКТЕРІН ЖАСЫЛ СИНТЕЗДЕУ

Дюсебаева Мольдыр — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: moldyr.dyusebaeva@kaznu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-3873-5099;
Берганаева Алия — бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы магистрі, аға ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: aberganayeva@bk.ru, https://orcid.org/0000-0002-1417-2992;
Ибрагимова Найля — биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Неміс университеті (DKU), Алматы, Қазақстан,
E-mail: nailya.73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1618-900X;
Утаралиев Дамиль — кіші ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: damilutaraliev@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1642-2171;
Берганаева Гульзат — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: gulzat-bakyt@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002- 7213-7458.

Аннотация. *Зерттеудің мақсаты. Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын табиғи тотықсыздандырғыш және тұрақтандырғыш

CC BY NC

ретінде пайдаланып, күміс нанобөлшектерін жасыл әдіспен синтездеу, олардың физика-химиялық сипаттамалары мен биологиялық белсенділігін бағалау болды. Синтез үшін фракцияның 0,3 г мөлшері pH 9,0 және 90 °C жағдайында 1%-дық $AgNO_3$ ерітіндісінің 300 мл көлемімен әрекеттестірілді. Алынған материал ультракүлгін-көрінетін спектроскопия (UV–Vis), Фурье түрлендірулі инфрақызыл спектроскопия (FTIR), сканерлеуші электрондық микроскопия (СЭМ) және энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (EDS) әдістерімен сипатталды. UV–Vis спектрінде 460 нм-де беттік плазмондық резонанс жолағы тіркелді. СЭМ микрофотосуреттеріндегі 100 бөлшекті талдау олардың негізінен сфералық пішінді, өлшемдері 46–187 нм және орташа өлшемі шамамен 99 нм екенін көрсетті. EDS нәтижелері күмістің басым элемент екенін және оның мөлшері 77,74 мас.% құрайтынын анықтады. FTIR деректері органикалық компоненттердің қатысуын көрсетті. Синтезделген үлгі ақуыз денатурациясын 58,50%-ға тежеп, 1% және 10% концентрацияларда тиісінше 54,68% және 59,03% мембрананы тұрақтандырушы белсенділік көрсетті. Микробқа қарсы сынақта өсу тежелу аймақтары *Escherichia coli* үшін 14,17 ± 1,07 мм, *Staphylococcus aureus* үшін 11,0 ± 0,0 мм және *Candida albicans* үшін 7,83 ± 0,76 мм болды; *Pseudomonas aeruginosa*-ға қарсы әсер байқалмады. Нәтижелер *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын биологиялық белсенді, құрамында күміс бар наноөлшемді бөлшектер алуда қолдану мүмкіндігін көрсетеді. Металдық Ag^0 кристалдық фазасын растау және жекелеген компоненттердің үлесін анықтау үшін рентгенфазалық және бақылау зерттеулері қажет.

Түйін сөздер: *Galega officinalis* L, күміс нанобөлшектері, жасыл синтез, қабынуға қарсы белсенділік, микробқа қарсы белсенділік

©Дюсебаева М.А.[1], Берганаева А.Е.[1*], Ибрагимова Н.А.[2], Утаралиев Д.М.[1], Берганаева Г.Е.[1], 2026.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан;
[2]Казахстанско-немецкий университет (DKU),, Алматы, Казахстан.
*E-mail: aberganayeva@bk.ru

ЗЕЛЕНЫЙ СИНТЕЗ СЕРЕБРЯНЫХ НАНОЧАСТИЦ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ N-БУТАНОЛЬНОЙ ФРАКЦИИ *GALEGA OFFICINALIS* L.

Дюсебаева Мольдыр — кандидат химических наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: moldyr.dyusebaeva@kaznu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0003-3873-5099;
Берганаева Алия — магистр химической технологии неорганических веществ, старший научный сотрудник, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: aberganayeva@bk.ru, https://orcid.org/0000-0002-1417-2992;
Ибрагимова Найля — кандидат биологических наук, Казахстанско-немецкий университет (DKU), Алматы, Казахстан,
E-mail: nailya.73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1618-900X;

Утаралиев Дамиль — младший научный сотрудник, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: damilutaraliev@gmail.com, https://orcid.org/0009-0002-1642-2171;
Берганаева Гульзат — кандидат химических наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: berganaeva.gulzat@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0002- 7213-7458.

Аннотация. Цель исследования – зеленый синтез наночастиц серебра с использованием *n*-бутанольной фракции *Galega officinalis* L. в качестве природного восстановителя и стабилизатора, а также оценка их физико-химических характеристик и биологической активности. Для синтеза 0,3 г фракции смешивали с 300 мл 1%-ного раствора $AgNO_3$ при pH 9,0 и температуре 90 °C. Полученный материал охарактеризован методами электронной спектроскопии в ультрафиолетовой и видимой областях (UV–Vis), инфракрасной спектроскопии с преобразованием Фурье (FTIR), сканирующей электронной микроскопии (СЭМ) и энергодисперсионной рентгеновской спектроскопии (EDS). В спектре UV–Vis зарегистрирована полоса поверхностного плазмонного резонанса при 460 нм. Данные FTIR указали на участие органических компонентов. Анализ 100 частиц на СЭМ-микрофотографиях показал их преимущественно сферическую форму, при этом диапазон размеров составил 46–187 нм и средний размер – около 99 нм. По данным EDS серебро являлось преобладающим элементом и составляло 77,74 мас.%. Синтезированный образец ингибировал денатурацию белка на 58,50% и проявил мембраностабилизирующую активность 54,68% и 59,03% при концентрациях 1% и 10% соответственно. В антимикробном тесте зоны задержки роста составили 14,17 ± 1,07 мм для *Escherichia coli*, 11,0 ± 0,0 мм для *Staphylococcus aureus* и 7,83 ± 0,76 мм для *Candida albicans*; в отношении *Pseudomonas aeruginosa* ингибирующий эффект отсутствовал. Результаты показывают возможность применения *n*-бутанольной фракции *G. officinalis* для получения биологически активных серебросодержащих наноразмерных частиц. Для подтверждения кристаллической фазы металлического Ag^0 и определения вклада отдельных компонентов необходимы рентгенофазовые и сравнительные контрольные исследования.

Ключевые слова: *Galega officinalis* L, наночастицы серебра, зеленый синтез, противовоспалительная активность, антимикробная активность

Кіріспе. Соңғы екі онжылдықта күміс нанобөлшектері (AgNPs) бірегей физика-химиялық және биологиялық қасиеттеріне байланысты металл наноматериалдарының кеңінен зерттелген кластарының біріне айналды (Fahim et al., 2024; Abada et al., 2024). Өсімдік сығындыларын пайдалана отырып күміс нанобөлшектерін (AgNPs) «жасыл» синтездеуге арналған зерттеулер санының көптігіне қарамастан (Fahim et al., 2024; Eker et al., 2024; Khan et al., 2023; Liti et al., 2025), бұл бағытты жаңа өсімдік шикізатын қолдану арқылы дамыту әлі де ғылыми қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, қазіргі кезде тұтас өсімдік экстракттарынан биологиялық белсенді заттардың белгілі бір топтарымен

байытылған фракцияларды қолдануға көшу ерекше маңызға ие. Мұндай тәсіл өсімдік метаболиттерінің нанобөлшектердің түзілуі мен тұрақтануындағы рөлін нақтырақ бағалауға, сондай-ақ өсімдік шикізатының химиялық құрамы, алынған нанобөлшектердің сипаттамалары және олардың биологиялық қасиеттері арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, *Galega officinalis* L. (ешкішөп, ешкібұршақ) өсімдігі әртүрлі кластағы екінші реттік метаболиттерге бай дәрілік өсімдік ретінде ерекше қызығушылық тудырады. Дегенмен, осы өсімдікті пайдалана отырып нанобөлшектерді «жасыл» синтездеуге арналған жарияланған зерттеулердің көпшілігінде тұтас сулы немесе су-этанолды сығындылар қолданылады (Martínez-Cisterna et al., 2025; Varjovi et al., 2023). Сұйық-сұйық фракциялау әдісі арқылы алынған *G. officinalis* өсімдігінің жекелеген фракцияларын пайдалану мәселесі әлдеқайда аз зерттелген; атап айтқанда, күміс нанобөлшектерін синтездеу үшін *n*-бутанолды фракцияны қолдану және олардың биологиялық қасиеттерін кейіннен бағалау туралы ақпарат әлі де шектеулі.

Бұл зерттеудің ғылыми маңыздылығы тек күміс нанобөлшектерінің биогенді синтезімен ғана емес, сонымен қатар Ag^+ иондарын тотықсыздандыруға және түзілетін нанобөлшектердің бетін тұрақтандыруға қатыса алатын табиғи қосылыстардың көзі ретінде *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын пайдаланумен де айқындалады.

Осылайша, бұл зерттеудің мақсаты *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанол фракциясын пайдалана отырып, AgNPs «жасыл» синтездеу, олардың физика-химиялық сипаттамаларын анықтау және биологиялық белсенділігін кешенді бағалау болды. Мұндай тәсіл стандартталған өсімдік фракциясын қолдану, күміс нанобөлшектерінің түзілуі және олардың биологиялық белсенділігі арасындағы байланысты айқындайды; бұл биомедициналық мақсаттағы наноматериалдарды алудың экологиялық таза әдістерін әзірлеу тұрғысынан маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер. *Реагенттер:* химиялық таза дәрежесіндегі (ХТ) күміс нитраты ($AgNO_3$), натрий гидроксиді (NaOH), этанол, гексан, дихлорметан, этилацетат және *n*-бутанол. Барлық реагенттер «Лаборфарма» ЖШС-нен (Қазақстан) сатып алынды. Ерітінділерді дайындау үшін деионизацияланған су пайдаланылды.

Galega officinalis L. *өсімдігінің n-бутанолдық фракциясын алу.* Зерттеу үшін гүлдеу кезеңінде жиналған *G. officinalis* өсімдігінің жерүстібөліктері пайдаланылды. Өсімдік шикізаты тікелей күн сәулесінен қорғалған, жақсы желдетілетін орында бөлме температурасында тұрақты салмаққа дейін кептірілді. Кептірілген шикізат біртекті ұнтақ күйіне дейін ұсақталды. Ұнтақталған өсімдік шикізатының 850,00 г мөлшері бөлме температурасында, мерзімді түрде араластыра отырып, 50 %-дық су-этанол ерітіндісімен 72 сағат бойы экстракцияланды. Алынған сығынды сүзіліп, 45–50 °C температурада вакуум астында концентрленді, содан кейін ылғал толық жойылғанға дейін лиофилді кептіргіш арқылы кептірілді. Нәтижесінде, құрамында экстракцияланатын биологиялық белсенді қосылыстар кешені бар 144,40 г (16,98 %) құрғақ жиынтық су-этанол сығындысы алынды.

Алынған экстракт әрі қарай пайдаланылғанға дейін герметикалық жабық ыдыста тоңазытқыш камерасында сақталды.

Жиынтық сулы-этанолды сығындының құрамдас бөліктерін бөлу үшін сатылы сұйықтық-сұйықтық фракциялау жүргізілді. Құрғақ сығынды (144,40 г) толық ерігенше жақсылап араластыра отырып, 700 мл деионизацияланған суда ерітілді. Алынған сулы ерітінді бөлгіш құйғышта полярлығы әртүрлі органикалық еріткіштермен кезекпен экстракцияланды. Әр кезеңде экстракция үш рет жүргізіліп, сәйкес органикалық фазалар біріктірілді. Еріткіштер келесі кезекпен қолданылған: *n*-гексан (600 мл), дихлорметан (600 мл), этилацетат (800 мл) және *n*-бутанол (600 мл). Әр кезеңнен кейін органикалық фаза бөлініп алынды, ал сулы фаза келесі еріткішпен экстракциялауға жіберілді. Біріктірілген органикалық фазалар еріткіш толығымен кеткенше роторлы буландырғышта буландырылды. Сатылы фракциялау нәтижесінде массасы 2,79 г (1,93 %) *n*-гексан, 46,18 г (31,98 %) дихлорметан, 1,69 г (1,17 %) этилацетат және 5,27 г (3,65%) *n*-бутанол фракциялары алынды. Бөліп алынған фракциялар әрі қарай талдау жүргізілгенге дейін герметикалық жабылған ыдыстарда сақталды. Экстракция және фракциялау тәсілі еріткіш құрамы мен жекелеген кезеңдердің шарттарына шағын өзгерістер енгізіле отырып, Badeggi және т.б. (Badeggi, 2020) жұмысы негізінде бейімделді.

Күміс нанобөлшектерін алу әдісі. AgNPs синтездеу үшін *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясының 0,3 г мөлшері үздіксіз араластыру жағдайында 10 мл деионизацияланған суда ерітілді. Содан кейін алынған ерітіндіге концентрациясы 0,059 М болатын 1%-дық $AgNO_3$ ерітіндісінің 300 мл-і біртіндеп қосылды. Реакциялық қоспаның pH мәні 0,02 М NaOH ерітіндісін пайдалану арқылы 9,0 деңгейіне дейін реттелді. Реакция 90 °С температурада жүргізілді. Күміс нанобөлшектерінің түзілу барысы реакциялық қоспа түсінің ашық сарыдан қою қоңырға біртіндеп өзгеруі арқылы бақыланды; бұл құбылыс күміс иондарының тотықсыздануымен және беттік плазмондық резонанстың басталуымен байланысты. Синтезден кейін алынған нанобөлшектер сүзіліп, деионизацияланған сумен бірнеше рет жуылды және кептірілді.

Күміс нанобөлшектерін сипаттау. Нанобөлшектердің түзілуі мен физика-химиялық қасиеттері заманауи аналитикалық әдістер кешенін қолдану арқылы зерттелді: ультракүлгін-көрінетін аймақтағы спектроскопия (Agilent спектрофотометрі, АҚШ) және Фурье-түрлендіргішті инфрақызыл спектроскопия Фурье түрлендірулі инфрақызыл спектроскопия (FTIR) (ALPHA II спектрометрі, Bruker Optics GmbH, Германия). Күміс нанобөлшектерінің морфологиясы мен өлшемі сканерлеуші электрондық микроскопия (Кремнийлі дрейфтік детектормен (SDD) жабдықталған Oxford Instruments X-Plore 30 энергодисперсиялық рентгендік микроанализ (EDX) жүйесімен қамтамасыз етілген SEM5000Pro (CIQTEK, Қытай) сканерлеуші электрондық микроскопы) көмегімен қарастырылды. Синтезделген нанобөлшектердің элементтік құрамы энергия-дисперсиялық рентгендік спектроскопия (EDS) әдісімен талданды.

СЭМ-микрофотосуреттер бойынша нанобөлшектердің өлшемдері сандық кескіндерді морфометриялық талдау әдісімен анықталды. Алдымен кескін

микрофотосуретте көрсетілген 500 нм масштабтық сызық бойынша калибрленді. Талдау үшін микрофотосуреттің әртүрлі аймақтарынан шекаралары анық көрінетін 100 нанобөлшек кездейсоқ таңдалды (n = 100). Агломераттар құрамынан контурлары анық ажыратылатын жеке бөлшектер ғана өлшенді. Әр бөлшектің ең үлкен көлденең өлшемі нанометрмен анықталды. Орташа өлшемді есептеу үшін барлық 100 бөлшектің өлшемдері қосылып, алынған мән 100-ге бөлінді. Өлшемдік таралуды бағалау үшін нәтижелер 20 нм аралықтарға топтастырылды. Әр аралыққа кіретін бөлшектер саны анықталып, олардың жалпы зерттелген бөлшектер санына қатысты пайыздық үлесі есептелді. Зерттелген бөлшектердің жалпы саны 100 болғандықтан, әр аралықтағы бөлшектер саны олардың пайыздық үлесіне сәйкес келді. Алынған нәтижелер өлшемдік таралу гистограммасы түрінде ұсынылды.

Биологиялық белсенділікті зерттеу. Қабынуға қарсы белсенділік ақуыздың термиялық денатурациясын тежеу әдісі арқылы анықталды (Madhuranga et al., 2023). Мембрананы тұрақтандырушы белсенділік гипотония әсерінен туындайтын эритроциттер гемолизі әдісі арқылы зерттелді (Ameena et al., 2023). Микробқа қарсы белсенділік *Escherichia coli, Staphylococcus aureus, Pseudomonas aeruginosa және Candida albicans* тест-штамдарына қатысты агарға диффузия әдісі арқылы зерттелді (Dyusebaeva et al., 2023).

Микроорганизмдердің тәуліктік дақылдары 37 °С температурада өсірілді. Бактериялық суспензиялар стерильді физиологиялық ерітіндіде дайындалып, МакФарланд шкаласы бойынша 0,5 көрсеткішіне дейін стандартталды. Алынған суспензия тұтас егу әдісімен тығыз қоректік ортаның (ет-пептонды агар) бетіне біркелкі таратылды. Бактериялық газонның біркелкілігі көзбен бағаланды. Тежелу аймақтары 1 мм дәлдікпен миллиметрлік сызғыш арқылы өлшенді. Егіс тұтастығы бұзылған немесе дискілер ығысқан тәжірибелер талдауға енгізілмеді.

Диаметрі 6 мм болатын стандартты стерилді қағаз дискілерге бірдей көлемде және бірыңғай 1%-дық концентрацияда зерттелетін субстанциялар сіңірілді. Әр дискіге 25 мкл ерітінді енгізілді, бұл нәтижелердің өзара салыстырмалылығын қамтамасыз етті. Дискілер егілген агар бетіне бірдей арақашықтықты сақтай отырып орналастырылды. Бақылау дискілеріне белсенді зат қосылмаған еріткіш енгізілді. Петри табақшалары 37 °С температурада 24 сағат бойы инкубацияланды. Инкубация аяқталғаннан кейін дискілердің айналасындағы микроорганизмдердің өсуін тежеу аймақтарының диаметрлері миллиметрмен өлшенді.


Әрбір анықтау үш тәуелсіз қайталауда жүргізілді. Тежелу аймағының диаметрі қағаз дискінің диаметрін (6 мм) қоса есептегенде, бір-біріне перпендикуляр екі бағытта өлшеніп, орташа мәні есептелді: D = (D1+D2)/ 2, мұндағы (D1) - тежелу аймағының бірінші бағытта өлшенген диаметрі, мм; (D2) - бірінші бағытқа перпендикуляр өлшенген екінші диаметр, мм.

Нәтижелер миллиметрмен көрсетілді. Алынған деректер статистикалық өңделіп, орташа мән (M) ± стандартты ауытқу түрінде ұсынылды. Тежелу аймағының болмауы «–» белгісімен көрсетілді. Тежелу аймақтарының шекті мәндері скрининг жүргізу және зерттелетін субстанциялардың белсенділігін

салыстырмалы бағалау мақсатында шартты түрде белгіленді: ≥25 мм — жоғары белсенділік, 15–24 мм — орташа белсенділік, ≤14 мм — төмен белсенділік, тежелу аймағының болмауы — белсенділіктің жоқтығы. Бұл шекті мәндер CLSI ұйымының жалпы қағидаттарын ескере отырып, тек салыстырмалы скринингтік бағалау үшін қолданылды (Wayne, 2023).


Диск айналасындағы ингибитордың концентрациясы минималды ингибирлеуші концентрациядан (МИК) жоғары болған аймақта микроорганизмдердің өсуі байқалмайды. Зерттеу скринингтік сипатта болғандықтан, стандартты микробқа қарсы салыстыру препараттары қолданылмады.

Нәтижелер мен талқылаулар. *Күміс нанобөлшектерін «жасыл» әдіс арқылы алу.* Күміс нитраты ерітіндісін *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясымен араластырған кезде, реакциялық қоспа түсінің ашық сарыдан қанық қоңыр түске біртіндеп өзгеруі байқалды (1-сурет). Түстің мұндай өзгеруі нанобөлшектердің түзілуінің тән визуалды көрсеткіші болып табылады және Ag^+ иондарының металл күміске (Ag^0) дейін тотықсыздануымен байланысты.




G. officinalis n-BuOH экстракты + $AgNO_3$

а




G. officinalis n-BuOH экстракты + $AgNO_3$ + NaOH

б



G. officinalis n-BuOH экстракты + $AgNO_3$ + NaOH (3 сағаттан кейін)

в



AgNPs лиофилизациядан кейін

г


Сурет 1. *Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанол фракциясын пайдалана отырып күміс нанобөлшектерін жасыл синтездеудің негізгі кезеңдері.

Синтез pH 9 мәнінде және 90 °C температурада жүргізілді. Мұндай жағдайлардың таңдалу себебі мынада: әлсіз сілтілі орта өсімдік фракциясындағы биологиялық белсенді компоненттердің тотықсыздандыру қабілетін арттырады, ал жоғары температура тотықсыздану және нанобөлшектердің түзілу процестерін жеделдетеді. *G. officinalis* өсімдігінің құрамындағы фенолдық қосылыстар, флавоноидтар және басқа да екінші реттік метаболиттер Ag^+ иондарын тотықсыздандыру процесіне қатысады деп болжанады. Сонымен қатар, өсімдік фракциясындағы қосылыстар (фенолдық қосылыстар, флавоноидтар және т.б.) түзілген нанобөлшектердің бетін тұрақтандыруға және олардың агрегациялануына жол бермеуге ықпал етуі мүмкін.

Күміс нанобөлшектерінің спектроскопиялық және морфологиялық талдау нәтижелері


УК-көрінетін аймақтағы спектроскопия (UV-Vis). AgNPs үлгісінің спектрінде

(2-сурет) күміс нанобөлшектерінің беттік плазмондық резонансына (БПР) жатқызылатын, максимумы 460 нм болатын қарқынды жұтылу жолағы байқалды. Бұл мән өсімдік сығындыларының көмегімен синтезделген AgNPs үшін БПР максимумы әдетте 410–470 нм аралығында болатынын көрсететін әдебиет деректерімен сәйкес келеді (Martínez-Cisterna, 2025). БПР жолағының орналасуы нанобөлшектердің өлшемі мен пішініне, олардың агрегациялану дәрежесіне және өсімдік сығындысының биологиялық белсенді компоненттерінен түзілген органикалық қабықшаның құрамына байланысты екенін атап өткен жөн. Зерттеліп отырған үлгідегі 460 нм толқын ұзындығындағы максимум күміс нанобөлшектердің түзілгенін көрсетеді және бөлшектердің негізінен сфералық пішінге ие болуы мүмкін екенін меңзейді.



Сурет 2. *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанол фракциясының көмегімен синтезделген күміс нанобөлшектерінің UV-Vis- спектроскопия нәтижелері.

Фурье түрлендірулі инфрақызыл спектроскопия (FTIR). Күміс иондарын тотықсыздандыруға және нанобөлшектер бетін тұрақтандыруға қатысуы мүмкін функционалдық топтарды анықтау мақсатында *G. officinalis* өсімдігінің бастапқы *n*-бутанолдық фракциясы мен синтезделген күміс нанобөлшектерінің FTIR спектрлеріне салыстырмалы талдау жүргізілді (3-сурет).



Сурет 3. *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясының (жасыл) және синтезделген күміс нанобөлшектерінің (қызыл) FTIR-спектрлері.


Спектрлерді салыстырмалы талдау AgNPs түзілгеннен кейін бірқатар жолақтардың қарқындылығы мен сипатының елеулі өзгергенін көрсетті. Бастапқы *n*-бутанол фракциясының спектрінде (3-сурет, жасыл түспен көрсетілген) 3200–3500 $см^{-1}$ аймағында негізінен O–H байланыстарының валенттік тербелістеріне тән кең жолақ айқын байқалады. Бұл жолақ фенолдық қосылыстардың, флавоноидтардың, фенол қышқылдарының және өсімдік фракциясының басқа да оттекқұрамды компоненттерінің гидроксил топтарына байланысты болуы мүмкін.

Бөлініп алынған және жуылған AgNPs спектрінде (3-сурет, қызыл түспен көрсетілген) бұл жолақтың қарқындылығы күрт төмендеп, жеке интенсивті жолақ ретінде іс жүзінде байқалмайды. Нанобөлшектерді сүзу және жуу процестерін ескере отырып, мұндай өзгеріс жекелеген гидроксил топтарының Ag^{+} иондарын тотықсыздандыру үдерісіне қатысуымен немесе AgNPs бетімен әрекеттесуімен ғана емес, сонымен қатар жуу барысында құрамында O–H топтары бар бос және әлсіз байланысқан органикалық компоненттердің жойылуымен де байланысты болуы ықтимал. Осылайша, O–H жолағы қарқындылығының айқын төмендеуін, ең алдымен, күміс иондарын тотықсыздандыру үдерісінде гидроксил топтарының толық жұмсалғанының дәлелі ретінде емес, нанобөлшектермен байланысқан органикалық компоненттердің құрамы мен химиялық ортасының өзгеруінің көрсеткіші ретінде қарастырған жөн.

Сонымен қатар, бастапқы *n*-бутанол фракциясының спектрінде 2850–2950, 1600–1700 және 1000–1300 $см^{-1}$ аймақтарында айқын жолақтар байқалды; олар сәйкесінше негізінен C–H, C=O/C=C және C–O/C–O–C тербелістеріне сәйкес келеді. Күміс нанобөлшектері түзілгеннен кейін осы жолақтардың қарқындылығы мен сипатының елеулі өзгерістер байқалды. Спектрдің басқа аймақтарда да осындай өзгерістердің тіркелуі нанобөлшектер түзілгеннен кейін органикалық компоненттердің химиялық ортасы мен құрамының өзгергенін одан әрі айғақтайды. Байқалған өзгерістердің жиынтығы AgNPs түзілу процесіне *G.*

officinalis өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясы құрамындағы компоненттердің қатысатынын көрсетеді. ИҚ-спектрлердегі өзгерістерге сүйене отырып, осы фракция құрамындағы фенолдық, флавоноидтық және басқа да оттекқұрамды қосылыстард Ag^{+} иондарын Ag^{0} күйіне дейін тотықсыздандыруға қатысуы мүмкін деп болжауға болады; сонымен қатар тазартудан кейін сақталған кейбір органикалық компоненттер нанобөлшектердің бетімен байланысып, олардың тұрақтануына ықпал етуі ықтимал. Дегенмен, ИҚ-спектроскопия өсімдік компоненттерінің қатысуына жанама дәлелдер бергенімен, нақты қосылыстарды немесе олардың AgNPs-пен өзара әрекеттесу механизмін дәл анықтауға мүмкіндік бермейді.

Синтезделген AgNPs-нің морфологиясы *сканерлеуші электрондық микроскопия* арқылы зерттелді. СЭМ талдауы негізінен дөңгелек, сопақ және шар тәрізді пішінді бөлшектердің түзілгенін көрсетті (4-сурет).



Сурет 4. *Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясы арқылы синтезделген AgNPs-нің СЭМ-микрофотосуреті (ұлғайту ×25 000; масштабтық сызық – 500 нм; үдеткіш кернеу – 15 кВ).



Сурет 5. СЭМ деректері негізіндегі AgNPs өлшемдерінің таралу гистограммасы.


Үлгінің негізгі ерекшелігі – нанобөлшектердің агломерацияға айқын бейімділігі және тығыз шоғырлар түзуі. Бұл ретте агломераттардың құрамында жекелеген бөлшектердің айқын шекаралары сақталған. Морфометриялық талдау нәтижесінде өлшенген бөлшектердің басым бөлігін 80–100 нм мөлшеріндегі бөлшектер құрайтыны анықталды (56 %). 60–80 нм мөлшеріндегі бөлшектер 13 % құрады, ал 40–60 нм және 100–180 нм аралықтарындағы бөлшектердің әрқайсысына өлшенген бөлшектердің шамамен 6 % тиесілі болды (5-сурет).

Бөлшектер өлшемдерінің байқалған әркелкілігі биогендік синтезге тән құбылыс болып табылады және өсімдік экстрактысының күрделі құрамымен байланысты болуы мүмкін. Экстракт құрамындағы компоненттердің тотықсыздандырғыш және тұрақтандырғыш белсенділігі әртүрлі болғандықтан, бұл нанобөлшектердің ядро түзілу және кейінгі өсу процестеріне әсер етеді. Агломераттардың болуы күміс

нанобөлшектерінің жоғары беттік энергиясымен және бөлшектер арасындағы өзара әрекеттесулермен байланысты болуы мүмкін. Мұндай өзара әрекеттесулер үлгіні СЭМ-талдауға дайындау және кептіру барысында да пайда болуы ықтимал. Сонымен қатар агломераттар құрамындағы жеке бөлшектердің шекараларының айқын ажыратылуы олардың бетінде *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясының органикалық компоненттері бар екенін көрсетуі мүмкін. Бұл компоненттер түзілген AgNPs-тердің тұрақтануына ықпал етуі ықтимал.

Орташа өлшемі 100 нм-ден кем нанобөлшектердің биомедициналық мақсатта қолданылуы қызығушылық тудыратынын атап өткен жөн. Осы өлшем ауқымындағы нанобөлшектер микробтық жасушалардың жарғақшаларымен тиімді әрекеттесу үшін жеткілікті жоғары меншікті беттік ауданға ие және күміс иондарын біртіндеп бөліп шығару арқылы ұзақ уақытқа созылатын микробқа қарсы әсерді қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, нанобөлшектер бетінде өсімдік тектес фитохимиялық заттардың болуы күміс пен өсімдіктің биологиялық белсенді компоненттері арасындағы синергетикалық әсер арқылы олардың қабынуға және бактерияға қарсы қасиеттерін күшейте алады (Jain et al., 2026).

Энергодисперсиялық рентгендік спектроскопиялық талдау (EDS). EDS-сараптама нанобөлшектер құрамында күмістің болуын растау және негізгі химиялық элементтердің салыстырмалы мөлшерін бағалау үшін кеңінен қолданылады. Зерттеу көміртекті төсенішті пайдалану арқылы жүргізілді, сондықтан спектрді интерпретациялау кезінде бұл факторды ескеру қажет. Зерттелетін үлгінің EDS-спектрінде шамамен 3,0 keV аймағында Ag сызықтарына сәйкес келетін күмістің қарқынды сипаттамалық сигналы байқалды. Күмістен басқа, C, O, Na және Al элементтеріне тән сигналдар да тіркелді (6-сурет).



Элемент	Атом номері	Массалық үлесі, wt.%	Атомдық үлесі, at.%
C	6	8,91	33,60
O	8	9,54	27,03
Na	11	1,03	2,02
Al	13	2,79	4,68
Ag	**47**	**77,74**	**32,66**
Итого		**100,00**	**100,00**

Сурет 6. Синтезделген күміс нанобөлшектерінің EDS-спектрі және сандық элементтік құрамы.

Сандық талдау зерттелетін үлгіде күмістің басым екенін көрсетті: оның мөлшері 77,74 мас.% (нормаланбаған мән бойынша есептегенде 82,67 мас.%) құрады. Басқа анықталған элементтердің мөлшері: көміртек — 8,91 мас.%, оттек — 9,54 мас.%, алюминий — 2,79 мас.% және натрий — 1,03 мас.%. Көміртек сигналының пайда болуын өсімдік фракциясының органикалық

CC BY NC

компоненттерімен ғана байланыстыруға болмайды, себебі оны тіркеуге талдау барысында қолданылған көміртекті төсеніш те елеулі үлес қосуы мүмкін. Оттектің болуы нанобөлшектердің бөлініп алынуынан кейін олардың бетінде сақталған құрамында оттек бар органикалық қосылыстарға байланысты болуы ықтимал. Натрийдің аз мөлшерде болуы реакциялық ортаның pH мәнін реттеу кезінде натрий гидроксидінің қолданылуымен байланысты болуы ықтимал. Алюминийдің болуы, ең алдымен, үлгі ұстағыштың немесе СЭМ/EDS-талдауы барысында пайдаланылған төсеніш материалының құрамына байланысты болуы мүмкін және нанобөлшектердің өз құрамдас бөлігі болып табылмайды. Мұндай сигналдардың пайда болуы наноматериалдарға жүргізілетін элементтік талдау кезінде жиі кездеседі. Осылайша, EDS-талдау зерттелген материал құрамында Ag элементінің басым мөлшерде екенін және күміске тән айқын сипаттамалық сигналдың болуын растайды, бұл құрамында Ag бар наноматериалдың түзілгенін көрсетеді.

EDS нәтижелері үлгіде Ag элементінің басым екенін көрсетеді, бірақ бұл әдіс күмістің тотығу дәрежесін және материалдың кристалдық фазасын анықтауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан осы жұмыстағы UV–Vis, СЭМ және EDS деректерінің жиынтығы құрамында күміс бар наноөлшемді бөлшектердің түзілгенін көрсетеді, ал металл Ag^0 фазасын түпкілікті растау үшін рентгенфазалық талдау жүргізу қажет. Рентгенфазалық талдаудың болмауы осы зерттеудің шектеуі ретінде ескерілді.


Күміс нанобөлшектерінің биоскрининг нәтижелері. Күміс нанобөлшектерін қолданудың маңызды бағыттарының бірі – қабынуға қарсы әсері бар құралдарды әзірлеу. *In vitro* модель ретінде ақуыздың термиялық денатурациясын тежеу сынамасы кеңінен қолданылады, өйткені ақуыздардың денатурациясы қабыну реакциясының дамуымен қатар жүретін процестердің бірі болып табылады. Зерттелетін қосылыстардың осы процесті тежеу қабілеті олардың әлеуетті қабынуға қарсы белсенділігінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Осы зерттеуде *Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын пайдалана отырып синтезделген AgNPs-тердің қабынуға қарсы белсенділігі ақуыздың термиялық денатурациясын тежеу әдісімен бағаланды. Үлгі скринингке BAE-4 шифрымен тапсырылды. Талдау нәтижесінде BAE-4 үлгісі ақуыздың денатурациясын 58,50 % деңгейінде тежегені анықталды, бұл оның айқын қабынуға қарсы белсенділігінің бар екенін көрсетеді. Алынған нәтиже қабынуға қарсы әсердің металл күмістің және нанобөлшектердің бетінде орналасқан *G. officinalis* фитохимиялық қосылыстарының бірлескен әсерімен байланысты болуы мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы зерттеулер биогенді жолмен синтезделген күміс нанобөлшектерінің оттектің реактивті түрлерінің түзілуін азайтуға, қабынуға қарсы цитокиндердің экспрессиясын төмендетуге және қабыну реакциясының дамуында маңызды рөл атқаратын NF-κB және MAPK сигналдық жолдарын тежеуге қабілетті екенін көрсетеді (Nair et al., 2026).

Мембрананы тұрақтандырушы белсенділік. Мембрананы тұрақтандырушы белсенділік зерттелетін үлгілердің *in vitro* жағдайындағы қабынуға қарсы

әсерін бағалауда маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Эритроциттер мембранасының лизосомалар мембранасымен құрылымдық және функционалдық ұқсастығына байланысты гемолиздің төмендеуі жасуша мембраналарының тұрақтануын көрсетеді. Бұл өз кезегінде қабыну үдерісіне қатысатын лизосомалық ферменттер мен протеазалардың бөлінуін шектеуге ықпал етуі мүмкін (Fazil et al., 2024). Осы зерттеуде AgNPs-тердің мембрананы тұрақтандырушы белсенділігі эритроциттердің гипотониялық орта әсерінен индукцияланған гемолизін тежеу әдісімен анықталды. BAE-4 үлгісі 1 % концентрацияда 54,68 %, ал 10 % концентрацияда 59,03 % мембрананы тұрақтандырушы белсенділік көрсетті. Алынған нәтижелер синтезделген AgNPs-тердің гипотониялық стресс жағдайында жасуша мембраналарының зақымдануын төмендетуге қабілетті екенін көрсетеді. Үлгі концентрациясының жоғарылауымен тұрақтандыру көрсеткішінің артуы әсердің концентрацияға тәуелді сипатта екенін көрсетеді. Айта кету керек, байқалған мембрананы тұрақтандырушы белсенділік *Galega officinalis* өсімдігінің фитохимиялық компоненттерінің антиоксиданттық қасиеттері мен AgNPs-тердің биологиялық әсерлерінің үйлесуімен байланысты болуы мүмкін. Мұндай үйлесім жасуша мембраналарының зақымдануын азайтуға ықпал етіп, қабынуға қарсы белсенділікті зерттеу нәтижелерін толықтырады.

Микробқа қарсы белсенділікті зерттеу нәтижелері. Микробқа қарсы белсенділік күміс нанобөлшектерінің медицина мен фармацевтикада қолдану перспективаларын айқындайтын ең маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Олардың әсері микроорганизмдердің жасушалық қабықшасымен өзара әрекеттесуімен, мембраналардың өткізгіштігінің өзгеруімен, оттектің реактивті түрлерінің түзілуімен, күміс иондарының бөлінуімен және бірқатар жасушаішілік процестердің бұзылуымен байланыстырылады. AgNPs-тердің микробқа қарсы әсерінің айқындылығы олардың мөлшеріне, пішініне, беттік қасиеттеріне және органикалық қабатының құрамына тәуелді.

Синтезделген күміс нанобөлшектерінің микробқа қарсы белсенділігі агарға диффузия әдісімен *Escherichia coli*, *Staphylococcus aureus*, *Pseudomonas aeruginosa* және *Candida albicans* микроорганизмдеріне қатысты бағаланды. Биоскрининг нәтижелері 7-суретте келтірілген.



Pseudomonas aeruginosa *Escherichia coli* *Staphylococcus aureus* *Candida albicans*

Сурет 7. *Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын пайдалана отырып синтезделген күміс нанобөлшектерінің биоскрининг нәтижелері.

CC BY NC

Зерттелген ВАЕ-4 үлгісі (7-сурет, № 16 үлгі) *E. coli* және *S. aureus* микроорганизмдеріне қатысты бактерияға қарсы белсенділік көрсетті. Өсу тежелу аймағының орташа диаметрі *E. coli* үшін 14,17 ± 1,07 мм, ал *S. aureus* үшін 11,0 ± 0,0 мм құрады. *P. aeruginosa*-ға қатысты тежегіш әсер байқалмады. *C. albicans* үшін 7,83 ± 0,76 мм тежелу аймағы тіркелді, бұл жүргізілген тәжірибе жағдайында әлсіз зеңге қарсы белсенділіктің бар екенін көрсетеді.

Қорытынды. Осы зерттеуде табиғи тотықсыздандырғыш және тұрақтандырғыш агент ретінде *Galega officinalis* L. өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын пайдалана отырып, күміс нанобөлшектерінің жасыл синтезі жүзеге асырылды. Ұсынылған тәсіл улы химиялық тотықсыздандырғыштарды қолданбай күміс нанобөлшектерін алуға мүмкіндік берді, бұл жасыл химияның және наноматериалдарды экологиялық қауіпсіз жолмен алудың заманауи қағидаттарына сәйкес келеді. Күміс нанобөлшектерінің түзілуі кешенді физика-химиялық әдістермен расталды. УК-спектроскопиясының деректері бойынша 460 нм аймағында беттік плазмондық резонансқа тән жолақ тіркелді. СЭМ-талдау алынған бөлшектердің негізінен сфералық пішінді екенін көрсетті, олардың өлшемдері 46–187 нм аралығында болды. EDS-талдау зерттелген үлгінің негізгі компоненті күміс екенін (77,74 мас.%) және Ag-ге тән сипаттамалық сигналдың бар екенін растады.

Синтезделген AgNPs жүргізілген *in vitro* сынақтарында биологиялық белсенділік көрсетті. Ақуыздың денатурациясын тежеу сынағында тежелу деңгейі 58,50 % құрады, ал мембрананы тұрақтандырушы белсенділік зерттелген концентрацияларда тиісінше 54,68 % және 59,03 % деңгейіне жетті. *E. coli* және *S. aureus* микроорганизмдеріне қатысты бактерияға қарсы әсері анықталды: өсу тежелу аймақтарының диаметрлері тиісінше 14,17 ± 1,07 мм және 11,0 ± 0,0 мм құрады. Осылайша, алынған нәтижелер *G. officinalis* өсімдігінің *n*-бутанолдық фракциясын AgNPs-терді жасыл синтездеу үшін пайдалану мүмкіндігін растайды және алынған нанобөлшектердің әрі қарай зерттеу нысаны ретінде перспективалы екенін көрсетеді. Анықталған физика-химиялық сипаттамалардың, қабынуға қарсы және бактерияға қарсы белсенділіктің үйлесуі олардың биологиялық әсерін, әсер ету механизмдерін, қауіпсіздігін және фармацевтикалық әрі биомедициналық әзірлемелерде әлеуетті қолданылуын одан әрі зерттеудің орындылығын негіздейді.

Зерттеудің негізгі шектеулері – рентгенфазалық талдаудың және бастапқы *n*-бутанолдық фракция, $AgNO_3$ ерітіндісі мен стандартты препараттар үшін параллель бақылау нәтижелерінің болмауы. Сондықтан байқалған биологиялық әсерге күміс пен фитохимиялық компоненттердің жеке үлесін ажырату мүмкін емес; бұл мәселе кейінгі салыстырмалы зерттеулерде анықталуы тиіс.

References

Abada E., Mashraqi A., Modafer Y., Al Abboud M. A., & El-Shabasy A. (2024). Review green synthesis of silver nanoparticles by using plant extracts and their antimicrobial activity. Saudi Journal of Biological Sciences. – 2024. – Vol. 31. – №. 1. – P. 103877. https://doi.org/10.1016/j.sjbs.2023.103877 (in Eng.).

Ameena M., Arumugham M., Ramalingam K., Rajeshkumar S., & Shanmugam R. (2023). Evaluation of the anti-inflammatory, antimicrobial, antioxidant, and cytotoxic effects of chitosan thiocolchicoside-lauric acid nanogel. Cureus. – Vol 15(9). – P. e46003. https://doi.org/10.7759/cureus.46003 (in Eng.).

Badeggi U. M., Ismail, E., Adeloye A. O., Botha S., Badmus J. A., Marnewick J. L., ... & Hussein A. A. (2020). Green synthesis of gold nanoparticles capped with procyanidins from Leucosidea sericea as potential antidiabetic and antioxidant agents. Biomolecules. – 2020. – Vol. 10. – №. 3. – P. 452. https://doi.org/10.3390/biom10030452 (in Eng.).

Dyusebaeva M. A., Berillo D. A., Berganayeva A. E., Berganayeva G. E., Ibragimova N. A., Jumabayeva S. M., ... & Vassilina G.K. (2023). Antimicrobial activity of silver nanoparticles stabilized by liposoluble extract of Artemisia terrae-albae. Processes. – 2023. – Vol. 11. – №. 10. – P. 3041. https://doi.org/10.3390/pr11103041 (in Eng.).

Eker F., Akdaşçi E., Duman H., Bechelany M., & Karav S. (2025). Green synthesis of silver nanoparticles using plant extracts: A comprehensive review of physicochemical properties and multifunctional applications. International Journal of Molecular Sciences. – 2025. – Vol. 26. – №. 13. – P. 6222. https://doi.org/10.3390/ijms26136222 (in Eng.).

Fahim M., Shahzaib A., Nishat N., Jahan A., Bhat T. A., & Inam A. (2024). Green synthesis of silver nanoparticles: A comprehensive review of methods, influencing factors, and applications. JCIS open. – 2024. – Vol. 16. – P. 100125. https://doi.org/10.1016/j.jciso.2024.100125.

Fazil M. M., Gul A., & Jawed H. (2024). Optimization of silver nanoparticles synthesis via Plackett–Burman experimental design: in vitro assessment of their efficacy against oxidative stress-induced disorders. RSC advances. – 2024. – Vol. 14. – №. 29. – P. 20809-20823. https://doi.org/10.1039/d4ra02774d (in Eng.).

Jain R., Vidhani B., Tyagi S., & Jain R. (2026). Silver nanoparticles for antibacterial applications: Current insights and emerging trends. AIP Advances. – 2026. – Vol. 16. – №. 3. – P. 030702. https://doi.org/10.1063/5.0305030 (in Eng.).

Khan M.R., Urmi M.A., Kamaraj C., Malafaia G., Ragavendran C., & Rahman M.M. (2023). Green synthesis of silver nanoparticles with its bioactivity, toxicity and environmental applications: A comprehensive literature review. Environmental Nanotechnology, Monitoring & Management. – 2023. – Vol. 20. – P. 100872. https://doi.org/10.1016/j.enmm.2023.100872 (in Eng.).

Lithi I.J., Ahmed Nakib K.I., Chowdhury A.S., & Sahadat Hossain M. (2025). A review on the green synthesis of metal (Ag, Cu, and Au) and metal oxide (ZnO, MgO, Co3O4, and TiO2) nanoparticles using plant extracts for developing antimicrobial properties. Nanoscale Advances. – 2025. – Vol. 7. – №. 9. – P. 2446-2473. https://doi.org/10.1039/d5na00037h (in Eng.).

Madhuranga H. D. T., Samarakoon D.N.A.W. (2023). In vitro anti-inflammatory egg albumin denaturation assay: an enhanced approach. Journal of Natural & Ayurvedic Medicine**. –** Vol.7. – № 3 – P. 1-6. https://doi.org/10.23880/jonam-16000411 (in Eng.).

Martínez-Cisterna D., Rubilar O., Chen, L., Lizama M., Chacón-Fuentes M., Quiroz A., & Bardehle L. (2025). Biosynthesized chitosan-coated silver nanoparticles: insecticide activity and sublethal effects against drosophila suzukii (Diptera: Drosophilidae). Biomolecules. – 2025. – Vol. 15. – №. 4. – P. 490. https://doi.org/10.3390/biom15040490 (in Eng.).

Nair S., Ansari A., Khan S., Pratap A., & Mali S.N. (2026). Anti-inflammatory activity of silver nanoparticles (AgNPs): an updated systematic review from in vivo, and in vitro studies. Inflammopharmacology. – 2026. – Vol. 34. – №. 4. – P. 2135-2174. https://doi.org/10.1007/s10787-026-02167-9 (in Eng.).

Varjovi M. B., Zakaria R. A., Rostamnia S., & Gholipour B. (2023). Biosynthesized Ag nanoparticles on urea-based periodic mesoporous organosilica enhance galegine content in Galega. Applied Microbiology and Biotechnology. – 2023. – Vol. 107. – №. 5. – P. 1589-1608. https://doi.org/10.1007/s00253-023-12414-6 (in Eng.).

Wayne, P. C. A. L. S. I. (2023). CLSI performance standards for antimicrobial susceptibility testing. *33rd ed. CLSI supplement M100*. Wayne, PA: Clinical and Laboratory Standards Institute. – 402 p. (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 239-251

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.453

UDC: 544.526.5
IRSTI: 29.19.31

©Dyussembekova S.B.[1,2], Utarova D.A.[2], Kuspanov Zh.B.[2], Daulbayev Ch.B.[2], Abdikarimova U.A.[2, 3*], 2026.
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Laboratory of Electrochemical Conversion and Energy Storage,
Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan;
[3]Satbayev University, Almaty, Kazakhstan.
[*]E-mail: ulzhanabdi01@gmail.com

INVESTIGATION OF THE EFFECT OF $SrTiO_3$ HEAT TREATMENT ON THE PHOTOCATALYTIC EFFICIENCY OF THE DECOMPOSITION OF AN AMPHOTERIC ANTIBIOTIC

Dyussembekova Saule — PhD student, Research Scientist, Al-Farabi Kazakh National University; Laboratory of Electrochemical Conversion and Energy Storage, Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: saule.dyussembekova@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-9912-8108;
Utarova Dina — Junior Research, Laboratory of Electrochemical Conversion and Energy Storage, Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: dinautarova.556430@gmail.com, https://orcid.org/0009-0007-6755-3055;
Zhengisbek Kuspanov — PhD, Senior Research, Laboratory of Electrochemical Conversion and Energy Storage, Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: zhenis.kuspanov@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-2734-5346;
Daulbayev Chingis — PhD, Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: ch.daulbayev@inp.kz; https://orcid.org/0000-0002-7860-7799;
Соңғы жылдары мырыш қаптамаларын алу технологияларын жетілдіру мақсатында электролит құрамын жетілдіруға ерекше назар аударылуда. Электролитке енгізілетін органикалық және бейорганикалық қосылыстар металдын кристалдану кинетикасына әсер етіп, жабынның құрылымы мен қасиеттерін өзгертеді. Әсіресе декстрин, желатин және басқа да беттік-белсенді заттар катод бетінде адсорбцияланып, кристалдардың бағытталған өсуін реттейді. Нәтижесінде жабынның түйіршік өлшемі кішірейіп, бетінің тегістігі артып, ішкі кернеулер азаяды.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мырыш қаптамаларын кешенді зерттеу үшін электрохимиялық әдістермен қатар физикалық және физика-химиялық талдау тәсілдері кеңінен қолданылады. Олардың қатарына рентгендік фазалық талдау (XRD), инфрақызыл Фурье-спектроскопия (FTIR), сканерлеуші электрондық микроскопия (SEM), энергия-дисперсиялық спектроскопия (EDS), электрохимиялық импеданстық спектроскопия (EIS) және потенциодинамикалық поляризация әдістері жатады. Бұл әдістер жабынның фазалық құрамын, морфологиясын, элементтік құрамын және коррозиялық тұрақтылығын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеуде мырыш негізіндегі гальваникалық қаптамалардың қасиеттеріне электролит құрамының әсері электрохимиялық әдістер арқылы қарастырылды. Алынған нәтижелер қазіргі ғылыми әдебиеттердегі мәліметтермен салыстырылып, электролит құрамын жетілдірудің қаптама сапасына әсері ғылыми тұрғыдан талданды. Зерттеу нәтижелері болашақта физикалық және физика-химиялық талдау әдістерін қолдана отырып кешенді зерттеулер жүргізуге ғылыми негіз болады (Feng et al., 2017).

Материалдар мен зерттеу әдістері. Гальваникалық қаптамалардың сапасын

анықтайтын негізгі операциялар бөлшектердің бетін қаптауға дайындаумен байланысты болып табылады. Барлық ақаулы қаптамалардың 70% дейін бөлшектерді дайындау сапасының төмендігімен байланысты екені анықталды (Umer et al., 2025). Сондықтан жоғары сапалы қаптамаларды дайындау операциялары дәл орындалғанда және жалпы талаптар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады. Қаптау әрқашан бөлікті өндірудің технологиялық процесінің соңғы операциясы болып табылады (Beltowska-lehman et al., 2002). Сондықтан дәнекерлеу, термиялық және механикалық өңдеу жұмыстары бұрын жасалуы керек, ал жабуға дайындалған бөліктің беті сызбада қарастырылған МемСТ 15612-2013 сәйкес өңдеу тазалығына ие болуы керек. Қапталатын беттерден бұрандаларды, қабықтарды, қабыршақты, бұрын қолданылған қаптамалардың қабатын және металл емес қосындыларды алып тастау керек. Қаптамадан кейін түзету оның тұтастығы мен тегістігін бұзатын ойықтар, жіптердің зақымдалуы және басқа ақаулардың болуына жол берілмейді. Егер ашық жерлер бар болса, онда химиялық төзімді материалдармен тиісті түрде қорғалуы керек (Jothi et al., 2013). Бөлшектерді жабудың толықтығы мен біркелкілігінің шарттары ең жақсы болатындай етіп орналастырылуы қажет. Жабылатын бөлшектердің беті мұқият майсыздандырылуы керек, содан кейін таза ағынды сумен жуылады. Әрқашан бөлшектердің бетінде болатын оксидтерді шөгу немесе тұздау арқылы жою керек. Оксидтердің болуы металл бөлшектерге қаптаманың адгезиясының беріктігін айтарлықтай төмендетеді. Кейін бөліктерді суық ағынды сумен мұқият шаю керек (Nuno et al., 2017). Өңдеу және жуғаннан кейін бөлшектерді дереу гальваникалық қаптамаға арналған ванналарға салу керек.

Өндірісте конструктивті материалдар ретінде кеңінен қолданылатын алюминий, кадмий, титан құймалары, коррозияға берік қалайы, молибден, вольфрам секілді материалдардың беттік қабатында қалыпты жағдайда тотық қабықшалары оңай түзілетіндіктен, мұндай материалдардың беттік қабатына гальваникалық қаптаманы отырғызу түзілген тотық қабықшаларынан айырылғаннан кейін ғана мүмкін болады. Сондықтанда әрбір металдың және құйманың беттік қабатын алдын ала дайындалу қажет. Гальваникалық қаптаманы қаптау алдында бөлшектің беттік қабатын дайындаудың белгілі механикалық, химиялық, электрохимиялық түрлері бар.

Жұмыс барысына әрбір тәжірибе үш тәуелсіз қайталаумен жүргізілді, әр үлгі үшін үш параллель өлшеу орындалды. Тәжірибелік қателік стандартта ауытқу мен салыстырмалы қателікті есептеу арқылы бағаланды. Нәтижелердің қайталанымдылығы тәжірибе шарттарының (температура, ылғалдылық, тәжірибе ұзақтығы, реактивтердің тазалық дәрежесі мен концентрациясы) бірдей сақталуы, стандартталған әдістеме, калибрленген жабдық пайдалану арқылы қамтамасыз етілді (сенімділік деңгейі - 95%). Кездейсоқ факторлардың әсерін азайту үшін үлгілерді дайындау мен өлшеулерді жүргізудің бірыңғай тәртібі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Тәжірибе кезінде 12Х18Н10Т маркалы болаттан жасалған таспалар қолданылды, алдымен егеуқұм қағазымен механикалық өңделінді, кейін сызаттардан арылу мақсатында дистелденген

CC BY NC

сумен әбден жуылды. Натрий гидроксидінің ерітіндісімен 60-80°С температурада майсыздандырылып, күкірт қышқылымен тазартылды.

Майсыздандыру қаптамалардың сапасына (олардың адгезиясына) үлкен әсер етеді. Ластанған бетте электрохимиялық қаптамалар мүлдем пайда болмайды немесе бөлшектің бетіне үздіксіз, нашар жабысады (Zhang et al., 2023; Bhat et al., 2020). Электролиттің құрамын таңдағанда оның электр өткізгіштігін, эмульгациялау және ылғалдандыру қабілетін, сондай-ақ катод материалына әсерін ескеру қажет. 1 - кестеге сәйкес электрохимиялық майсыздандыруға арналған ерітіндінің құрамы көрсетілген.

Кесте 1. Электрохимиялық майсыздандыруға арналған ерітінді құрамы.

Ерітінді компоненттері	Майсыздандыратын ерітінді құрамы, г/л		
	Үздіксіз ванналарға арналған болат бөлшектері үшін	Болат сымдары мен құбырлар үшін	Түсті металдар үшін
NaOH	20 - 40	50 - 150	-
Na_3PO_4	20 - 40	-	20 - 40
$NaHCO_3$	20 - 40	-	20 - 40
$Na_2O \cdot SiO_2$	3 - 5	30 - 80	3 - 5
Температура, ^0C	60 - 80	60 - 80	60 - 80
Ток тығыздығы, $А/дм^2$	2 - 10	40	2 - 10

Тазалау процесін жүргізудің кері әдісімен анодты өңдеу уақыты әдетте катодты өңдеу уақытының 1/5-1/15 құрайды. Ваннадағы жұмыс кернеуі 2,5-3 В- тан жоғары болуы керек (майсыздандыру ванналарындағы судың ыдырау кернеуі); әдетте 6-12 В кернеуі бар түзеткіштер қолданылады (Hani et al., 2020; Feng et al., 2017). Электр энергиясын үнемдеу үшін электродтар арасындағы қашықтық минималды болу керек және әдетте 0,05 - 0,15 м құрайды (Byk et al., 2008; Bhat et al., 2021). Екінші электрод ретінде анодты майсыздандыру кезінде - болат (катод), катодты және кері майсыздандыру кезінде - коррозияға төзімді болат, никельмен қапталған көміртекті болат таспалары қолдануға болады.

Тәжірибе барысында қолданылған таспаны электрохимиялық тазарту үшін 60 - 62 мл концентрленген күкірт қышқылы қолданылды. Электрохимиялық тазарту майсыздандыру процесінен соң орындалады, себебі, механикалық және майсыздандырылған таспаның бетінде толық тазартылмаған бөлшектердің болуының әсерінен күкірт қышқылында электрохимиялық ұяшықта тазарту процесі жүргізіледі (Yang et al., 2021; Kishika et al., 2025).


Гальваникалық қаптамаларды қолданар алдында бөлшектердің бетін химиялық майсыздандыру, әдетте, электрохимиялық майсыздандырудан бұрын болады; ол негізінен бөлшектерде қалың май қабаты болған кезде қолданылады. Майларды жоюдың химиялық әдісі олармен органикалық еріткіштердің немесе сілтілік ерітінділердің өзара әрекеттесуіне негізделген, бұл олардың еруіне, сабынануына немесе эмульсиялардың пайда болуына әкеледі (García et al., 2026).

Эксперимент барысында қолданылған болат таспалары мырышпен қапталған үлгілердің қолданылған электролит құрамына сай алынған нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Қышқылды мырыштау кезіндегі электролит құрамы мен гидролиз режимі.


Құрамы, г/л	**№1**	**№2**
Мырыш сульфаты, $ZnSO_4 \cdot 7H_2O$	30	30
Натрий сульфаты, $Na_2SO_4 \cdot 10H_2O$	7,0	7,5
Ашудастар, $KAl(SO_4)_2 \cdot 12H_2O$	7,0	7,5
Декстрин	-	1,5
pH	3,6-4,4	3,0-4,0
t, ^0C	15-20	30

2 кестеде №1 және №2 электролиттердің құрамына сәйкес БАЗ әсерінен қаптаманың біркелкі болмауы және температураның бірқалыпты болмауы әсерінен дендриттердің түзілуі байқалды. Алынған қаптаманың кемшіліктерін 100-еселі микроскоппен түсірген 1-суреттен байқауға болады.



Сурет 1. Болат таспаның №1 мырыштау электролиті нәтижесіндегі үлгісі.

№2 электролит бойынша құрамындағы декстриннің жеткілікті мөлшері мен температураны көтеру кезінде пайда болған болат таспаның біртекті қаптамасы алынды, оны 2 - суреттен байқауға болады.



Сурет 2. Болат таспаның №2 мырыштау электролиті нәтижесіндегі үлгісі.

Мырыш қаптамасының қалыңдығын есептеулер нәтижесі келесіде көрсетілген. Мырыш электрохимиялық эквиваленті С = 1,22 г/см^3 және стандартты үлестік салмағына 7,13 г/см^3. Катодта жиналған металл массасы 0,781 г. болды. №1 электролитке батырылған таспа бетінің ауданы: 28,181 см^2, №2 электролитке батырылған таспа бетінің ауданы: 26,6901 см^2. Шөгілген металл массасы 0,109 см^3. Шөгілген металл қалыңдығын, қапталатын металл бұйымының беттік ауданы мен тұнған металдың көлемі белгілі болған жағдайда, шөгілген металл №2 электролитке батырылған таспаның қалыңдығы 41 мкм тен болды. Ал, №1 электролитке батырылған таспаның бетіне шөгілген қалыңдығы 38 мкм болды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесіне сәйкес жасалынған есептеуден соң қаптама қалыңдығының оңтайлы, көбірек қапталауына мүмкіндік берді. Металлдың шөгілдіруге 65 мин уақыт кетті. №2 электролитке батырылған ток тығыздығы 0,022 А/дм^2, №1 электролитке батырылған таспаның бетіне шөгілген ток тығыздығы: 0,021 А/дм^2. Тәжірибенің бірден - бір мақсаты, белгілі бір электролит құрамының әсерін анықтау әрі ол электролиттік сапалылығы мен қалыңдығының 40 мкм жоғары болуын қамтамасыз ету.

Электролит температурасының жоғарылауы диффузиялық процестердің қарқындылығын арттырып, металл иондарының катод бетіне жеткізілуін жеңілдетеді. Соның нәтижесінде қаптаманың өсу жылдамдығы тұрақтанып, оның құрылымы біркелкі қалыптасады. Сонымен қатар декстриннің енгізілуі кристалдардың бағытталған өсуін шектеп, жабынның тығыздығын арттырады. Бұл алынған тәжірибелік нәтижелермен де сәйкес келеді: №2 электролит арқылы алынған жабынның қалыңдығы жоғары және морфологиясы біркелкі болды. Мырыш қаптамасының жоғары қорғаныш және анодтық қасиетіне, сондай-ақ, қолжетімділігіне байланысты өндірістің көптеген салаларында кеңінен қолданады. Мырыш қаптамасын тұндыруға әртүрлі электролиттер қолданады.

Тәжірибеден 3-кестеге сәйкес мырыш қаптамасының электролит құрамының өзгеруі әсерінен пайда болған ақауларды анық көруге болады. Мырыш қаптамасында көрсетілген декстринсіз алынған қаптамада қабыршақталған таспаның бар болуын байқауға болады. Декстрин бұл БАЗ, ол таспаға электролит әсерінен пайда болатын қаптамалардың қасиетіне, құрамына кері әсерін тигізбей, керісінше, қаптаманың болат таспасына ыңғайлы әрі тез қапталуына оң әсерін тигізеді. Декстринді 1,5 - 3 г көлемінде алып, ыстық суда араластырады. Дайын болған ерітіндіні электролитке қосады.

Зерттеу нәтижелері мырыш негізіндегі гальваникалық қаптамалардың сапасы электролит құрамына, технологиялық режимдерге және БАЗ қатысуына тікелей тәуелді екенін көрсетті. Электролиттің физика-химиялық қасиеттерінің өзгеруі электрохимиялық тұну процесінің кинетикасына әсер етіп, алынған гальваникалық қаптаманың құрылымын айтарлықтай өзгертеді.

Зерттеу барысында қолданылған №1 және №2 электролиттердің салыстырмалы талдауы олардың құрамындағы БАЗ (декстрин) қаптама сапасының артуына ықпал ететінін көрсетті. Декстрин катод бетінде адсорбцияланып, мырыш кристалдарының бағытталған өсуін тежейді және жана кристалдану

орталықтарының түзілуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде жабынның түйіршікті құрылымы ұсақталып, оның тығыздығы жоғарылайды.

Сонымен қатар температураның жоғарылауы электролит ерітіндісіндегі иондардың диффузиялық қозғалысын жылдамдатады. Бұл өз кезегінде мырыш иондарының катод бетіне жеткізілу қарқындылығын арттырып, электрохимиялық тұну процесінің тұрақты жүруіне жағдай жасайды. Сондықтан №2 электролит жағдайында алынған қаптаманың беті біркелкі болып қалыптасып, дендриттік құрылымдардың түзілуі айтарлықтай төмендеді.

Ал №1 электролитте БАЗ болмауы әсерінен катод бетінде токтың таралуы біркелкі болмады. Мұндай жағдайда металдың жекелеген аймақтарында тұну жылдамдығы артып, дендриттердің түзілуіне әкеледі. Дендриттердің пайда болуы қаптаманың кеуектілігін жоғарылатып, оның қорғаныш қасиеттерін төмендетуі мүмкін.

Тәжірибе барысында алынған 38 және 41 мкм қаптама қалыңдықтары технологиялық талаптарға сәйкес келеді. Қалыңдықтың артуы жабынның коррозиядан қорғау уақытын ұлғайтады. Дегенмен жабынның сапасын тек қалыңдығымен ғана бағалау жеткіліксіз. Оның құрылымы, адгезиясы, біркелкілігі және ішкі кернеуі де маңызды көрсеткіштер болып табылады.

Жұмыс барысында алынған нәтижелердің әдебиеттегі деректермен сәйкес келетіні анықталды, яғни сульфатты электролитке 1,5 г/л декстрин қосу және температураны 30 °С дейін көтеру дендриттердің түзілуін азайтып, біркелкі жабынның қалыптасуына әкелетінің көруге болады. № 2 электролитті пайдаланған кезде, құрамында декстрин болмаған № 1 электролитпен салыстырған кезде, мырыш жабынының қалындығы 38 мкм-41 мкм дейін артуы байқалды. Алынған деректер Фенг және т.б. (2017), Эбботт және т.б. (2019), Нуно және т.б. (2017) авторларының жарияланған зерттеулерімен және органикалық қоспалардың катод бетіне адсорбцияланатынын, мырыш кристалдарының бағытталған өсуін шектейтінін әрі біртекті жабынның түзілуіне ықпал ететінін көрсететін басқа да қазіргі халықаралық әдебиеттерде жарияланған зерттеулермен сәйкес келеді.

Тәжірибе жүзінде 12Х18Н10Т маркалы болат таспалары үшін декстрин мен қышқылды сульфатты электролит температурасының мырыш жабынының қалындығы мен морфологиялық біртектілігіне тигізетін әсері анықталды. 30°С температурада 1,5 г/л декстрин қолдану кезінде қалындығы 41 мкм түзілген біртекті жабын алуға жіне дендриттік ақаулардың қарқындылығын азайтуға мүмкіндік беретіні анықталды. Негізінен электролиттердің басқа түрлері мен мырыш қаптамаларына бағытталған зерттеулерден өзгеше түрде, бұл зерттеу барысында қолжетімді сульфатты электролиттен таза мырыш жабынын тұндырудың оңтайлы шарттары анықталады.

Алынған нәтижелер соңғы жылдары жүргізілген жұмыстарда органикалық қоспалардың электрод бетіне адсорбцияланып, кристалдардың өсу механизмін өзгертетіні және жабынның біркелкілігін арттыратыны көрсетілген. Мұндай құбылыстар қышқылды сульфатты электролиттер үшін де тән болып табылады.

Осы зерттеу нәтижелері өндірістік жағдайда қолданылатын мырыштау

технологиясын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Электролит құрамын дұрыс таңдау металл шығынын азайтып, электр энергиясының тиімді пайдаланылуына және алынатын жабын сапасының жоғарылауына ықпал етеді. Бұл әсіресе мұнай-газ өнеркәсібінде, теңіз құрылымдарында және агрессивті ортада пайдаланылатын металл конструкциялары үшін маңызды.

Бұйым немесе кез - келген бөлшектердің беттік ауданын металмен қаптау кезінде жұмыс режимін орнату және ток тығыздығының қажетті мөлшерін тандау үшін, қапталатын бөлшектің беттік ауданы есептелінетін болады. Бұл бөлшектердің ауданы алдымен бөлек есептелінеді, ары қарай жиынтықталады.

Бөлшекті қаптау техникалық шарттармен қарастырылады, белгілі бір қалыңдықтағы металды қорғау қабатын алу үшін арнайы формулалар арқылы есептелінеді, соңдай - ақ, тамшылату әдісі арқылы да анықтауға болады. Қажетті қалыңдықты алу үшін қажетті уақытты және электролиздің белгілі бір уақытында пайда болған тұнбаның қалыңдығын анықтау қажет. Мырыштау электролитін 3-кестеден көруге болады.

Қаптаманың сапасы электролиттің құрамына, оның температурасына және ток тығыздығына байланысты өзгеріске ұшырайтыны анықталды. БАЗ (декстрин, желатин, ағаш желімі) пайдалану барысында потенциалының арту мүмкіндігіне ие болып, берік қаптама қабатын алуға септігін тигізді. БАЗ қолданылмаған жағдайда кез - келген қаптаманың таспа бетіндегі жылтырлығының болмайтыны көрінді. Ток шамадан тыс берілген кезде таспа майда түйіршіктермен қапталып, қарайып кететіндігі анықталды.

Кесте 3. Мырыштау электролиттерінің құрамы мен жұмыс режимдері.

Тәжірибе реті	**Құрамы, г/л**	**t, °C**	**t, мин**	**Ток, А/дм²**	**m, г**
Объект массасы	-	-	-	-	16,321
Механикалық өңдеу	Тегістеу қағазы	-	-	-	16,319
Майсыздандыру	H_2SO_4 ерітіндісі	18	10	0,60	16,319
Мырыштау	$m(ZnSO_4 \cdot 7H_2O) = 30$ г $m(Na_2SO_4 \cdot 10H_2O) = 7,5$ г $m(KAl(SO_4)_2 \cdot 12H_2O) = 7,5$ г Декстрин = 1,5 г	20	50	0,66	16,566

Мақсатқа сәйкес металлбұйымдарының гальваникалық қаптау процесін талдау үшін әдебиеттік шолу жасалынып, талданды. Мырыштау процестерінде қолданылатын ең тиімді қышқылды сульфатты электролиттер қасиетіне қарай анықталды. Мырыштау процесінде қолданылатын электролиттердің құрамындағы қоспаларға арналған әдістемеге қоспаларға арналған әдістемеге сай, электролит құрамының әсері анықталды, мырыштау процесі нәтижесінде №2 сульфатты электролит бойынша 41 мкм таспа қалыңдығы алынды.

Кесте 4. №1-2 электролит құрамының мырыш қаптамасының қасиеттеріне әсері.

Параметр	№1 электролит	№2 электролит	Әсері
Температура, °С	15–20	30	Температураның жоғарылуы кристаллдардың біркелкі өсуіне ықпал етеді
БАЗ (декстрин), г/л	-	1,5	Қаптаманың тегістігі мен адгезиясын жақсартады
pH	3,6-4,4	3,0-4,0	Электролит тұрақтылығын қамтамасыз етеді
Қаптама қалындығы, мкм	38	41	Қорғаныш қасиеті жоғарылайды
Морфология	Дендриттер түзіледі	Біркелкі	Қаптама сапасы артады

Қорытынды. Зерттеу барысында қышқылды (сульфатты) электролиттердің жоғары тиімділігі мен ток бойынша шығымының жоғары екендігі анықталды. №2 сульфатты электролит құрамын жетілдіру арқылы мақсатты түрде 41 мкм қалыңдықтағы сапалы әрі біркелкі мырыш қаптамасы алынды. Бұдан металл бұйымдарын коррозиядан сенімді қорғауды қамтамасыз ететін оңтайлы қаптама қалындығы алынғандығын көруге болады. №2 электролит құрамына БАЗ (декстриннің) енгізілуі кристалдану орталықтарының санын арттырып, мырыштың электрохимиялық тұну процесін тұрақтандырады. Декстрин молекулалары катод бетіне адсорбцияланып, металл кристаллдарының бағытталған өсуін тежейді. Нәтижесінде жабынның құрылымы майда түйіршікті болып қалыптасып, дендриттердің түзілу ықтималдығы төмендейді. Бұл құбылыс қазіргі электрохимиялық қаптамаларға арналған әдебиеттердегі нәтижелермен сәйкес келеді. Болашақта алынған мырыш негізіндегі гальваникалық қаптамаларының құрамы мен қасиеттері жан-жақты бағалау үшін FTIR, XRD, SEM, EDS, AFM, EIS коррозиялық сынақтарды жүргізу жоспарлануда. Бұл зерттеулер электролит құрамының және қаптаманың фазалық құрамы мен микроморфологиясына әсерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Электролит құрамына енгізілген қоспалардың әсерін әдістемелік тұрғыдан талдау барысында, олардың мырыш қабатының кристалдық құрылымын реттеудегі рөлі анықталды. Қоспалардың үйлесімді концентрациясы қаптаманың адгезиялық қасиетін жақсартып, тесікшілік пен ішкі кернеуді азайтты. Қорытындылай келе, таңдап алынған электролит құрамы мен технологиялық режимдер металл беттерін гальваникалық қаптаудың жоғары өндірістік тиімділігін және алынған өнімнің механикалық беріктігін толықтай қамтамасыз етеді.

References

Abbott A.P., Harris R.C., Ryder K.S. (2019) Influence of additives on the electrodeposition of zinc from a deep eutectic solvent. Electrochimica Acta. – Vol. 297. – P. 355-364. https://doi.org/10.1016/j.electacta.2019.02.090 (in Eng).

Beltowska E., Ozga P., Swiatek Z., Lupi C. (2002) Electrodeposition of Zn–Ni protective coatings from sulfate–acetate baths. Surface and Coatings Technology. – Vol. 156. – P.163-169. https://doi.org/10.1016/S0257-8972(01)01614-0 (in Eng.).

Bhat R.S., Manjunatha K.B., Shankara R.P., Venkatakrishna K., Hegde A.Ch. (2020) Electrochemical studies on the corrosion resistance of Zn–Ni–Co coating from acid chloride bath. Appl Phys. – Vol. 126. – P. 772. https://doi.org/10.1007/s 00339-020-03958-9 (in Eng.).

Boivin D., Jagodar A., Brault P., Vaubois T., Menou E., Aspe B., Caillard A., Andreazza P., Cavarroc-Weimer M., Thomann A.L. (2025) Phase formation prediction in magnetron sputtered Cu(Ti) Zn thin films: numerical vs experimental approaches. J. Appl Phys. – Vol. 137. – P.1-11. https://doi.org/10.1063/5.0253997 (in Eng.).

Byk T.V., Gaevskaya T.V., Tsybulskaya L.S. (2008) Effect of electrodeposition conditions on the composition, microstructure, and corrosion resistance of Zn-Ni alloy coatings. Surface and Coatings Technology. – Vol. 202. – P. 4791-4797. https://doi.org /10.1016/j.surfcoat.2008.05.058 (in Eng.).

Feng Z., Li Q., Zhang J. (2017) A review of organic additives in zinc electrodeposition process (performance and evaluation). Hydrometallurgy. – Vol. 174. – P. 258-273. https://doi.org /10.1016/J.Hydromet.2017.06.004 (in Eng.).

García M., Torres E., Ruiz V. (2026) Influence of cations size and charge on Zn electrodeposition from deep eutectic solvents. Electrochimica Acta. – Vol. 520. – P. 145678. https://doi.org /10.1016/j.electacta.2025.148002 (in Eng.).

Hani K.I. (2020) Electrodeposition of a mirror zinc coating from a choline chloride-ethylene glycol-based deep eutectic solvent modified with methyl nicotinate. Journal of Electroanalytical Chemistry. – Vol. 878. – P. 114667. https://doi.org /10.1016/j.jelechem.2020.114737 (in Eng.).

Jothi S., Jianshe L., Wei S. (2013) Electroless nickel, alloy, composite and nano coatings. Journal of Alloys and Compounds. – Vol. 571. – P. 183-204. https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2013.03.107 (in Eng.).

Kishika A., Ankur S., Komal Sh.A. (2025) Electrodeposited Zn-Ni alloy nanocoatings: structure, performance, and sustainable applications. Environmental Systems Research. – Vol. 14. – P. 41. https://doi.org /10.1186/s40068-025-00441-3 (in Eng.).

Nuno M.P., Carlos M.P., João P., Araújo A., Fernando S. (2017) Zinc electrodeposition from deep eutectic solvent containing organic additives. Journal of Electroanalytical Chemistry. – Vol.785. – P.132-140 DOI:10.1016/j.jelechem.2017.08.019 (in Eng.).

Umer D., Muhammad W., Tanveer I. (2025) Characterization and corrosion analysis of zinc coating by electrodeposition using acid chloride electrolyte solution. Results in Surfaces and Interfaces. – Vol. 18. – P. 100245. https://doi.org /10.1016/j.rsurfi.2025.100588 (in Eng.).

Yang Q., Liang G., Guo Y. (2021) Zn electrode/electrolyte interfaces of Zn batteries: A mini review. Electrochemistry Communications. – Vol. 124. – P. 106929. https://doi.org /10.1016/j.elecom.2020.106898 (in Eng.).

Zhang N., Cheng Y., Liu Y. (2023) Toward stable and highly reversible zinc anodes for aqueous batteries via electrolyte engineering. Journal of Energy Chemistry. – Vol. 79. – P. 412-428. https://doi.org /10.1016/j.jechem.2023.04.006 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 448-459

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.466

UDC: 544.77.03
IRSTI: 31.15.37

©Seitkaliyeva N.[1], Kussainova G.[1]*, Zhursumbayeva M.[1], Mohamad Ibrahim M.N.[2], Abdiyev K.[1], 2026.
[1]Satbayev University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Universiti Sains Malaysia, Penang, Malaysia.
[*]E-mail: g.kussainova@satbayev.university

STUDY OF THE FLOCCULATION PROPERTIES OF ITACONIC ACID-BASED COPOLYMERS

Seitkaliyeva Nurgul — Candidate of Chemical Sciences, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: n.seitkaliyeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4133-1749;
Kussainova Gulsara — PhD, Researcher, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: g.kussainova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-0990-9002;
Zhursumbayeva Mariyamkul — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: m.zhursumbayeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0001-9083-5754;
Mohamad-Ibrahim — PhD, Professor, Universiti Sains Malaysia, Penang, Malaysia,
E-mail: mnm@usm.my, https://orcid.org/0000-0002-6784-5775;
Abdiyev Kaldibek — Doctor of Chemical Sciences, Professor, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: k.abdiyev@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-2248-6203.

Abstract. *Relevance.* The rapid development of industry and the resulting increase in anthropogenic pressure on the environment have led to a growing need for effective methods for removing dispersed and colloidal pollutants from industrial and natural wastewater. In this regard, the use of high-molecular-weight flocculants capable of accelerating floc formation and sedimentation is becoming increasingly important. Consequently, flocculation is considered one of the most effective methods for industrial wastewater treatment. From this perspective, polyampholytes containing both cationic and anionic functional groups are of particular interest because they can interact with pollutant particles of different natures.

Objective. The aim of this study was to investigate the flocculation properties of a copolymer of [(3-methacryloylamino) propyl] trimethylammonium chloride (TMAPMACh) and itaconic acid (IA).

Results and conclusions. The experimental methodology was based on determining the flocculation properties of the copolymer by measuring the change in the optical density of a bentonite suspension over time in the presence of the flocculant. The

optical density of the suspension was measured at a wavelength of 546 nm using an i3 UV–VIS spectrophotometer (China). A suspension of bentonite obtained from the Pogodaevskoye deposit in Western Kazakhstan was used as the test system.

The effect of the molar ratio of TMAPMACh to IA in the copolymer on its flocculation properties was also investigated. The molar ratios of the comonomers were varied at 20:80, 50:50, and 80:20. The results showed that the copolymer synthesized from an initial monomer mixture with a TMAPMACh:IA molar ratio of 50:50 exhibited the highest flocculation efficiency.

In addition, the effect of the TMAPMACh–IA copolymer on the thixotropic properties of bentonite-based drilling fluids was investigated.

Keywords: flocculation, itaconic acid, polyampholytes, polymeric flocculants, environment

For citations: *Seitkaliyeva N., Kussainova G., Zhursumbayeva M., Mohamad Ibrahim M.N., Abdiyev K. Study of the Flocculation Properties of Itaconic Acid-Based Copolymers. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 448-459. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.466*

©Сейтқалиева Н.[1], Кусаинова Г.[1]*, Жүрсімбаева М.[1], Мохамад Ибрагим М.Н.[2], Әбдиев Қ.[1], 2026.

[1]Satbayev University, Алматы, Қазақстан;

[2]Universiti Sains Malaysia, Пенанг, Малайзия.

*E-mail: g.kussainova@satbayev.university

ИТАКОН ҚЫШЫЛЫ НЕГІЗІНДЕГІ СОПОЛИМЕРЛЕРДІҢ ФЛОКУЛЯЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Сейткалиева Нургуль — химия ғылымдарының кандидаты, Satbayev University, Алматы, Қазақстан,
E-mail: n.seitkaliyeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4133-1749;
Кусаинова Гульсара — PhD, Satbayev University, Алматы, Қазақстан,
E-mail: g.kussainova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-0990-9002;
Жүрсімбаева Мариамкүл — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Satbayev University, Алматы, Қазақстан,
E-mail: m.zhursumbayeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0001-9083-5754;
Мохамад Насир Мохамад Ибрагим — PhD, профессор, Universiti Sains Malaysia, Penang, Malaysia,
E-mail: mnm@usm.my, https://orcid.org/0000-0002-6784-5775;
Әбдиев Қалдыбек — химия ғылымдарының докторы, профессор, Satbayev University, Алматы, Қазақстан,
E-mail: k.abdiyev@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-2248-6203.

Аннотация. *Өзектілігі.* Қазіргі таңда өнеркәсіптің қарқынды дамуы және соған байланысты қоршаған ортаға антропогендік әсердің күшеюіне байланысты өнеркәсіптік және табиғи ағын суларды дисперстік және коллоидтық ластағышық бөлшектерден тазартудың тиімді әдістерін әзірлеудің маңыздылығы артуда. Осыған байланысты флокулалардың түзілу үдерісін және тұнуын жеделдететін

жоғары молекулалық флокулянттарды қолдану маңыздылығы арта түсуде. Сондықтан флокуляция өнеркәсіптік ағын суларды тазарту кезінде қолданылатын ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда, құрамында бір мезгілде катиондық және аниондық функционалдық топтар болатын полиамфолиттер ерекше қызығушылық тудыруда, өйткені олар табиғаты әртүрлі ластағыш бөлшектертармен әрекеттесуді қамтамасыз ете алады.

Мақсаты. Бұл жұмыстың мақсаты – [(3-метакрилоиламино)пропил] үшметиламмоний хлориді (ТМАПМАХ) мен итакон қышқылы (ИҚ) сополимерінің флокуляциялық қасиеттерін зерттеу.

Нәтижелері мен қорытындылар. Жұмыстың әдістемесі флокулянт қатысында бентонит сазбалшығы суспензиясының оптикалық тығыздығының уақытқа байланысты өзгерісін өлшеу арқылы сополимердің флокуляциялық қасиеттерін анықтауға негізделген. Суспензияның оптикалық тығыздығы 546 нм толқын ұзындығында i3 UV-VIS (Қытай) спектрофотометрінің көмегімен өлшенді. Зерттеу нысаны ретінде Погодаев кен орнынан (Батыс Қазақстан) алынған бентонит сазбалшығының суспензиясы қарастырылды.

Сонымен бірге, ТМАПМАХ–ИҚ сополимерінің мольдік құрамының оның флокуляциялық қасиетіне әсері зерттелді. Сополимердің мольдік құрамы 20:80, 50:50 және 80:20 аралығында өзгертілді. Зерттеу барысында бастапқы құрамы [ТМАПМАХ]:[ИҚ]=50:50 мол. % мономерлер қоспасынан синтезделген сополимер ең жоғары флокуляциялық қасиетке ие екендігі анықталды.

Сондай-ақ ТМАПМАХ–ИҚ сополимерінің бентонит сазбалшығы негізіндегі бұрғылау ерітінділерінің тиксотропиялық қасиетіне әсері де зерттелді.

Түйін сөздер: флокуляция, итакон қышқылы, полиамфолиттер, полимерлік флокулянттар, қоршаған орта

©Сейткалиева Н.[1], Кусаинова Г.[1]*, Журсумбаева М.[1], Мохамад Ибрагим М.Н.[2], Абдиев К.[1], 2026.
[1]Satbayev University, Алматы, Казахстан;
[2] Universiti Sains Malaysia, Пенанг, Малайзия.
*E-mail: g.kussainova@satbayev.university

ИССЛЕДОВАНИЕ ФЛОКУЛИРУЮЩИХ СВОЙСТВ СОПОЛИМЕРОВ НА ОСНОВЕ ИТАКОНОВОЙ КИСЛОТЫ

Сейткалиева Нургуль — кандидат химических наук, Satbayev University, Алматы, Казахстан,
E-mail: n.seitkaliyeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-4133-1749
Кусаинова Гульсара — PhD, Satbayev University, Алматы, Казахстан,
E-mail: g.kussainova@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0003-0990-9002;
Журсумбаева Мариамгуль — кандидат химических наук, ассоциированный профессор, Satbayev University, Алматы, Казахстан,
E-mail: m.zhursumbayeva@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0001-9083-5754;
Мохамад Насир Мохамад Ибрагим — PhD, профессор, Universiti Sains Malaysia, Penang, Malaysia,
E-mail: mnm@usm.my, https://orcid.org/0000-0002-6784-5775;
Абдиев Қалдибек — доктор химических наук, профессор, Satbayev University, Алматы, Казахстан,
E-mail: k.abdiyev@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-2248-6203.

Аннотация. *Актуальность.* В настоящее время в связи с быстрым развитием промышленности и усилением антропогенного воздействия на окружающую среду возрастает актуальность разработки эффективных методов очистки промышленных и природных сточных вод от дисперсных и коллоидных загрязняющих частиц. В связи с этим все большее значение приобретает применение высокомолекулярных флокулянтов, ускоряющих процессы образования и осаждения флокул. Поэтому флокуляция является одним из наиболее эффективных методов, применяемых при очистке промышленных сточных вод. С этой точки зрения особый интерес представляют полиамфолиты, содержащие одновременно катионные и анионные функциональные группы, поскольку они способны взаимодействовать с загрязняющими частицами различной природы.

Цель. Цель данной работы — исследование флокулирующих свойств сополимера [(3-метакрилоиламино) пропил] триметиламмоний хлорида (ТМАПМАХ) и итаконовой кислоты (ИК).

Результаты и выводы. Методика работы основана на определении флокулирующих свойств сополимера путем измерения изменения оптической плотности суспензии бентонитовой глины во времени в присутствии флокулянта. Оптическую плотность суспензии измеряли при длине волны 546 нм с использованием спектрофотометра i3 UV-VIS (Китай). В качестве объекта исследования использовали суспензию бентонитовой глины, добытой на месторождении Погодаевское (Западный Казахстан).

Также было исследовано влияние мольного состава сополимера ТМАПМАХ–ИК на его флокулирующие свойства. Мольное соотношение сополимера варьировали в диапазоне 20:80, 50:50 и 80:20. В ходе исследования было установлено, что сополимер, синтезированный из исходной смеси мономеров состава [ТМАПМАХ]:[ИК] = 50:50 мол. %, обладает наиболее высокой флокулирующей активностью.

Кроме того, было исследовано влияние сополимера ТМАПМАХ–ИК на тиксотропные свойства буровых растворов на основе бентонитовой глины.

Ключевые слова: флокуляция, итаконовая кислота, полиамфолиты, полимерные флокулянты, окружающая среда

Кіріспе. Соңғы жылдардағы дамушы елдерде халық санының тез өсуі, урбанизация және экономикалық өрлеу табиғи су ресурстарын пайдалану көлемінің артуына және су сапасының нашарлауына себеп болып отыр (Sharma et al., 2022). Сонымен бірге сүт өнімдері, целлюлоза, қағаз (Martinez-Burgos et al., 2021, Amor et al., 2019), тоқыма (Teixeira et al., 2022) және фармацевтика (Guo et al., 2015) сияқты өнеркәсіп салаларының дамуы да ағынды сулар көлемінің артуына үлес қосуда. Экологиялық талаптардың күшеюі өндірістік ағын суларды тазартудың қолжетімді және тиімді әдістерін қолдану маңыздылығын арттыруда. Солардың ішінде кең таралған тиімді әдістердің бірі - ол судан ластағыш дисперстік және коллоидтық бөлшектерді коагуляция–флокуляция әдістері

арқылы тұндырып, бөліп алу. Қазіргі зерттеу жұмыстары дәстүрлі коагулянттарды жетілдіруге және жоғары тиімділік пен биологиялық ыдырағыштық қасиетке ие экологиялық қауіпсіз табиғи флокулянттарды жасауға бағытталған. Сонымен бірге, флокуляцияның физика-химиялық аспектілерін түсінуде елеулі алға басу болғанымен, көптеген инженерлік және биологиялық процестерге елеулі әсер ететін турбуленттіліктің флокуляцияға ықпалы әлі де жеткілікті зерттелмеген (Oyegbile et al., 2016).

Осыған орай коагуляция–флокуляция процестерін дамыту және оңтайландыру ағынды суларды тазарту технологиясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады (Teh et al., 2016, Ajao et al., 2018).

Әдебиеттік шолу. Флокулянттар флокуляция процесінде негізгі рөл атқаратындықтан, жоғары тиімді әрі арзан флокулянттарды жасау көптеген зерттеулерде өзекті мәселе болып саналуда. Полимерлі флокулянттардың тиімділігі бөлшектерді физикалық түрде ұстап қалуға қабілетті макромолекулалық торлардың түзілуімен, сондай-ақ ерітіндідегі полимер конформациясының өзгеру мүмкіндігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты полимер тізбектерінің пішіні қоршаған ортадағы немесе оларға қосылған коллоидтық бөлшектердің құрылымымен үйлеседі. Адсорбцияланған макромолекулалар релаксация процесіне ұшырауы мүмкін: ластаушы бөлшектердің бетінде шамадан тыс жазылып, тегістеліп орналасқан кезде, олар басқа бөлшектермен байланысу қабілетін жоғалтады. (Jiang et al., 2020).

Флокуляция процесінде бірнеше механизм бір мезгілде маңызды рөл атқарды: зарядтың бейтараптануы, адсорбциялық-көпіршелік (bridging) механизм және молекулааралық гидрофобтық ассоциация. Осылайша, жүргізілген зерттеу мұнаймен ластанған ағынды суларды тазартуға арналған тиімді әрі перспективалы флокулянтты ұсынумен қатар, су тазарту технологияларына арналған жоғары өнімді флокулянттарды әзірлеудің жаңа бағытын көрсетеді (Zhou et al., 2019).

Флокуляция процесіне елеулі әсер ететін тағы бір фактор — флокулянттың концентрациясы немесе оның оңтайлы дозасы. Флокулянт концентрациясының жеткіліксіз болуы да, шамадан тыс жоғары болуы да процестің тиімділігін төмендетеді. Тағы бір маңызды фактор — флокуляцияның тиісті ұзақтығы. Ол ерітіндідегі қоспалардың түрі мен мөлшеріне, сондай-ақ қолданылатын флокулянттың түріне байланысты болады. Уақыт өте келе үлпектердің (флоктардың) мөлшері, пішіні, тығыздығы және тұну жылдамдығы өзгеретіндіктен, олардың гидродинамикалық тұрақсыздығы да флокуляция процесінің жүруіне әсер етеді. (Mishra et al., 2025, Ульрих және т.б., 2023).

Зарядтық қасиеттеріне байланысты флокулянттардың құрамында оң және теріс зарядталған функционалдық топтар бір мезгілде болуы мүмкін. Мұндай полимерлер- **полиамфолиттер** деп аталады. Полиамфолиттік флокулянттарды қолдану қарама-қарсы зарядталған бірнеше ластағыштарды бір мезгілде ағынды судан бөліп алу қажет болған жағдайда ерекше тиімді. Полиамфолиттердің осы ерекше класына қатысты жан-жақты шолу еңбектері әдебиеттерде кеңінен жарияланған (Kudaibergenov et al., 2024).

CC BY NC

Флокуляция және бактерияға қарсы әсер ету механизмдері флокуляция тиімділігінің айқын көрсеткіштері. Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, крахмал негізіндегі флокулянттар үш түрлі модельдік су үлгілеріне қатысты жоғары флокуляциялық тиімділік көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар айқын бактерияға қарсы қасиетке де ие болды (Huang et al., 2017).

Қазіргі таңда биоцидтік қасиеті жоғары әрі тиімді флокулянттарды синтездеу ғалымдар алдына қойылған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Соған сәйкес ұсынылып отырған жұмыста N-[(3-триметиламино)пропил] үшметил аммоний хлориді мен итакон қышқылы негізінде синтезделген жаңа полиамфолит-сополимерлердің флокуляциялық қасиеттері зерттелді. Сополимер құрамындағы ТМАПМАХ - тың төртіншілік аммоний топтары сополимерге катиондық сипат берсе, итакон қышқылының екі карбоксил тобы полимердің аниондық-функционалдық қасиеттерін қалыптастырады. Екіншіден ИҚ және ТМАПМАХ мономерлері полимерлік қосылысқа бактерицидтік қасиет береді (Abdiyev et al., 2024, Кусаинова, 2026). ТМАПМАХ және ИҚ мономерлері қолжетімді өндірістік және табиғи мономерлер. ИҚ-табиғи метаболит, ол кейбір саңырауқұлақтар (мысалы, Aspergillus terreus) мен өсімдіктер арқылы өндіріледі. Сондықтан, ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің биологиялық жолмен ыдырау қасиеті жоғары болады, яғни қоршаған ортаға тигізетін зияны минимальды болады. Демек, ТМАПМАХ-ИҚ сополимерін экологиялық қауіпсіз қосылыс деп атауға болады

Материалдар мен әдістер. Құрамы 20:80; 40:60; 50:50; 60:40 және 80:20 мол. % тең [ТМАПМАХ]:[ИҚ] мономерлер қоспасынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерлерінің (Кусаинова, 2026) судағы 0.1 мас. % ерітінділері дайындалды.

ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің флокуляциялық қасиеттері Погодаевское кенорнының (Батыс Қазақстан) бентонит сазбалшығы негізінде зерттелді. Сазбалшық алдын-ала диірменде 330 айн/мин 10 минут жағдайда ұнтақталып. Ары қарай, бентонит ұнтағы тесіктерінің диаметрі 0.2 мм-ден аспайтын електен өткізіліп, одан кейін одан 0.3 мас. % судағы суспензиясы дайындалды. Сазбалшық толық ісінуі үшін суспензия 24 сағатқа қалдырылды (Orynbayev et al., 2023).


Сополимерлердің флокуляциялық қасиеттерін анықтау. Суспензияны тұндыру процесінің ұзақтығы дисперстік бөлшектердің шөгу жылдамдығына тікелей байланысты. Дисперстік фаза бөлшектерінің флокуляциялану дәрежесін, яғни суды ұсақ бөлшектерден тазарту тиімділігін суспензияның оптикалық тығыздығын (D) өлшеу арқылы анықтауға болады (Abdiyev et al., 2022). Суспензияның оптикалық тығыздығы і3 UV-VIS спектрофотометрінде 546 нм толқын ұзындығында өлшенді. Оптикалық тығыздық 3 рет өлшеніп, соңында орташа арифметикалық мәні алынды. Оптикалық тығыздықты өлшеудің салыстырмалы қателігі 2 %-дан асқан жоқ (Кусаинова, 2026).

Флокуляцияның максималды мәнін қамтамасыз ететін сополимердің оңтайлы концентрациясын анықтау мақсатында көлемі 20 мл (концентрациясы 0.3 мас. %) бентонит суспензиясына 0.1; 0.3; 0.5; 0.8 және 1 мл (сәйкесінше, 2.1; 6.3; 10.4; 16.7; 20.8 мг сополимер/ грамм бентонит) сополимер ерітінділері құйылды. Сонан

соң суспензия мұқият араластырылып, ары қарай 120 минут бойы суспензияның оптикалық тығыздығы өлшенді.


Сонымен бірге, максимал флокуляцияны қамтамасыз ететін сополимердің оңтайлы мольдік құрамы да анықталды. Алынған мәліметтер бойынша суспензияны бентонит сазбалшығы бөлшектерінен тазарту дәрежесі есептелді.

Нәтижелер мен талқылаулар. 1-3 суреттерде (Кусаинова, 2026) құрамы 20:80; 50:50 және 80:20 мол. % мономерлер қоспаларынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерлерінің қатысында бентонит суспензиясының оптикалық тығыздығының сополимер концентрациясы мен уақытқа байланысты өзгерістері көрсетілген.




1 - Сополимер қосылмаған суспензия; Сополимер концентрациясы (мгСП/гБ): 2 - 2.1; 3 - 6.3; 4-10.4; 5 - 16.7 және 6 - 20.8.

Сурет 1. Құрамы 80:20 мол. % мономерлер қоспасынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің қатысында бентонит суспензиясының оптикалық тығыздығының полимер концентрациясы мен уақытқа байланысты өзгерісі.



1 - Сополимер қосылмаған суспензия; Сополимер концентрациясы (мгСП/гБ): 2 - 2.1; 3 - 6.3; 4-10.4; 5 - 16.7 және 6 - 20.8.

Сурет 2. Құрамы 50:50 мол. % мономерлер қоспасынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің қатысында бентонит суспензиясының оптикалық тығыздығының полимер концентрациясы мен уақытқа байланысты өзгерісі.




1-Сополимер қосылмаған суспензия; Сополимер концентрациясы (мгСП/гБ): 2-2.1; 3-6.3; 4-10.4; 5-16.7 және 6-20.8.

Сурет 3. Құрамы 20:80 мол. % мономерлер қоспасынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің қатысында бентонит суспензиясының оптикалық тығыздығының полимер концентрациясы мен уақытқа байланысты өзгерісі.


Тәжірибелік мәндерді талдай отырып мынадай тұжырым жасауға болады: суспензияға ТМАПМАХ-ИҚ (құрамы 20:80; 50:50 және 80:20 мол. %) сополимерін қосқанда 2.1 мг СП/гБ концентрациядан бастап суспензия бөлшектерінің флокуляциясы қарқынды жүре бастайды.

Ал синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің флокуляциялық қасиетіне оның мольдік құрамының әсерін зерттеу барысында бастапқы құрамы 50:50 моль % мономерлер қоспасынан синтезделген сополимердің флокуляциялық қасиеті басқаларына қарағанда жоғары екендігі анықталды (сурет 5). Сонда флокуляциялау тиімділігі орташа есеппен 65-70% құрады.



1 - Сополимер қосылмаған суспензия; Сополимер құрамы [ТМАПМАХ]:[ИҚ]: 2–20:80; 3–50:50 және 4–80:20 мол. %.

Сурет 4. Бентонит суспензиясының оптикалық тығыздығының ТМАПМАХ-ИҚ (концентрациясы 2.1 мг СП/гБ) сополимерінің мольдік құрамы мен уақытқа байланысты өзгерісі.




Сополимер құрамы [ТМАПМАХ]:[ИҚ]: 1 - 50:50; 2- 80:20 және 3 - 20:80 мол. %.
Сурет 5. Бентонит суспензиясындағы бөлшектердің флокуляциялану тиімділігіне сополимер құрамы мен концентрациясының әсері.

Мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылау процесінде сазбалшықты ерітінділерді қолдану технологиялық тұрғыдан қажеттілік болып табылады, дегенмен олардың жұмыс істеп болған қалдықтары қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру қауыпын тудырады. Осыған байланысты құрамында саз минералдары, тау жынысының бөлшектері, барит, полимерлік қосылыстар және кейбір жағдайларда мұнай қалдықтары кездесетін бұрғылау қалдықтарын кәдеге жарату — өндірістік шығындарды төмендетумен қатар экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын тазарту үшін механикалық сүзу, химиялық реагенттермен өңдеу және мембраналық технологиялар жиі қолданылады. Сонымен қатар, коагуляция-флокуляция әдісін енгізу арқылы қатты дисперсті бөлшектерді ірілендіріп, фазаларды тиімді ажыратуға және бұрғылау ерітінділерін қайта пайдалануға жол ашылады (Кусаинова, 2025).

Зерттеу барысында алынған ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің бентонит сазбалшығы (20 мас. %) негізіндегі бұрғылау ерітінділеріндегі қатты бөлшектерді тұндырудағы флокуляциялық белсенділігі бағаланды (6-сурет). Нәтижелер көрсеткендей, бұл сополимер жоғары тиімділікке ие реагент болып табылады (Кусаинова, 2026).

CC BY NC




Бұрғылау ерітіндісіндегі сополимердің концентрациясы (мгСП/гБ): 1-сополимер қоспағанда, 2 – 1,67; 3 – 3,34 және 4 - 8,33.

Сурет 6. 50:50 мол. % мономерлер қоспасынан синтезделген ТМАПМАХ-ИҚ сополимерінің бентонит сазбалшығы негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің флокуляциясына әсері.

МАПМАХ-ИҚ сополимерінің флокуляциялау қабілетінің жоғары болуы оның макромолекулалық құрылымының дифильдік сипатымен, яғни гидрофильдік-липофильдік тепе-теңдігінің (ГЛБ) оңтайлы мәнге ие болуымен түсіндіріледі. Флокулянт молекуласындағы полярлы функционалдық топтар бір уақытта бірнеше дисперсті бөлшекпен электростатикалық өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Ал гидрофобты көмірсутек тізбектері бөлшектер арасындағы тартылыс күшін арттырады. Осының нәтижесінде ұсақ бөлшектер бірігіп, ірі агрегаттар түзеді де, гравитациялық күш әсерінен ыдыс түбіне жылдам шөгейді (Кусаинова, 2026).

Сонымен қатар, синтезделген сополимерлерді сазбалшықты бұрғылау ерітінділерінің тиксотроптық қасиеттерін реттейтін құрылымтүзуші реагент ретінде қолдану мүмкіндігін анықтау мақсатында бентонит суспензиясының статикалық ығысу кернеуіне полимер концентрациясының әсері зерттелді. Атап айтқанда, сополимер қосылған жүйенің 1 минут (SSS^{1}) және 10 минут (SSS^{10}) тыныштықтан кейінгі статикалық ығысу кернеуінің өзгерісі анықталды (7-сурет).



а) ә)

Сурет 7. ТМАПМАХ-ИҚ сополимері концентрациясының бентонит сазбалшығы суспензиясының (20 мас. %) 1 минут (а) және 10 минут (ә) өткеннен кейінге статикалық ығысу кернеуіне әсері.

Алынған деректерден байқағанымыздай, зерттелген сополимерді 20%-дық бентонит суспензиясына енгізгенде статикалық ығысу кернеуі 2–4 есеге дейін артады. Бұл құбылыс сополимер макромолекулаларының арасында берік молекулааралық байланыстардың түзілетінін және олардың тиімді құрылымтүзуші реагенттер қатарына жататынын дәлелдейді.

Осылайша, тәжірибелік нәтижелерге сүйене отырып, ТМАПМАХ-ИҚ сополимерлерін сазбалшықты бұрғылау ерітінділерінің реологиялық (тиксотроптық) параметрлерін реттеу үшін, сондай-ақ ұңғыма қабырғаларының беріктігін арттыру мақсатында құрылымтүзуші қоспа ретінде пайдалануға болатындығы қорытындыланды (Кусаинова, 2026).

References

Abdiyev K.Zh., Kussainova G.K., Mohamad Ibrahim M.N., Zhursumbayeva M.B., Seilkhanov T.M., Shakhmetova D.N., Toktarbay Zh. (2024). A Polyampholyte based on Itaconic acid and [(3-methacryloylamino) propyl]-trimethylammonium Chloride: synthesis and study of biocidal properties. ES Materials & Manufacturing. – Vol. 25. – P. 1218. http://dx.doi.org/10.30919/esmm1218 (in Eng.).

Abdiyev K.Zh., Maric M., Orynbayev B.Y., Toktarbay Zh., Zhursumbaeva M.B., Seitkaliyeva N.Z. (2022). Flocculating properties of 2-acrylamido-2-methyl-1-propane sulfonic acid-co-allylamine polyampholytic copolymers. Polymer Bulletin. – Vol. 79(12). – P. 10741-10756. https://doi.org/10.1007/s00289-021-03994-2. (in Eng.).

Ajao V., Bruning H., Rijnaarts H., Temmink H. (2018). Natural flocculants from fresh and saline wastewater: Comparative properties and flocculation performances. Chem. Eng. J. – Vol. 349. – P. 622-632. https://doi.org/10.1016/j.cej.2018.05.123 (in Eng.).

Amor C., Marchão L., Lucas M. S., & Peres J. A. (2019). Application of Advanced Oxidation Processes for the Treatment of Recalcitrant Agro-Industrial Wastewater: A Review. Water. – Vol. 11(2). – P. 205. https://doi.org/10.3390/w11020205 (in Eng.).

Guo R.; Xie X.; Chen J. (2015). The Degradation of Antibiotic Amoxicillin in the Fenton-Activated Sludge Combined System. Environ. Technol. – Vol. 36. – P. 844-851. https://doi.org/10.1080/09593330.2014.963696 (in Eng.).

Huang M., Zhouzhou L., Aimin L., Hu Y. (2017). Dual functionality of a graft starch flocculant: Flocculation and antibacterial performance. Journal of Environmental Management. – Vol. 196. – P. 63-71. https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2017.02.078 (in Eng.).

Jiang X., Lou C., Hua F., Deng H., Tian X. (2020). Cellulose nanocrystals-based flocculants for highspeed and high-efficiency decolorization of colored effluents. Journal of Cleaner Production. – Vol. 251. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2019.119749 (in Eng.).

Kudaibergenov S.E. (2024). Polyampholytes Adv. Poly. Sci. Emerging Technol. (1st ed.). CRC Press. https://doi.org/10.1201/9781003431404 (in Eng).

References

Cao Q., Zhu H., Xu J., Zhang M., Xiao T., Xu S., Du B. (2024). Research progress in the preparation of lignin-based carbon nanofibers for supercapacitors using electrospinning technology: A review. International Journal of Biological Macromolecules. – Vol. 273. – Part 2. – P. 133037. https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2024.133037 (in Eng.).

Dai J., Li J., Wang K., Li J., Tong X., Guo D., Zhao H. (2025). Electrospinning fabrication of ethanol lignin/polyacrylonitrile composite carbon fibers for supercapacitor applications. International Journal of Biological Macromolecules. – Vol. 322. – Part 2. – P. 146743. https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2025.146743 (in Eng.).

Desidério C. S., Perini H. F., Matos B. S., Curvelo A. A. S., da Silva M. V., Oliveira C. J. F., de Morais L. C. (2026). Electrospun Poly(vinyl alcohol) Composites Containing pH-Fractionated Kraft Lignin: Structural Characterization, Biocompatibility, and Immunomodulation. ACS Omega. – Vol. 11. – No. 10. – P. 15858-15868. https://doi.org/10.1021/acsomega.5c09388 (in Eng.).

Di Martino A., Ozaltin K., Hua L. S., Prianto A. H., Syahidah, Rochima E., Farobie O., Fatriasari W. (2025). Lignin-based hydrogels for application in agriculture: A review. International Journal of Biological Macromolecules. – Vol. 306. – Part 4. – P. 141744. https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2025.141744 (in Eng.).

Guo L.-N., Gao Q., Ding J.-W., Xiong Z.-W., Chen S., Li X., Li D.-Q., Li J., Liu Z.-Q. (2025). Lignin: Dissolution, modification, and derived materials. International Journal of Biological Macromolecules. – Vol. 309. – Part 2. – P. 142748. https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2025.142748 (in Eng.).

Hossen M. S., Islam T., Hasan M. Z., Bashar M. M., Luo L., Narita F. (2026). Biomass-Derived Activated Carbon: A Promising Candidate for Multifunctional Approach Toward Sustainable Advanced Materials. Advanced Sustainable Systems. – Vol. 10. – No. 2. – P. e01559. https://doi.org/10.1002/adsu.202501559 (in Eng.).

Jang D., Lee M. E., Choi J., Cho S. Y., Lee S. (2022). Strategies for the production of PAN-based carbon fibers with high tensile strength. Carbon. – Vol. 186. – P. 644-677. https://doi.org/10.1016/j.carbon.2021.10.061 (in Eng.).

Jeon D., Sagong M., Kim M. S., Nam J. S., Park H., Kim I.-D. (2025). Electrospun Carbon Nanofibers for Clean Energy Applications: A Comprehensive Review. EcoMat. – Vol. 7. – P. e12517. https://doi.org/10.1002/eom2.12517 (in Eng.).

Jiao H., Cui M., Yuan S., Dong B., Xu Z. (2025). Carbon nanomaterials for co-removal of antibiotics and heavy metals from water systems: An overview. Journal of Hazardous Materials. – Vol. 489. – P. 137566. https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2025.137566 (in Eng.).

Karppi J., Mikkilä J., Kontro J., Kuuskeri J., Maltari R., Zhang R., Lyra C., Sipilä J., Nousiainen P., Hildén K. (2025). Desulfurization of kraft lignin by white-rot fungus Obba rivulosa. Bioresource Technology Reports. – Vol. 32. – P. 102446. https://doi.org/10.1016/j.biteb.2025.102446 (in Eng.).

Li S., Wu S., Wang Y., Jiang J., Zhang Y., Wang L. (2025). Effect of lignin extracted by different methods on the properties and structure of lignin/starch fiber membranes. Industrial Crops and Products. – Vol. 224. – P. 120400. https://doi.org/10.1016/j.indcrop.2024.120400 (in Eng.).

Martínez Cánovas P., Cito S., Medina F., Rosell-Llompart J. (2026). Organosolv Lignin-Based Electrospun Nanofibers: Stable Compositions and Morphological Insights. ACS Sustainable Chemistry & Engineering. – Vol. 14. – No. 4. – P. 1873-1883. https://doi.org/10.1021/acssuschemeng.5c09295 (in Eng.).

Parot M., Rodrigue D., Stevanovic T. (2023). Electrospinning of Softwood Organosolv Lignin without Polymer Addition. ACS Sustainable Chemistry & Engineering. – Vol. 11. – No. 2. – P. 607-616. https://doi.org/10.1021/acssuschemeng.2c05233 (in Eng.).

Shokrani Havigh R., Mahmoudi Chenari H. (2022). A comprehensive study on the effect of carbonization

temperature on the physical and chemical properties of carbon fibers. Scientific Reports. – Vol. 12. – P. 10704. https://doi.org/10.1038/s41598-022-15085-x (in Eng.).

Su J., Xing A., Hu J., Wu Y., Zhou J., Xu J., Wang X. (2026). Janus-structured wood-based evaporator: Electrospun lignin carbon nanofibers (LCNFs) with in situ Fe_3O_4 growth enable solar-driven seawater desalination and purification. Desalination. – Vol. 625. – P. 119937. https://doi.org/10.1016/j.desal.2026.119937 (in Eng.).

Wang T., Ren P., Liu Q., et al. (2026). Coal Tar Pitch-Based Porous Carbon: Synthetic Strategies and Their Applications in Energy Storage. Advanced Functional Materials. – Vol. 36. – No. 1. – P. e04092. https://doi.org/10.1002/adfm.202504092 (in Eng.).

Yan L., Huertas-Alonso A. J., Liu H., Dai L., Si C., Sipponen M. H. (2025). Lignin polymerization: Towards high-performance materials. Chemical Society Reviews. – Vol. 54. – No. 14. – P. 6634-6651. https://doi.org/10.1039/D4CS01044B (in Eng.).

Zhu Y., Chen L., Pan J., Jiang S., Wang J., Zhang G., Zhang K. (2025). Recent advances in COF-derived carbon materials: Synthesis, properties, and applications. Progress in Materials Science. – Vol. 148. – P. 101373. https://doi.org/10.1016/j.pmatsci.2024.101373 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 498-516

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.469

UDC: 678.746:546.22:620.22
IRSTI: 31.25.19

©Toktabayeva A.K.[1], Makhayeva D.N.[1]*, Rakhmetullayeva R.K.[1], Rvaidarova G.O.[2], Issenova G.D.[2], 2026.
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;
[2]Kazakh Plant Protection and Quarantine Research Institute named after Zh.Zhiyembayev, Almaty, Kazakhstan.
*E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

SYNTHESIS, STRUCTURE, AND PHYSICOCHEMICAL PROPERTIES OF SULFUR-CONTAINING COMPOSITES BASED ON ANILINE, p-PHENYLENEDIAMINE, PHENOL, AND FORMALDEHYDE

Toktabayeva Assel — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: aseltoktabayeva@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1313-8696;
Makhayeva Danelya — PhD, Senior Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: makhayeva.danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;
Rakhmetullayeva Raikhan — Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com, http://orcid.org/0000-0003-1002-2046;
Rvaidarova Gulnissam — Candidate of Biological Sciences, Kazakh Plant Protection and Quarantine Research Institute named after Zhazken Zhiyembayev, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: gulnisam@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-4260-4411;
Issenova Gulmira — Candidate of Biological Sciences, Kazakh Plant Protection and Quarantine Research Institute named after Zhazken Zhiyembayev, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: isenova-gulmira@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3608-3146.

Abstract. The synthesis and investigation of sulfur-containing polymeric and composite materials have become one of the most important research areas in polymer chemistry and materials science. The accumulation of large amounts of elemental sulfur as a by-product of the oil and gas industry necessitates the development of efficient utilisation methods. Therefore, the synthesis of new sulfur-based functional materials and the study of their properties are of considerable scientific and practical interest.

This work aimed to synthesize sulfur-containing composites based on aniline, p-phenylenediamine, phenol, and formaldehyde and to investigate their structure and physicochemical properties. Novel composite materials were obtained through

the interaction of sulfur with aniline and p-phenylenediamine, as well as with phenol and formaldehyde in an alkaline medium. In the aniline-p-phenylenediamine-sulfur system, the product yield was 73.8%, and the sulfur content was 11.12%. In the phenol-formaldehyde-p-phenylenediamine-sulfur composition, the sulfur content was found to be 7.14%. To evaluate the effect of sulfur concentration on material properties, a series of phenol–formaldehyde-sulfur composites containing 3, 5, and 7 mol of sulfur were synthesized, with sulfur contents of 9.47%, 10.58%, and 12.23%, respectively.

The structure of the obtained products was characterized using FTIR, UV-Vis, and NMR spectroscopy (^{1}H and ^{13}C NMR). The sulfur content was determined by a gravimetric method, while morphological features were examined by optical microscopy. Spectroscopic analysis confirmed the formation of C-S bonds, the preservation of aromatic structural fragments, and the incorporation of sulfur into the polymer matrix. Increasing sulfur content resulted in a colour change from light violet to dark violet and was accompanied by an increase in structural porosity.

Keywords: sulfur-containing composites, sulfur, aniline, p-phenylenediamine, phenol, formaldehyde, polymeric materials, FTIR spectroscopy, NMR spectroscopy, morphology

For citations: *Toktabayeva A.K., Makhayeva D.N., Rakhmetullayeva R.K., Rvaidarova G.O., Issenova G.D. Synthesis, Structure, and Physicochemical Properties of Sulfur-Containing Composites Based on Aniline, p-Phenylenediamine, Phenol, and Formaldehyde. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 498-516. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.469*

©Тоқтабаева Ә.Қ.[1], Махаева Д.Н.[1]*, Рахметуллаева Р.Қ.[1], Рвайдарова Г.О.[2], Исенова Г.Д.[2], 2026.

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

[2]Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан.

*E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

АНИЛИН, п-ФЕНИЛЕНДИАМИН, ФЕНОЛ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЕГИД НЕГІЗІНДЕГІ КҮКІРТҚҰРАМДЫ КОМПОЗИТТЕРДІҢ СИНТЕЗІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Тоқтабаева Әсел — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

E-mail: aseltoktabayeva@gmail.com, https://orcid.org/ 0000-0002-1313-8696;

Махаева Данэля — PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

E-mail: makhayeva.danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;

Рахметуллаева Райхан — химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

E-mail: raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com, http: // orcid.org/0000-0003-1002-2046;

Рвайдарова Гульнисам — биология ғылымдарының кандидаты, Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан,
E-mail: gulnisam@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-4260-4411;
Исенова Гульмира — биология ғылымдарының кандидаты, Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан,
E-mail: isenova-gulmira@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3608-3146.

Аннотация. Қазіргі уақытта құрамында күкірт бар полимерлік және композициялық материалдарды алу мен зерттеу полимерлер химиясы мен материалтанудың өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Мұнай және газ өнеркәсібінде элементтік күкірттің көп мөлшерде жиналуы оны тиімді кәдеге жарату жолдарын іздеуді талап етеді. Осыған байланысты күкірт негізіндегі жаңа функционалдық материалдарды синтездеу және олардың қасиеттерін зерттеу ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Жұмыстың мақсаты анилин, п-фенилендиамин, фенол және формальдегид негізіндегі күкіртқұрамды композиттерді синтездеу және олардың құрылымы мен физика-химиялық қасиеттерін зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында күкірттің анилинмен және п-фенилендиаминмен, сондай-ақ фенол және формальдегидпен сілтілік ортада әрекеттесуі нәтижесінде жаңа композиттік материалдар алынды. Анилин-п-фенилендиамин-күкірт жүйесінде алынған өнімнің шығымы 73,8 %, ал құрамындағы күкірт мөлшері 11,12 % құрады. Фенол-формальдегид-п-фенилендиамин-күкірт негізіндегі композицияда күкірттің массалық үлесі 7,14 % болды. Күкірт мөлшерінің материал қасиеттеріне әсерін анықтау мақсатында фенол–формальдегид–күкірт жүйесінде күкірттің мөлшері 3, 5 және 7 мольге дейін өзгертіліп, сәйкесінше күкірттің массалық үлесі 9,47; 10,58 және 12,23 % болатын композиттер синтезделді.

Алынған өнімдердің құрылымы мен химиялық құрамын анықтау мақсатында инфрақызыл (ИҚ), ультракүлгін (УК) және ядролық магниттік резонанс (^{1}H және ^{13}C ЯМР) спектроскопия әдістері қолданылды. ИҚ-спектроскопиялық зерттеулер барысында бастапқы компоненттерге тән функционалдық топтардың тербеліс жолақтарымен қатар, синтез нәтижесінде түзілген жаңа байланыстарға сәйкес келетін сигналдар анықталды. Атап айтқанда, C–S байланыстарының түзілуі күкірттің полимерлік құрылымға химиялық жолмен енгізілгенін көрсетті. УК-спектрлерде ароматты құрылымдарға тән жұтылу жолақтарының сақталуы композиттер құрамындағы ароматты фрагменттердің өзгеріссіз қалғанын дәлелдеді. ^{1}H және ^{13}C ЯМР спектроскопия нәтижелері синтезделген материалдардың химиялық құрылымын қосымша растауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: күкіртқұрамды композиттер, күкірт, анилин, п-фенилендиамин, фенол, формальдегид, полимерлік материалдар, ИҚ-спектроскопия, ЯМР-спектроскопия, морфология

©Токтабаева А.К.[1], Махаева Д.Н.[1]*, Рахметуллаева Р.К.[1], Рвайдарова Г.О.[2], Исенова Г.Д.[2], 2026.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан;
[2]Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений имени Ж.Жиембаева, Алматы, Казахстан.
*E-mail: Makhayeva.Danelya@kaznu.kz

СИНТЕЗ, СТРУКТУРА И ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА СЕРОСОДЕРЖАЩИХ КОМПОЗИТОВ НА ОСНОВЕ АНИЛИНА, п-ФЕНИЛЕНДИАМИНА, ФЕНОЛА И ФОРМАЛЬДЕГИДА

Токтабаева Асель — кандидат химических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: aseltoktabayeva@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1313-8696;
Махаева Данэля — PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: makhayeva.danelya@kaznu.kz, https://orcid.org/0000-0003-1250-9587;
Рахметуллаева Райхан — кандидат химических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
E-mail: raikhan.rakhmetullayeva@gmail.com, http: // orcid.org/0000-0003-1002-2046;
Рвайдарова Гульнисам — кандидат биологических наук, Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений имени Ж.Жиембаева, Алматы, Казахстан,
E-mail: gulnisam@inbox.ru, https://orcid.org/0000-0003-4260-4411;
Исенова Гульмира — кандидат биологических наук, Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений имени Ж.Жиембаева, Алматы, Казахстан,
E-mail: isenova-gulmira@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3608-3146.

Аннотация. В настоящее время получение и исследование серосодержащих полимерных и композиционных материалов является одним из актуальных направлений химии полимеров и материаловедения. Накопление значительных объемов элементарной серы в нефтегазовой промышленности требует поиска эффективных путей ее утилизации. В связи с этим синтез новых функциональных материалов на основе серы и изучение их свойств представляют научный и практический интерес.

Целью работы являлся синтез серосодержащих композитов на основе анилина, п-фенилендиамина, фенола и формальдегида, а также исследование их структуры и физико-химических свойств. В ходе исследования новые композиционные материалы были получены в результате взаимодействия серы с анилином и п-фенилендиамином, а также с фенолом и формальдегидом в щелочной среде. Для системы анилин–п-фенилендиамин–сера выход продукта составил 73,8 %, а содержание серы достигало 11,12 %. В композиции на основе фенола, формальдегида, п-фенилендиамина и серы массовая доля серы составила 7,14 %. Для оценки влияния содержания серы на свойства материалов в системе фенол–формальдегид–сера были синтезированы композиты с содержанием серы 3, 5 и 7 моль, для которых массовая доля серы составила соответственно 9,47; 10,58 и 12,23 %.

Структура полученных продуктов изучена методами инфракрасной (ИК), ультрафиолетовой (УФ) и ядерно-магнитно-резонансной (^{1}H и ^{13}C ЯМР) спектроскопии. Содержание серы определяли гравиметрическим методом, а морфологические особенности исследовали с использованием оптической микроскопии. Результаты исследований подтвердили образование связей C–S, сохранение ароматических структур и включение серы в полимерную матрицу. Установлено, что увеличение содержания серы приводит к изменению окраски материалов от светло-фиолетовой до темно-фиолетовой и сопровождается ростом пористости структуры.

Ключевые слова: серосодержащие композиты, сера, анилин, п-фенилендиамин, фенол, формальдегид, полимерные материалы, ИК-спектроскопия, ЯМР-спектроскопия, морфология

Кіріспе. Қазіргі уақытта құрамында күкірт бар полимерлік және композициялық материалдарды алу мен зерттеу полимерлер химиясы мен материалтанудың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады (Chung et al., 2013; Tarasova et al., 2021; Saini & Sandhu, 2023). Мұнай және газ өнеркәсібінің қарқынды дамуына байланысты әлемде элементтік күкірттің айтарлықтай қоры жинақталуда. Күкірт негізінен мұнайды және табиғи газды гидротазалау процестерінің жанама өнімі болып табылады (Chung et al., 2013; Song et al., 2025). Күкірт қалдықтарының көп мөлшерде жиналуы қоршаған ортаға кері әсерін тигізіп қана қоймай, оларды тиімді кәдеге жарату мәселесін де туындатады. Осыған байланысты күкіртті жоғары қосылған құны бар функционалдық материалдарға айналдыру қазіргі химия ғылымы мен технологиясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады (Parker et al., 2017; Tarasova et al., 2021; Xun et al., 2025).

Соңғы жылдары элементтік күкірт негізінде әртүрлі полимерлер мен композиттік материалдарды синтездеуге бағытталған зерттеулер қарқынды жүргізілуде. Күкірттің органикалық мономерлермен әрекеттесуі нәтижесінде алынатын материалдар жоғары химиялық тұрақтылыққа, коррозияға төзімділікке және ерекше функционалдық қасиеттерге ие болады (Tarasova et al., 2021; Saini & Sandhu, 2023; Song et al., 2025). Әсіресе кері вулканизация әдісі арқылы алынған күкіртқұрамды полимерлер ауыр металл иондарын сорбциялау, энергия сақтау жүйелері мен құрылыс материалдарын өндіру салаларында кеңінен қолданылуда (Parker et al., 2017; Crockett et al., 2022; Vlahović et al., 2025).

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілген зерттеулерде күкірттің ароматты аминдермен әрекеттесуі нәтижесінде күкіртқұрамды бояғыштар мен пигменттерді алу мүмкіндігі көрсетілген. Атап айтқанда, А.А. Мамутова мен Е.В. Балашов күкіртті бояғыштарды синтездеу және модификациялау заңдылықтарын зерттеген (Mamutova & Balashov, 2009). Кейінгі жұмыстарда күкірттің анилинмен әрекеттесуі негізінде жаңа күкіртті пигменттер алынып, олардың қасиеттері сипатталған (Nurkina et al., 2017).

Осыған байланысты анилин, п-фенилендиамин, фенол және формальдегид

негізіндегі күкіртқұрамды композиттерді синтездеу, олардың құрылымын және физика-химиялық қасиеттерін зерттеу ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады. Осы жұмыстың мақсаты күкірттің аталған ароматты қосылыстармен әрекеттесуі нәтижесінде түзілетін композиттердің синтезін жүзеге асыру, олардың құрылымын ИҚ-, УК- және ЯМР-спектроскопия әдістерімен зерттеу және күкірт мөлшерінің материал қасиеттеріне әсерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. *Материалдар:* молекулалық массасы 108,4 г/моль болатын п-фенилендиамин, анилин, фенол («Invictus»), «Ratmir» фирмасы өндірген 37%-дық формалин ерітіндісі, техникалық күкірт және натрий гидроксиді («Anvil») алдын ала тазартусыз пайдаланылды.

Күкірт, п-фенилендиамин және анилин негізіндегі композиттерді синтездеу. Араластырғышпен, кері тоңазытқышпен және термометрмен жабдықталған үш мойынды колбаға 10 г (0,0925 моль) п-фенилендиамин, 3,2 г (0,1 моль) күкірт, 4,54 мл (0,05 моль) анилин, 2 г (0,05 моль) натрий гидроксиді және 10,3 мл (0,57 моль) дистилденген су енгізілді. Синтез 115-117 °С температурада 11 сағат бойы жүргізілді. Алынған қоспа вакуумда сүзілді және 30-40 °С температурада кептірілді.

Күкірт, фенол, п-фенилендиамин және формальдегид негізіндегі композиттерді алу. Араластырғышпен, кері тоңазытқышпен және термометрмен жабдықталған үш мойынды колбаға 0,10 г (0,000925 моль) п-фенилендиамин, 9,6 г (0,3 моль) күкірт, 3,23 мл (0,12 моль) формальдегид, 9,4 г (0,1 моль) фенол және 4 г (0,1 моль) натрий гидроксиді енгізіліп, қоспа 90-95 °С температурада 2 сағат бойы үздіксіз араластырылды. Синтез аяқталғаннан кейін реакциялық қоспа бейтарап ортаға дейін дистилденген сумен жуылды. Композиция құрылымын анықтау мақсатында оның әртүрлі еріткіштердегі ерігіштігі зерттелді.

Күкірт, фенол және формальдегид негізіндегі композиттерді синтездеу. Араластырғышпен, кері тоңазытқышпен және термометрмен жабдықталған үш мойынды колбаға 9,6; 16,0 және 22,4 г (тиісінше 0,3; 0,5 және 0,7 моль) күкірт, 3,23 мл (0,12 моль) формальдегид, 9,4 г (0,1 моль) фенол және 4 г (0,1 моль) натрий гидроксиді енгізілді. Қоспа 90-95 °С температурада 2 сағат бойы үздіксіз араластырылды. Реакция аяқталған соң өнім дистилденген сумен бейтарап ортаға дейін жуылды. Алынған композициялардың құрылымын зерттеу үшін олардың әртүрлі еріткіштердегі ерігіштігі анықталды.

Физика-химиялық талдау әдістері. Алынған үлгілердің құрылымын анықтау үшін Фурье түрлендірулі JNN-ECA 400 («Jeol», Жапония) ЯМР-спектрометрі (100-400 МГц) және Carry 660 FTIR («Agilent», АҚШ) ИҚ-спектрофотометрі қолданылды. ИҚ-спектрлерді түсіру үшін үлгілер KBr-пен араластырылып, PIKE таблеткалау престің көмегімен таблеткалар дайындалды.

Синтезделген үлгілердің абсорбциялық спектрлері қалыңдығы 1 мм кварц кюветада SPECORD® 200 PLUS (Германия) спектрофотометрінде тіркелді.

Композициялық материалдардың морфологиясын зерттеу үшін Leica DM 6000 M оптикалық микроскопы пайдаланылды.

Алынған композициялардағы күкірт мөлшерін сандық анықтау. Зерттелетін заттың (өнімнің) белгілі мөлшері құрғақ немесе ерітінді күйінде дөңгелек түпті колбаға орналастырылды. Оған 4%-дық NaOH ерітіндісінің 3 тамшысы және 10 мл 30%-дық сутек асқын тотығы қосылып, колба 1 сағатқа жабық күйде қалдырылды. Кейін ерітінді қайнауға дейін қыздырылып, 20 минут бойы қайнатылды. Бұдан соң қосымша 10 мл 30%-дық сутек асқын тотығы енгізіліп, тағы 30 минут қайнатылды. Кейін 30-40 мл су қосылып, ерітінді көлемі екі есе азайғанша қайнату жалғастырылды.

Алынған ерітінді сүзгіден өткізіліп, фильтратқа 0,1 М $BaCl_2$ ерітіндісі қосылды. Нәтижесінде ақ түсті тұнба түзілді. Тұнба сүзгіден өткізіліп, құрғақ күйге дейін кептіріліп, өлшенді.

Зат құрамындағы күкірт мөлшері (1) формула бойынша есептелді.


$$W_S = \frac{(m_{BaSO4} * 32.06 * 100)}{233.4 * m_{зертт.зат}} \quad (1)$$

мұндағы $m_{зертт.зат}$ - зерттелетін үлгінің массасы (0,1 г); әдістің салыстырмалы қателігі 0,22-3,3 % аралығында болады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Күкірт негізіндегі композиттік материалдар п-фенилендиамин-анилин-күкірт, фенол-формальдегид-п-фенилендиамин-күкірт және фенол-формальдегид-күкірт жүйелерінде синтезделді. Алынған өнімдердің шығымы, күкірт мөлшері және құрылымдық ерекшеліктері спектроскопиялық әдістер арқылы зерттелді.

П-фенилендиамин (1), анилин (2) және күкірттің (3) сілтілік ортада 1,8:1:2 мольдік қатынаста әрекеттесуі нәтижесінде 1 суреттегі сызбаға сәйкес қоңыр түсті ұнтақ тәрізді композитті қосылыс алынды. Өнімнің шығымы 73,8 %, ал құрамындағы күкірт мөлшері 11,12 % болды.

Сызба 1




Сурет 1. п-фенилендиаминнің (1), анилиннің (2) және күкірттің (3) сілтілік ортадағы әрекеттесу сызбасы.

Алынған қосылыстың құрылымы ИҚ-, УК- және ЯМР-спектроскопия әдістерімен зерттелді. ИҚ-спектрде (сурет 2) 753, 827, 1173, 1235, 1369, 1453, 1509, 1599 және 3357 $см^{-1}$ аймақтарында сипаттамалық жұтылу жолақтары байқалды. Бұл жолақтар C-S, C_{ar}-N және C=C байланыстарының, сондай-ақ -CH_2,


CC BY NC

-NH- және -NH_2 функционалдық топтарының болуын көрсетеді. Атап айтқанда, 753 $см^{-1}$ аймағындағы жұтылу жолағы күкірттің органикалық фрагменттермен байланысуын дәлелдейтін C-S байланыстарына сәйкес келеді, ал 1599 және 3357 $см^{-1}$ аймақтарындағы жолақтар амин топтарының сақталғанын көрсетеді.




Сурет 2. Анилин, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың ИҚ-спектрі.

УК-спектрде (сурет 3) 265 нм аймағында жұтылу максимумы тіркелді, бұл ароматты сақинамен байланысқан және бос электрон жұбы бар топтарға тән n→π* электрондық ауысулармен түсіндіріледі.



Сурет 3. Анилин, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың ацетон еріткішіндегі УК-спектрі.


4 суретте көрсетілген ^{1}H ЯМР спектрінде δ 6,79–7,17 м.ү. аралығында байқалған мультиплетті сигналдар ароматты сақинадағы протондарға тән болды. ^{13}C ЯМР спектрінде δ 115,35; 119,33 және 129,41 м.ү. аймақтарында сигналдардың болуы қосылыс құрамында ароматты көміртек атомдарының бар екенін растады.



Сурет 4. Анилин, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың (А) ^{1}H ЯМР- және (Б)^{13}C ЯМР-спектрлері.

Келесі кезеңде п-фенилендиаминнің (1), фенолдың (4), формальдегид пен күкірттің сілтілік ортада 1,0:3,2:1,1:1,3 мольдік қатынаста әрекеттесуі нәтижесінде 5 суреттегі сызбаға сәйкес (5) қосылыс синтезделді.


Сызба 2




Сурет 5. П-фенилендиаминнің (1), фенолдың (4), формальдегидтің және күкірттің сілтілік ортадағы әрекеттесу сызбасы.

Синтез натрий гидроксиді қатысында 90-95°С температурада 2 сағат бойы жүргізілді. Нәтижесінде қою қоңыр түсті шайыр тәрізді өнім алынды. Қосылыстағы күкірттің массалық үлесі 7,14 % болды.


Алынған қосылыстың құрылымы ИҚ-, УК- және ЯМР-спектроскопия әдістерімен зерттелді. ИҚ-спектрде 691, 755, 822, 1231, 1363, 1508, 1599 және 3348 $см^{-1}$ аймақтарында жұтылу жолақтары байқалды. Бұл жолақтар C-S, C_{ar}-O, C_{ar}-N және C=C байланыстарының, сондай-ақ $-CH_2$, -OH және $-NH_2$ функционалдық топтарының болуын көрсетеді. УК-спектрде (сурет 7) 315 нм аймағында жұтылу максимумы тіркелді, бұл ароматты құрылымдағы электрондық ауысулардың күшеюімен байланысты. 8 суретте көрсетілген ^{1}H ЯМР спектрінде δ 6,78–7,17 м.ү. аралығында ароматты сақина протондарына тән мультиплетті сигналдар байқалды. ^{13}C ЯМР спектрінде δ 115,28; 119,35 және 129,43 м.ү. аймақтарындағы сигналдар ароматты көміртек атомдарының болуын растады.



Сурет 6. Фенол, формальдегид, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың ИҚ-спектрі.



Сурет 7. Фенол, формальдегид, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың УК-спектрі.




Сурет 8. Фенол, формальдегид, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі композитті материалдың (А) ^{1}Н ЯМР- және (Б)^{13}С ЯМР-спектрлері.

CC BY NC

Күкірт құрылыс материалдары, күкіртбетон және күкіртті асфальт өндірісінде кеңінен қолданылатын маңызды компонент болғандықтан, оның мөлшерін арттырудың композициялық материалдардың қасиеттеріне әсері қосымша зерттелді. Осы мақсатта фенол-формальдегид-күкірт жүйесінде күкірт мөлшері 3, 5 және 7 мольге дейін ұлғайтылып, сәйкесінше (6), (7) және (8) қосылыстары синтезделді (сызба 3, сурет 9). Реакциялар натрий гидроксиді қатысында 95-100 °С температурада 2 сағат бойы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бастапқы реакциялық қоспадағы күкірт мөлшерінің артуымен композициялардағы күкірттің массалық үлесі де жоғарылайтынын көрсетті. Атап айтқанда, күкірттің мөлшері 3 моль болған жағдайда оның композициядағы мөлшері 9,47 %, 5 моль болғанда 10,58 %, ал 7 моль болғанда 12,23 % құрады. Сонымен қатар күкірт концентрациясының артуына байланысты алынған материалдардың түсі ашық күлгіннен қою күлгін түске дейін өзгеріп, олардың морфологиялық құрылымында айқын айырмашылықтар байқалды. Бұл өзгерістер күкірттің полимерлік матрицаға ену дәрежесінің артуымен және композиция құрылымының күрделенуімен байланысты болуы мүмкін.

Сызба 3



Сурет 9. Фенолдың, формальдегидтің және күкірттің әртүрлі мольдік қатынастардағы әрекеттесу сызбасы.


Фенол, формальдегид және күкірттің 1,0:1,2:3,0 мольдік қатынаста әрекеттесуі нәтижесінде (6) қосылысы алынды. Қосылыстағы күкірттің массалық үлесі 9,47 % құрады.

Қосылыстың ИҚ-спектрінде (сурет 10) 681, 753 және 825 $см^{-1}$ аймақтарында


сипаттамалық жұтылу жолақтары тіркелді, олар күкірттің органикалық матрица құрамына енуін және C-S байланыстарының түзілуін дәлелдейді. 1004 $см^{-1}$ аймағындағы жолақ ароматты сақинадағы C-H байланыстарының жазықтықтан тыс тербелістеріне сәйкес келеді. 1141 және 1236 $см^{-1}$ аймақтарындағы жұтылу жолақтары C-O байланыстарының болуын көрсетеді. 1443 және 1588 $см^{-1}$ аймақтарындағы жолақтар ароматты сақинадағы C=C байланыстарының валенттік тербелістеріне тән. 3391 $см^{-1}$ аймағындағы кең жұтылу жолағы гидроксил топтарының болуын көрсетеді.

УК-спектрде (сурет 11) 338 нм аймағында жұтылу максимумы байқалды, бұл ароматты құрылымдағы $\pi \rightarrow \pi^*$ және $n \rightarrow \pi^*$ электрондық ауысулармен байланысты және конъюгацияланған жүйенің түзілгенін көрсетеді.


^{1}H ЯМР спектрінде δ 6,75–7,42 м.ү. аралығында орналасқан мультиплетті сигналдар ароматты сақина протондарына тән болды. ^{13}C ЯМР спектрінде δ 115,33; 119,14 және 129,35 м.ү. аймақтарында байқалған сигналдар ароматты көміртек атомдарының болуын растады (сурет 12). ИҚ-, УК- және ЯМР-спектроскопия нәтижелері алынған қосылыстың құрамында күкіртпен модификацияланған фенолдық құрылымдардың түзілгенін көрсетті.



Сурет 10. Фенол, формальдегид және күкірт (3 моль) негізіндегі композитті материалдың ИҚ-спектрі.



Сурет 11. Фенол, формальдегид және күкірт (3 моль) негізіндегі композитті материалдың УК-спектрі.




Сурет 12. Фенол, формальдегид және күкірт (3 моль) негізіндегі композитті материалдың (А) ^{1}Н ЯМР- және (Б)^{13}С ЯМР-спектрлері.

Күкірт мөлшері 5 моль болған жағдайда (7) қосылысы синтезделді. Алынған композициядағы күкірттің массалық үлесі 10,58 % құрады.


Қосылыстың ИҚ-спектрінде (сурет 13) 827 см$^{-1}$ аймағында байқалған жұтылу жолағы күкірттің органикалық құрылыммен байланысуын және C-S байланыстарының түзілуін дәлелдейді. 1001 см$^{-1}$ аймағындағы жолақ ароматты сақинадағы С–Н байланыстарының жазықтықтан тыс тербелістеріне сәйкес келеді. 1168 және 1234 см$^{-1}$ аймақтарындағы жұтылу жолақтары фенолдық құрылымға тән С-О байланыстарының болуын көрсетеді. 1468 және 1594 см$^{-1}$ аймақтарында тіркелген жолақтар ароматты сақинадағы С=С байланыстарының валенттік тербелістеріне тән. Ал 3376 см$^{-1}$ аймағындағы кең жұтылу жолағы гидроксил топтарының сақталғанын көрсетеді.

УК-спектрде (сурет 14) 301 нм аймағында жұтылу максимумы байқалды, бұл ароматты құрылымдағы электрондық ауысулардың болуын және күкірттің фенол-формальдегидті матрицамен әрекеттесу нәтижесінде конъюгацияланған жүйелердің түзілгенін көрсетеді.

ИҚ және УК-спектроскопиялық зерттеулер нәтижелері күкірттің фенол-формальдегидті матрица құрамына еніп, ароматты құрылымы сақталған жаңа композициялық материал түзілгенін дәлелдейді.



Сурет 13. Фенол, формальдегид және күкірт (5 моль) негізіндегі композитті материалдың ИҚ-спектрі.




Сурет 14. Фенол, формальдегид және күкірт (5 моль) негізіндегі композитті материалдың УК-спектрі.

Күкірт мөлшері 7 моль болған жағдайда (8) қосылысы синтезделді. Алынған композициядағы күкірттің массалық үлесі 12,23 % құрады. Күкірт мөлшерінің артуы нәтижесінде материалдың түсі қою күлгін түске өзгеріп, құрылымының күрделене түскені байқалды.

Қосылыстың ИҚ-спектрінде (сурет 15) 827 $см^{-1}$ аймағындағы жұтылу жолағы күкірттің органикалық матрицамен байланысуын және C-S байланыстарының түзілуін көрсетеді. 1001 $см^{-1}$ аймағындағы жолақ ароматты сақинадағы C-H байланыстарының жазықтықтан тыс тербелістеріне сәйкес келеді. 1125 және 1231 $см^{-1}$ аймақтарында байқалған жұтылу жолақтары фенолдық құрылымдарға тән C-O байланыстарының болуын дәлелдейді. 1453 және 1624 $см^{-1}$ аймақтарындағы жолақтар ароматты сақинадағы C=C байланыстарының валенттік тербелістеріне тән.

1737 $см^{-1}$ аймағында тіркелген жұтылу жолағы оттекті функционалдық топтардың түзілуін немесе құрылымдағы поликонденсация процесінің тереңдеуін көрсетуі мүмкін. Ал 3361 $см^{-1}$ аймағындағы кең жұтылу жолағы гидроксил топтарының сақталғанын дәлелдейді. ИҚ-спектроскопиялық зерттеу нәтижелері күкірт мөлшерінің артуымен фенол-формальдегидті матрицада құрылымдық өзгерістер жүріп, жаңа күкіртқұрамды композициялық материалдың түзілетінін көрсетті.



Сурет 15. Фенол, формальдегид және күкірт (7 моль) негізіндегі композитті материалдың ИҚ-спектрі.

Алынған композициялық материалдардың әртүрлі полярлығы бар еріткіштердегі ерігіштігі сапалық түрде зерттелді (кесте 1). Сандық ерігіштік көрсеткіштерін анықтау осы жұмыстың мақсатына кірмегендіктен, кестеде ерігіштіктің сапалық сипаттамасы ғана келтірілді. Зерттеу нәтижелері барлық синтезделген үлгілердің суда, гександа және бензолда ерімейтінін көрсетті, бұл олардың кеңістіктік торланған құрылымының қалыптасқанын және гидрофобты қасиеттерге ие екенін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер композиттердің еріткіштердегі мінез-құлқы олардың химиялық құрылымы мен функционалдық топтарының табиғатына тәуелді екенін көрсетті. Ацетонда және ішінара этил спиртінде еруі полярлы функционалдық топтардың болуымен түсіндірілсе, суда, гександа және бензолда ерімеуі материалдардың кеңістіктік торланған құрылымы мен жоғары молекулааралық әрекеттесулеріне байланысты.

Кесте 1.Алынған өнімдердің ерігіштігі.


Алынған композитті материал	**су**	**ацетон**	**этил спирті**	**гексан**	**бензол**
Анилин, п-ФДА, күкірт	Ем	Е	Ае	Ем	Ем
Фенол, формальдегид, п-ФДА, күкірт	Ем	Е	Е	Ем	Ем
Фенол, формальдегид, күкірт	Ем	Е	Ае	Ем	Ем


мұндағы, Е – ериді; Ем – ерімейді; Ае – аз ериді.

Композициялық материалдардың морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу үшін Leica DM 6000 оптикалық микроскопының көмегімен микрофотосуреттер (сурет 16) алынды. Алынған нәтижелер күкірт мөлшерінің фенол-формальдегидті композициялардың құрылымына елеулі әсер ететінін көрсетті.


Микроскопиялық зерттеулер барысында күкірт мөлшері артқан сайын композициялық материалдардың кеуектілік дәрежесінің жоғарылайтыны байқалды. Атап айтқанда, күкірт мөлшері 3 моль болған үлгілер салыстырмалы түрде біркелкі және тығыз құрылыммен сипатталса, күкірт мөлшерін 5 және 7 мольге дейін арттырғанда құрылымдағы кеуектер саны мен көлемінің ұлғаюы байқалды. Бұл құбылыс күкірттің полимерлік матрицада таралуының өзгеруімен және композицияның ішкі құрылымының қайта ұйымдасуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар күкірт концентрациясының жоғарылауымен үлгілердің түсі ашық күлгін түстен қою күлгін түске дейін өзгерді. Түстің қанықтылығының артуы композиция құрамындағы күкірт мөлшерінің өсуімен және құрылымдағы химиялық түрленулердің тереңдеуімен байланысты болуы мүмкін.





CC BY NC



Сурет 16. Күкірт мөлшері 3 моль (A), 5 моль (B) және 7 моль (C) болған фенол-формальдегидті композициялық материалдардың морфологиялық құрылымы.

Осылайша, морфологиялық зерттеулер күкірт мөлшерінің артуы композициялық материалдардың кеуектілік құрылымына және сыртқы түріне тікелей әсер ететінін көрсетті. Алынған нәтижелер күкірттің фенол-формальдегидті матрицаның құрылымдық ұйымдасуына елеулі ықпал жасайтынын дәлелдейді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде күкірт негізіндегі жаңа композиттік материалдар анилин, п-фенилендиамин, фенол және формальдегид қатысында сілтілік ортада синтезделді. Реакция жүргізу шарттарының әсері зерттеліп, күкірттің аталған органикалық қосылыстармен әрекеттесуінің оңтайлы жағдайлары анықталды. Зерттеу нәтижелері реакциялардың қышқыл ортаға қарағанда сілтілік ортада тиімді жүретінін көрсетті.

Анилин, п-фенилендиамин және күкірт негізінде алынған композит қоңыр түсті ұнтақ түрінде түзіліп, оның шығымы 73,8 %, ал құрамындағы күкірт мөлшері 11,12 % болды. Фенол, формальдегид, п-фенилендиамин және күкірт негізіндегі жүйеде қою қоңыр түсті шайыр тәрізді өнім алынды, оның құрамындағы күкірт мөлшері 7,14 % құрады.

Күкірт мөлшерінің фенол-формальдегидті жүйенің қасиеттеріне әсерін бағалау мақсатында күкірттің мөлшері 3, 5 және 7 мольге дейін арттырылды. Нәтижесінде композициялардағы күкірттің массалық үлесі сәйкесінше 9,47; 10,58 және 12,23 % құрады. Күкірт мөлшерінің артуымен материалдардың түсі ашық күлгіннен қою күлгін түске дейін өзгеріп, морфологиялық құрылымында кеуектіліктің артуы байқалды.

Синтезделген композиттердің құрылымы ИҚ-, УК- және ЯМР-спектроскопия әдістерімен зерттелді. Спектрлік талдау нәтижелері барлық үлгілерде C-S

байланыстарының түзілуін, ароматты құрылымдардың сақталуын және күкірттің полимерлік матрица құрамына енгізілгенін растады. Сонымен қатар ерігіштік зерттеулері алынған материалдардың суда, гександа және бензолда ерімейтінін, ал ацетонда жақсы еритінін көрсетті.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде құрамында күкірт бар жаңа полимерлік композиттер синтезделіп, олардың құрамы, құрылымы және негізгі физика-химиялық қасиеттері анықталды. Алынған нәтижелер күкіртті композиттік материалдарды функционалдық материалдар ретінде әрі қарай зерттеу мен қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

References

Chung W. J., Griebel J. J., Kim E. T., Yoon H., Simmonds A. G., Ji H. J., Dirlam P. T., Glass R. S., Wie J. J., Nguyen N. A., Guralnick B. W., Park J., Somogyi A., Theato P., Mackay M. E., Sung Y. E., Char K., Pyun J. (2013). The use of elemental sulfur as an alternative feedstock for polymeric materials. Nature Chemistry. – Vol. 5. – P. 518-524. https://doi.org/10.1038/nchem.1624 (in Eng.).

Crockett M. P., Evans A. M., Worthington M. J. H., Albuquerque I. S., Slattery A. D., Gibson C. T., Campbell J. A., Lewis D. A., Bernardes G. J. L., Chalker J. M. (2016). Sulfur-limonene polysulfide: A material synthesized entirely from industrial by-products and its use in removing toxic metals from water and soil. Angewantdte Chemie. – Vol. 55. – P. 1714-1718. https://doi.org/10.1002/anie.201508708 (in Eng.).

Mamutova A. A., Balashov E. V. (2009). Synthesis and modification of sulfur dyes. Russian Journal of Applied Chemistry. – Vol. 82(7). – P. 1263-1267. https://doi.org/10.1134/S1070427209070192 (in Eng.).

Nurkina A. N., Mamutova A. A., Gabbasova S. M. (2017). Preparation of sulfur pigments based on the interaction of sulfur with aniline. International Journal of Biology and Chemistry. – Vol. 10(1). – P. 78-83. https://doi.org/10.26577/2218-7979-2017-10-1-78-83 (in Eng.).

Parker D. J., Jones H. A., Petcher S., Cervini L., Akhbar A. R., Griffiths P. C., Hasell T. (2017). Low cost and renewable sulfur-polymers by inverse vulcanization and their potential for mercury capture. Journal of Materials Chemistry A. – Vol. 5(23). – P. 11682-11692. https://doi.org/10.1039/C6TA09862B (in Eng.).

Saini P., Sandhu N. (2023). A review on use of elemental sulphur in the synthesis of sulphur-based polymers. Materials Today: Proceedings. https://doi.org/10.1016/j.matpr.2023.03.047 (in Eng.).

Song H., Meng J., Jiang X. (2025). Sulfur-containing sustainable polymers: Synthetic pathways, degradation mechanisms, and multifunctional applications. National Science Review. – Vol. 12(12). – P. 1-30. https://doi.org/10.1093/nsr/nwaf475 (in Eng.).

Tarasova N. P., Zanin A. A., Krivoborodov E. G., Mezhuev Y. O. (2021). Elemental sulphur in the synthesis of sulphur-containing polymers: Reaction mechanisms and green prospects. RSC Advances. – Vol. 11(15). – P. 9008-9020. https://doi.org/10.1039/D0RA10507D (in Eng.).

Vlahović M., Tee K. F., Vušović N., Savić A., Pejić J., Đorđević N. (2025). Advanced sulfur-polymer composites for sustainable construction: Optimized production and structural performance under acidic exposure. Construction and Building Materials. – Vol. 484. – Article 141794. P. 1-15. https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2025.141794 (in Eng.).

Xun X., Jia J., Wang X.-C., Wu X., Quan Z.-J. (2025). From industrial by-products to high-value materials: Synthesizing sulfur-rich polymers for lithium–sulfur battery cathodes from the C5 fraction and sulfur. Polymer Chemistry. – Vol. 16(2). – P. 149-155. https://doi.org/10.1039/D4PY00980K (in Eng.).

Yaman B., Yıldız U. (2023). Sustainable sulfur-containing polymers: Synthesis, characterization and applications. ChemistrySelect. – Vol. 8. – P. e202204428. https://doi.org/10.1002/slct.202204428 (in Eng.).

ACADEMIC JOURNAL
OF PHYSICAL AND CHEMICAL SCIENCES
ISSN 2224-5227
Volume 3.
Number 359 (2026), 517-537

https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.470

UDC: 66.087
IRSTI: 53.49.21

©Yeshmanova G.B.*, Smagulov D.U., 2026.
Satbayev University, Almaty, Kazakhstan.
*E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com

EFFECT OF SILICON-BASED PARTICLES ON THE FORMATION AND COMPOSITION OF PEO COATINGS

Yeshmanova Gaukhar — PhD, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8707-8385;
Smagulov Dauletkhan — Doctor of Technical Sciences, Professor, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: d.smagulov@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-0599-8741.

Abstract. The present study investigated the influence of different silicon-containing particles (SiO_2 and Si_3N_4) introduced into a phosphate-based electrolyte on the formation of plasma electrolytic oxidation (PEO) coatings and the efficiency of silicon incorporation into their composition. The use of different silicon sources enables the formation of oxide coatings with a modified phase compositions and a combination of functional properties. It was demonstrated that the addition of silicon-containing particles of different types and sizes doesn't contribute to a significant increase in coating thickness or a reduction in surface porosity. It was established that the nature of silicon incorporation in coating formation strongly depends on the chemical nature and size of the particles used, the final oxidation voltage attained, and the locally high temperatures generated during electrical discharges. The most effective silicon source for the formation of silicon-containing phases was the introduction of SiO_2 nanoparticles into the electrolyte, which ensured their intensive uptake and reactive incorporation into the growing coating, resulting in the formation of mixed mullite ($Al_2O_3 \cdot nSiO_2$) phases alongside γ-Al_2O_3 at a final voltage of 495 V. In contrast, when microsized SiO_2 particles and Si_3N_4 nanoparticles were used, the local discharge temperature during PEO at a final voltage of 485 V was insufficient for the formation of silicate phases, which was attributed to the larger size of the SiO_2 particles and the high chemical stability of Si_3N_4. Furthermore, wear-resistance testing of PEO coatings containing silicon-containing particles demonstrated a high load-bearing capacity of the coatings formed using SiO_2 nanoparticles, which withstood a load of 10 N over a sliding distance of 10,000 mm.

Keywords: Plasma electrolytic oxidation (PEO), AA2024 alloy, SiO_2 and Si_3N_4 nanoparticles, mullite

Funding: *This research was supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the project Zhas Galym IRN AP25795409, "Study on surface modification of aluminum alloys by plasma electrolytic oxidation".*

For citations: *Yeshmanova G.B., Smagulov D.U. Effect of Silicon-Based Particles on the Formation and Composition of PEO Coatings. Academic Journal of Physical and Chemical Sciences. 2026. No.3. Pp. 517-537. DOI: https://doi.org/10.32014/2026.2518-1483.470*

©Ешманова Г.Б.*, Смагулов Д.У., 2026.
Сәтбаев университеті, Алматы, Қазақстан.
*E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com

КРЕМНИЙ НЕГІЗІНДЕГІ БӨЛШЕКТЕРДІҢ ПЭО ЖАБЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚҰРАМЫНА ӘСЕРІ

Ешманова Гаухар — PhD, Сәтбаев университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8707-8385;
Смагулов Даулетхан — техника ғылымдарының докторы, профессор, Сәтбаев университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: d.smagulov@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-0599-8741.

Аннотация. Осы зерттеуде фосфатты электролитке енгізілетін әртүрлі кремний құрамды бөлшектердің (SiO_2 және Si_3N_4) ПЭО жабындыларының қалыптасу үрдістеріне және кремнийдің олардың құрамына қосылу тиімділігіне әсері зерттелді. Кремнийдің әртүрлі көздерін пайдалану фазалық құрамы модификацияланған және функционалдық сипаттамаларының жиынтығына ие оксидтік жабындыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әртүрлі өлшемді кремний құрамды бөлшектердің қолдану жабындылардың қалыңдығының айтарлықтай артуына немесе беткі қабаттың кеуектілігінің төмендеуіне әкелмейтіні көрсетілді. Кремнийдің жабындылардың қалыптасуына қатысу сипаты пайдаланылатын бөлшектердің химиялық табиғаты мен өлшеміне, қол жеткізілген соңғы оксидтеу кернеуіне, сондай-ақ разрядтар аймағында жергілікті жоғары температураларға елеулі дәрежеде тәуелді екені анықталды. Кремний құрамды фазаларды қалыптастыру үшін кремнийдің ең тиімді көзі электролитке SiO_2 нано бөлшектерін енгізу болып табылады. Бұл олардың қарқынды сіңірілуін және қаптамаға реакциялық жолмен қосылуын қамтамасыз етіп, 495 В соңғы кернеуде γ-Al_2O_3 фазасымен қатар муллиттің ($Al_2O_3 \cdot nSiO_2$) аралас фазаларының түзілуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, микроөлшемді SiO_2 бөлшектері мен Si_3N_4 нано бөлшектерін қолданған кезде, ПЭО үрдісі барысында 485 В соңғы

кернеуде разрядтардың жергілікті температурасы силикатты фазалардың түзілуі үшін жеткіліксіз болғаны анықталды, бұл SiO_2 бөлшектерінің ірі өлшемімен және Si_3N_4-тің жоғары химиялық тұрақтылығымен байланысты. Бұдан басқа, кремний құрамды бөлшектер қосылған ПЭО жабындарының тозуға төзімділігін зерттеу нәтижелері SiO_2 нанобөлшектерін пайдаланып қалыптастырылған қаптамалардың жоғары жүктеме көтергіш қабілетке ие екенін көрсетті: олар 10 Н жүктемеге 10 000 мм сырғанау қашықтығында төтеп береді.

Түйін сөздер: плазмалық электролиттік оксидтеу (ПЭО), АА2024 қорытпасы, SiO_2 және Si_3N_4 нано бөлшектері, муллит

©Ешманова Г.Б.*, Смагулов Д.У., 2026.
Сатпаев университет, Алматы, Казахстан.
*E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com

ВЛИЯНИЕ ЧАСТИЦ НА ОСНОВЕ КРЕМНИЯ НА ФОРМИРОВАНИЕ И СОСТАВ ПЭО ПОКРЫТИЙ

Ешманова Гаухар — PhD, Сатпаев университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: g.yeshmanovaa@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-8707-8385;
Смагулов Даулетхан — доктор технических наук, профессор, Сатпаев университет, Алматы, Казахстан,
E-mail: d.smagulov@satbayev.university, https://orcid.org/0000-0002-0599-8741.

